Проводимые ассистентами нашей кафедры опросы выпускников в начале и по окончании цикла терапии показывают, что большой процент их испытывает затруднения во время самостоятельной работы с больными. Прежде всего, эти затруднения вызваны недостаточным объемом знаний фармакотерапии при различных соматических заболеваниях; половина всех студентов, проходящих обучение по курсу «Внутренние болезни», испытывает серьезные затруднения при контакте с пациентом, особенно «один на один», отсюда недостаточный сбор анамнеза, ошибки при выделении главных симптомов (синдромов) заболевания. Поэтому одна из главных задач преподавания – научить врача интерна действовать самостоятельно при работе с больным, в нестандартной ситуации.

Широко распространен на кафедре интерактивный метод обучения, включающий в себя, во-первых, ролевые игры по схеме «врач-пациент», когда объектом изучения в рамках определенной темы становится конкретный пациент и его клинический случай; во-вторых, взаимодействие врачей интернов и ведущих специалистов клиник по различным направлениям. Данный метод наиболее интересен для врачей интернов и выражается в виде создания интервью со специалистами клиник по наиболее актуальным проблемам терапии.

Таким образом, накопленный кафедрой терапии опыт работы по организации учебного процесса, подготовке специалистов, а также внедрение инновационных методов преподавания позволяет добиться поставленных перед университетом цели и задач по подготовке качественных врачей, конкурентоспособных и востребованных на рынке труда как внутри страны, так и за рубежом.

#### Литература

1. А.М. Абдухалыков, Г.А. Шагиева, Э.Д. Искандирова, К.А. Сартаева, Б.О. Сахова. //Инновационные направления в медицинском образовании. - В сб. материалов международного семинара «Болонский процесс и реформы в системе высшего образования Казахстана». - Туркестан, 2011 стр.103-106.

#### Түйін

*Дәрігер интерндерді дайындау барысында практикалық дағдыларды игерудің, «теориядан-практикаға» деген қағиданы іске асырудың маңызы зор. Бұл принциптерді іске асыру үшін аурудың жанында жұмыс істеу, пкешкілік кезде және жұмыстан тыс уақыттардаға кезекшіліктер, профессор –оқытушылар құрамымен бірге науқастарды қарау, интерндердің өзіндік жұмысының маңызы зор. Сонымен қатар, келешек мамандарды дайындау кезінде жаңа инновациялық компьютерлік технологияларды қолдану үлкен орын алады.*

#### Summary

*On the training of internship doctors, it is a significant to get practical skills, realization of the principle "from a theory to a practice". For accomplishment of these principles during the training of internship doctors they broadly use a work at the patient bed, work on night duty, days off and celebration days, join consultation with teacher-professor staff, independent work of doctor-internship. There is a significant role of using innovation computer technologies during a training of future specialists.*

ӘОЖ 351.382

**Ж.С.Ағманова, Ж.Кемелбекова, О.М.Ибрагимов,  
Б.Мұсабекова, А.Зиябекова, Ә.Қ.Бүркіт**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, №47 мектеп-гимназиясы, №61 жалпы орта мектебі, Шымкент, Қазақстан

### **ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА «ҚЫЗЫҚТЫ ЕСЕПТЕРДІ» ПАЙДАЛАНЫП 10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

#### Түйін

Информатика сабағында «қызықты есептерді» қарастыру негізінде оқушылардың шығармашылық қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту, өздігінен білім алуына, оқыту әдістерін өмір талаптарына сәйкестендіруге, мектептегі оқыту үдерісінің оңтайлы ерекшеліктеріне, әдістеріне, сабақтың мақсатына қарай жұмыс түрлеріне, олардың психологиялық даму ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігі, қызығушылығы, бір нәрсені қажетсінуі, ынталануы олардың интеллектуалдық қабілеттілігінің деңгейін көрсетеді. Интеллектуалдық белсенділік оқушының білім қоры мен іскерліктері арқылы ізденіп, нәтижесінде шығармашылық қабілеттілігінің дамуына негіз болады.

**Кілттік сөздер:** педагогика, мектеп, шығармашылық белсенділік, ақпараттық технология, әдіс, әдістеме, оқыту, робот, роботтехникасы, үйірме

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында болады. Ендеше біз халыққа білім беру және ғылымды дамыту, оларды реформалау ісін барынша қарқынды жолға қоюымыз керек. Өйткені ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» дегендей, еліміздің ғылым саласы да жедел қарқынмен дамып келеді. Ғылымсыз бірде-бір саланың ілгерілеуі мүмкін емес.

Адам баласы табиғатында қабілетті болады. Біреудің қабілеті жоғары, екінші біреудің қабілеті орташа немесе төмен болады. Қабілетіне қарай адам баласы өмірде көздеген арман-мақсатына жетеді. Дарынды адамның өз қабілетімен жасаған жұмысы халық тарапынан өте жоғары, орташа немесе төмен қабылдануы мүмкін. Яғни, адам жасаған жұмысы арқылы өзін көрсетеді.

Дарындылық ұғымының мәні мен мазмұнын ашуда талант, данышпандық, жеке тұлға, танымдық белсенділік, шығармашылық, қабілет ұғымдарын ажырата танып-білу маңызды болып табылады. Олар – өзара тығыз байланысып жатқан, болмыстары тым күрделі де терең болып келетін ұғымдар.

Талант – қабілеттіліктің жоғары деңгейі. Ол кез-келген жұмысты шығармашылықпен шешуді талап ететін басқашалығымен, ерекшелігімен өзгешеленетін еңбектерінің бар болуымен танылады.

Данышпандық – қоғамға тарихи маңызы бар, шығармашылықпен көрінетін дарындылықтың жоғары деңгейі деуге болады. Данышпан адам өз ісінің нәтижесінде жаңа өмір тудырады.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру, ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық қабілеттілігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарындылық туралы жазылған әдебиеттерді теориялық жағынан саралағанда күрделі дарынды тұлғаның дамуы да әр алуан. Дегенмен дарындылықтың әр алуан жолдары мен тәсілдері арасындағы ең нәтижелісі–дарынды тұлғаның жеке зерттеу тәжірибесі болып табылады.

Бір нәрсені білуге, шығармашылық іс-әрекетке ұмтылу дарынды балалардың мінездік ерекшелігі болып табылады. Олар өздерінің жеке көзқарасын айтып, жүзеге асыра алады.

Ғалымдардың пайымдауынша, зерттеулік іздену – бала дарындылығының ажырамас бөлігі.

Дарынды оқушыларды оқыту мен дамытудағы маңызды тәсіл мектептің педагогикалық үдерісіндегі оқушылар мен мұғалімдердің ынтымақтастығы.

Шығармашылық әлеует пен танымдық белсенділік дарындылықтың дамуының негізі. Дарындылықтың құрылымдық компоненттері мынадай қабілеттер жиынтығы:

- танымдық және шығармашылық мотивацияның үстем болуы;
- танымдық және шығармашылық белсенділіктің жоғары болуы;
- ой дербестігіне иелік;
- шығармашылық таным мен зерттеу жұмыстарына ұмтылыстың болуы;
- болжай білу мен алдын-ала сезу, білу мүмкіндігі;
- қызығушылықпен бастаған ісіне саналылық пен жауапкершілігі басым;
- жоғары эстетикалық өнегелік және интеллектуалдық бағасы бар және т.б.

**Белсенділік**–дарынды баланың шығармашылық іс-әрекетіндегі маңызды элемент, тұлғаның маңызды қасиеті, дарынды оқушының белгілі бір іс-әрекетте білуге, нәтижеге жетуге жетелейтін ынта-ықыласының айрықша белгісі.

Информатика сабағында қызықты есептерді қарастыру негізінде оқушылардың шығармашылық қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту, өздігінен білім алуына, оқыту әдістерін өмір талаптарына сәйкестендіруге, мектептегі оқыту үдерісінің оңтайлы ерекшеліктеріне, әдістеріне, сабақтың мақсатына қарай жұмыс түрлеріне, олардың психологиялық даму ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

А.Ғ.Қазмағамбетов белсенділікті оқушының өзіндік жұмыстарын орындаудағы маңызды қасиеті деп қарастырады.

Оқушының іс-қимыл сапасы, ерікті түрде оқу-танымдық мақсаттарды орындауға бағытталған әрекеті – белсенділіктің белгісі.

Информатиканы оқытуда «қызықты есептерді шығару» үдерісінде баланың шығармашылық іс-әрекетін, қабілеттерін дамыту мәселесіне назар аударған Қазақстандық төл ғалымдарымыз М.Ә.Құдайқұлов, Е.Ө.Жұматаева, Г.К.Нұрғалиева, М.Мұсабеков, Б.А.Тұрғынбаева, Ү.Б.Жексенбаева, А.Б.Мырзабаев, Л.Г.Дирксен, К.К.Жұмадилова, Г.Е.Нұрмұханова және т.б.

Жалпы шығармашылық деп – күнделікті емес, кез-келген жағдайларда шешімін таба білу, жаңаны ашуға ұмтылу деуге болады. Болмаса, шығармашылық деп – интеллектуалдық іс-әрекеттер арқылы объективті немесе субъективті жаңа нәрсе жасау үрдісі. Олай болса, шығармашылық тапсырмалар – оқушының өз бетінше жасайтын, қабілеттілігінің дамуына ықпал ететін жұмыстар [1-10].

Шығармашылық үдерістің мәні әркім үшін бірдей. Айырмашылығы шығармашылықтың нақты материалында, жетістіктерінің өлшемінде және оның қоғамдық мәнділігінде. Шығармашылық үдерісті үйрену үшін данышпандарды зерттеудің қажеті жоқ. Тек көрегендік танытып, өткір көзбен емес, ең бастысы ми арқылы «көре» білу керек.

Қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін өтеу талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік қабілеттілігінің дамуына жол ашу үшін шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр. Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері, сол шығармашылықтың жемісі.

«Білімдер – шығармашылықтың іргетасы, өйткені, оқушыларға жалпы кәсіби білімдерінің ең аз жиынымен қаруландырып, жоғары дәрежеде меңгертпей, оларды шығармашылыққа үйрету мүмкін емес», – дейді И.П.Волков [1-3].

Білім берудің классикалық жүйесінде оқу бағдарламалары оқушы әрекетінің репродуктивті әдістеріне негізделген. Осының салдарынан, жақсы үлгеретін оқушылардың өздері шығармашылық бағыттағы жұмыстармен кездескенде, мәселенің шешімін таппай қалады. Сол себепті, оқушыларды өнімді шығармашылық әдістеріне үйрету керек.

Шығармашылық бағытта баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру керек. Мұғалім оқушы шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісінде мыналарды ескеру керек деп ойлаймыз [4-5]:

- шығармашылық тапсырманың қызықты мазмұндық түрін ойлап табу;
- шығармашылық міндеттерді оқушыға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;
- көркемдік шешім табу, нобай құру, образ жасау үшін негіз боларлық проблемалық жағдайларды тудыра білу;

– оқушының танымдық және шығармашылық іс-әрекетін дамыту.

– шығармашылық үдерістерді фактілермен мәліметтерге педагогикалық әдістемелік тұрғыдан баға, қорытынды бере білу, теориялық практикалық тұжырымдар жасау. Осыған орай тұлғаның ақыл-ойын, ой мәдениетін, іс-әрекетін біртұтас дамыту мақсатында факультативтік курстар, үйірмелер, экскурсиялар, саяхаттар ұйымдастыру мен оны жүргізу, ұйымдастыру жолдары ғылыми негізде жүзеге асуы тиіс;

Баланың оқу әрекеті өте күрделі жан-жақты үдеріс. Ол баланың барлық әрекетін, рухани күштерін керек етеді. Баланың ақыл-ой еңбегі белсенді әрекет болуға тиісті. Сондай-ақ оқу әрекетінің белгілі құрылымы мыналар:

– оқу міндеттері; – оқу әрекеті; – бақылау (тексеріп отыру), бағалау.

Шығармашылық іс-әрекет тұрғысынан қарағанда, қажеттілік – адамның танымдық және шығармашылық белсенді ойлау әрекетін оятатын негізгі күш болып табылады деп есептейміз.

Дарынды балалар мектеп оқушыларының белгілі бір іс-әрекетте, сабақта қажеттілік болмаған жағдайда, оқуға, ізденуге деген қызығушылығы да болмайтынын тәжірибеден, күнделікті өмірден көріп жүрміз.

Информатика сабағында қызықты есептерді шығару арқылы оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істей алу әрекеті мейлінше белсенділікті, инициативаны, ізденімпаздықты, өз еркімен жүйелі жұмыс істеуді талап етеді, оны оңтайландыру, оқушының күнделікті рухани қажетіне айналдыру дарынды балалар мектебінің қазіргі кезеңдегі маңызды міндеті.

**Шығармашылық белсенділік** – мұғалім мен оқушы арасындағы ізгілік байланыстың жоғары деңгейге көтерілуімен, мұғалімнің психологиялық-педагогикалық шеберлігімен оқушының танымдық қабілеттеріне мотивациялық тұрғыда басшылық жасау нәтижесінде дамиды.

Ал, информатика сабағында оқушылардың «қызықты есептерді шығару» арқылы компьютерлік технологияны қолдана отырып, олардың шығармашылық қабілеттілігі мен белсенділігін қалыптастыру және дамыту деп – оқушылардың компьютерді пайдаланып жұмыс істеу барысында, өздігінен жоспарлау, бағдарлау, тексеру, қорытынды жасау сияқты дағдыларын қалыптастыру нәтижесінде шығармашылық қабілеттілігінің элементтерін жетілдіруді айтамыз.

Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттілігін жаңа педагогикалық технология есебіндегі компьютерлік технология негізінде дамыту мәселесінде көкейкесті мәселенің әлі де көп екеніне көз жеткізіп, психологиялық-педагогикалық тұрғыдағы негіздеуді қажет деп таптық.

Информатиканы оқытуда оқушылардың танымдық шығармашылық белсенділігін, дүние танымын, өзін басқара білу және белгілі бір білім дағдыларын қалыптастыруға ізденімпаздылық пен мақсаттылыққа өзін ұстай білу сияқты адамдық қасиеттері бойына сіңіруде өте маңызды роль атқарады. Мектеп оқушыларының 10-11 сыныптар аралығында олардың пәнге деген қызығуын арттыру; оқушыларды түрлі салалардың есептерін компьютерде шешуге қалыптастыру; мектеп оқушыларының ішінде ғылыми еңбекке бейім оқушыларды анықтау; жоғары сынып оқушыларына кәсіп тандауда көмектесу; мектепте сабақтан тыс жұмыстар, үйірмелер, факультативтердің жұмыстарын жандандыру болып табылады

Енді, информатика сабағында қолданылатын «қызықты есептерді» қарастырайық.

#### **10-сынып**

1. Берілген алманың салмағын, бір бұтақтағы алмалар санын, ағаш биіктігінің әрбір бірлігінде орналасқан бұтақтар санын және ағаш биіктігін есепке ала отырып, алмаларды нарықтық бағасы бойынша сатқаннан түскен пайданы есептеп шығаратын программа құру керек.

2. Бір жыл ішінде жүзеге асатын оқиғаның басталу мерзімі мен аяқталу мерзімі күн/ай/жыл/сағат/минут/секунд форматында белгілі деп санап отырып, оның орындалу уақытының ұзақтығын секунд арқылы есептеп шығару керек. Бір айда 30 күн бар деп қабылдау керек. Есепті шығаруға үстеме балл ретінде жылдың кәбиса жыл екенін анықтау және әрбір ай күндерінің санын нақты есептей отырып шығаруды пайдалану ұсынылады.

3. Кәдімгі тілдері бар сағаттың жұмысын бейнелейтін программа жасап шығу керек. Секундтық тілдің қозғалуына сәйкес сыртылдаған дыбыс шығарып, әрбір 30 минут сайын шартты дыбыс беруді қосып және де экранға сағат 6-дан 11-ге дейін – «Қайырлы таң», 11-ден 17-ге дейін «Қайырлы күн», 17-ден 21-ге дейін – «Қайырлы түн» деген жазуды шығарып тұрса дұрыс болады.

#### **11-сынып**

1. Шеңбер бойына 12 санды түгелдей, яғни 1,2,3,...,12 сандарын кез келген қатар орналасқан үш a,b,c сандары үшін  $b^2$ -ас 13-ке бөлінетіндей етіп орналастыруға бола ма?

2. М бүтін саны берілген. 1-ден М-ге дейінгі барлық бүтін сандардың цифрларының қосындысын анықтау керек, мысалы, М=13 болса, онда программа  $1+2+3+4+5+6+7+8+9+1+2+1+3=52$  санын беруі керек.

3. Ең кіші сан табу. Кез келген екі саннан олардың цифрларының берілген реттілігін сақтай отырып, мүмкіндігінше ең кіші сан жазып шығуға тырысу керек. Керекті сандарды программа input.dat файлынан алып, нәтижесін output.dat файлына жазып шығуы тиіс. Программаның орындалуының бір мысалын қарастырайық:

```
input.dat output.dat
45274 3345267485
33685 4444
33334444 3333
```

**1-Мысал.** Көлдердің үстінде ақ қаздардың тобы ұшты. Әрбір көлде қаздардың жартысы қонды және тағы жарты қаздар, ал қалғандары ары қарай ұшты. Барлық қаздар жеті көлге қонды. Топта қанша қаз болды?

Шешімі

Математикалық түрде есеп өте ақылды әдіспен ауызша түрде шешіледі.

Ақ қаздардың тобымен бірге барлық уақытта тағы біреуі ұшсын, Сұр қаз. Егер кейбір көлдерге  $m$  ақ қаздар және Сұр қаз ұшып келсе, онда бұл көлге қонады  $m / 2 + 1 / 2 = (m + 1) / 2$  - барлық қаздың сұрмен қоса теңдей жартысы. Сондықтан әрбір келесі көлден ұшып бара жатқан қаздардың саны теңдей екі есеге азаяды. Жеті көлден кейін ол  $2^7 = 128$  есеге кемиді, ал ұшатын бір Сұр қаз қалады. Яғни, басында 128 қаз болған, оның ішінде 127 – ақ.

Ал енді орындайық, анығырақ айтсақ, есептің шешілуі үшін тура пайымдауларды.

$x_k$  арқылы ұшып бара жатқан ақ қаздардың санын белгілейік, алда тағы  $k$  көлдер. Онда есептің шарты былай жазылады:

$$x_k - x_{k-1} = \frac{x_k}{2} + \frac{1}{2}.$$

Бұдан ( $x_k$ ) жүйесі үшін рекурренттік қатынас аламыз

$$x_k = 2 \cdot x_{k-1} + 1.$$

Осыны біле отырып, **рекурсивті процедураны** құру оңай:

```
Procedure goose(x, k : integer);
begin
  if k = 1 then writeln(x) else goose(2*x + 1, k - 1)
end;
```

Процедураға екі айнымалы ғана енгізіледі:  $x$  – қаздардың ізделінді саны;  $k$  – көлдер саны. Процедура есеп-қисаппен құрылған, қаздардың барлық 7 көлді ұшып кетті деген, демек  $x$  үшін мән енгізу керек - бір (1), ал  $k$  үшін – жеті (7). Процедурада құрылған,  $k$  саны 1-ге кемиді деп және сол кезде процедураның аяқталуының тірек шарты болып ("зәкір")  $k$  мәнді 1 теңдік шарты болады және осыдан кейін экранға қаздар санының мәнін шығару керек:

```
if k = 1 then writeln(x)
```

Тірек шарты басқаша да болуы мүмкін, егер  $k$ -ның бастапқы мәні 1 болса, онда процедураға қайтадан айналғанда  $k$  мәнін азайтпай, 1-ге үлкейту керек ( $k + 1$ ), бұл жағдайда тірек шарты  $k = 7$  болады.

Төменде осы есептің шешімінің аяқталған программасы келтірілген:

```
Program misal1;
uses WinCrt;
var
  k : integer;
Procedure goose(x, k : integer);
begin if k = 1 then write(x) else goose(2*x + 1, k - 1) end;
begin write('Көл санын енгізіңіз'); readln(k);
write('Топта болды '); goose(1, k); writeln(' қаздар') end.
```

**2-Мысал.** 10 адам кезекте қанша әдіспен тұруы мүмкін?

Бұл есепті талқылай отырып, 10 адамды кезектің 10 орынында орналастыру қажет екені түсінікті болып отыр, яғни 10 элементтен 10 бойынша орналастыру қажет -  $A_{10}^{10}$ . Ол мынаған тең:

$$A_{10}^{10} = 10 \times 9 \times 8 \times \dots \times 3 \times 2 \times 1 = 10!$$

$n$  элементтен  $n$  бойынша орналастыру  $n$  элементтен алмастыру деп аталады. Осылайша,  $n$  элементтен екі түрлі алмастыру бір-бірінен элементтер санымен емес, элементтердің орналасу ретімен ерекшеленеді. **Анықтама.**  $M = \{a_1, a_2, \dots, a_n\}$  ақырғы жиыны бар болсын.  $M$  жиынының  $n$  элементінен тұратын әрбір реттелген жиын осы жиынның алмастыруы деп аталады

Анықтамаға сәйкес  $n$  элементтен алуан түрлі алмастырулар саны төмендегіге тең:

$$P_n = A_n^n = n \cdot (n - 1) \cdot (n - 2) \cdot \dots \cdot 3 \cdot 2 \cdot 1 = n! \quad (\text{эн факториал}).$$

Ұмытпаңыздар,  $0! = 1$ .

Берілген есепті шешу үшін санның факториалын есептейтін процедурасы бар программаны құру қажет.



```
Program misal6;  
uses WinCrt;  
var n, f : longint;  
Procedure Factorial(n : integer; var f : longint);  
var  
i : integer;  
begin  
f := 1;  
if n = 0 then f := 1  
else for i := 1 to n do f := f*i end;  
begin write('Жиынның элементтер санын енгізіңіз '); readln(n);  
Factorial(n, f); writeln('Он адам кезекте ', f, ' әдіспен тұруы мүмкін') end.
```

Информатика мұғалімінің педагогикалық шеберлігі, оқу материалының түсініктілігі, мазмұндылығы, оқытуды ұйымдастырудағы тиімді әдіс-тәсілдер, мұғалім мен оқушы арасындағы жылы қарым-қатынас оқушылардың шығармашылық қабілеттілігінің дамуына үлкен септігін тигізеді.

Демек, информатика сабағының жоғары деңгейде қызықты өтуі үшін оқушылардың дамуы мен дайындығына сәйкес әр түрлі «қызықты есептерді» қарастырып, оларды шығару әдістерін қарастыру, жеке ерекшеліктерін ескеру, сабақта түрлі танымдық тапсырмаларды мейлінше кеңінен пайдалану оқушыларда оқу материалына деген қызығушылығын тудырады. Жұмыс түрлерін шығармашылық сипатқа өзгертіп, сабақтан тыс уақытта өздігінен ізденіп, белгілі бір оң нәтижеге жетуге бағыттау шығармашылық белсенділіктің дамуына негіз болады.

Қорыта айтқанда, **информатиканы оқытуда «қызықты есептер» шығару арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттілігін қалыптастыру** деп – оқушылардың қызықты есепті шығару барысында, қызықты есептерге программа құру кезінде, өздігінен жоспарлау, бағдарлау, тексеру, қорытынды жасау сияқты дағдыларын қалыптастыру нәтижесінде шығармашылық қабілеттілігінің элементтерін қалыптастыру мен жетілдіруді айтамыз.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. 5,11 (12) – сынып информатика оқулықтары. Жалпы орта білім. –Алматы: РОНД, 2015.- 368 б.
2. Интернет материалдары мен ОҚМУ оқытушыларының ПОӘК (УМКД) материалдары. 2016 ж.
3. Бидайбеков Е.Ы., Лапчик М.П., Беркімбаев К.М., Сағымбаева А.Е. Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесіне кіріспе: Оқу құралы. – Алматы, 2008. – 280 бет.
4. Қойбағарова Т.Қ., Ельтинова Р.А. Информатиканы оқыту әдістемесі: Оқу құралы. I-II-бөлім. Павлодар: ПМПИ, 2012. – I-бөлім. 195 бет. II-бөлім. 214 бет.
5. Ә.Қ.Бүркіт, С.Е.Алдешов. Информатиканы оқыту әдістемесі: Оқу құралы. Шымкент. 215 бет.

#### Резюме

*В этой статье рассматриваются методика формирования творческой активности при решении интеллектуальных и интересных задач по информатике. А также применения средств современной информационно-телекоммуникационной технологии в учебном процессе и методы реализации принципа наглядности в формировании познавательной деятельности учащихся средней общей школы Республики Казахстан.*

#### Summary

*Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.*

ӘОЖ 002:372.8

<sup>1</sup>Ж.Ағманова, <sup>1</sup>Ә.Абылқасымова, <sup>2</sup>Ж.Лесхан

<sup>1</sup>М.Әуезов атындағы ОҚМУ,

<sup>2</sup>№89 мектеп-лицей, Шымкент, Қазақстан

### ЛОГИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРҒА ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

#### Түйін

Информатика пәндік саласында пәнді оқытудың маңызды бір түрі есептер шығару болып табылады. Есеп шығару барысында, көбінесе білімді, біліктілікті, дағдыларды игеру жүзеге асырылады. Есептер жүйесін

қолдану мақсаттары нәтижелі ойдың сапасының жекелеп және біріге дамуынан, сондай-ақ, осылардан туындайтын информатика пәндік саласының материалдарының негізінде болашақ нәтижелі ойын дамытудан тұрады.

**Кілттік сөздер:** Компьютерофобия, логикалық ойлау, психологиялық заңдылық, шығармашыл тұлға.

Информатиканы оқыту мен есеп шығару әр оқушының жеке қабілеттері мен физиологиялық ерекшеліктеріне де тікелей байланысты. Осыған орай, информатиканы оқыту барысында әр оқушыға жеке көңіл аудару проблемасы туындайды. Жұмыстың мақсаты болып табылатын мәліметтердің есте жақсы сақталып отыруы белгілі. Бұл психологиялық заң информатикадан үлгерімі жақсы оқушыларға да өте тиімді қолданылады. Оларға мұғалім ұсынған программалық тілдің операторлар тобын есте сақтау қиынға соқпайды. Педагогикалық тәжірибе мен информатика пәнінің мұғалімдерімен сойлесу барысында анықталған мәліметтерге сүйенсек, оқытылып жатқан пәннің белгілі аспектітері әр жыныс өкілдерімен әртүрлі қабылданады. Бұл мәселе информатика есептерін шығаруға да қатысты.

Кейбір оқушылар, әсересе ұлдар, бұрын компьютерде ешқандай тәжірибесі болмаса да, онымен алғашқы рет таныса салысымен керемет қызығушылық пен онымен жұмыс істеу ниетін ашық көрсетеді. Бұл жерде ұлдар мен қыздардың компьютермен қарым-қатынас жасауда айырмашылық бар екендігін айта кету. Оқушы қыздарға ұстамдылық пен компьютерде ұқыпты жұмыс істеу тән болса, ал ұлдарға көбінде көшбасшы болу жақын. Көпшілікке техника мен математика ерлер айналысатын салалар болып табылады, сондықтан да ұлдардың басым бөлігі информатика мен программалық тілдерді таңдайды.

Психолог Л.И.Земцова қыздар мен ұлдардың компьютерлік техниканы қабылдау ерекшеліктеріне анықталған арнайы зерттеу жүргізді. Осы зерттеуде ұлбалалардың өндірістік қажеттілігін, компьютерге деген ұқыпты, зерделі қарауына орай олардың информатикаға жақынырақ екені анықталды. Ал қыз балалардың компьютерге (және жалпы техникаға) деген көзқарасы ұлдарға қарағанда төмен деп сипатталды. Қызбалалар компьютердің адам ағзасына деген кері әсерінен қауіптенеді. Алайда сонымен қатар олар компьютермен жұмысты әйелдерге залалды деп ойламайды. Психологтар "компьютерофобия" — компьютерге деген үрей және оларды пайдаланудан бас тарту көбіне қыз балаларда кездесетінін атап өтті[1].

Қазіргі заманғы педагогикалық ой-тұжырымдарда оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат-өмірдің барлық саласындағы белсенді шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл тұлға бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Олар:

- \* Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;
- \* Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жайында болу;
- \* Шығармашылық іс-әрекетке жағдай тудыру.

Баланың іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз –баланы ойлай білуге үйрету болып табылады. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық іс-әрекетті талап етпестен бұрын соған үйреткен дұрыс. Ойлап үйрену үшін оқушының зейінін тұрақтандыру, интеллектісін дамыту керек. Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын (шығармашылығын) дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді, іс-әрекетінің қалыптасуының өте ыңғайлы кезеңі оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту білімді, дағдыны және шеберлікті белсенді меңгеру үрдісін мақсаты бағытталған түрде басқару, оқушылар танымының қажетті әдістері мен тәсілдерін қамтамасыз етеді. Өйтседе бұл баланы қайткенде де неғұрлым ертерек логикалық «жолға» шығару дегенді көрсетпейді. Біріншіден, ойлаудың логикалық формаларын игерудің өзі ойлаудың логикалық жетілген бейнені формалары ретінде игермейінше, толық құнсыз күйде қалып отырады. Дамыған көрнекі схемалық ойлау баланы логика табалдырығына жеткізеді. Екіншіден, логикалық ойлауды игеріп болғаннан кейін, бейнелік ойлау өзінің мәнін ешбір жоғалтпайды.

Шығармашылық жаттығулар ұсынылғанда, балалардың алдында мақсатқа өзіне мәлім әрекет тәсілімен жете алмайтын проблемалық жағдаят пайда болып, ол баланың интеллектуалдық қиналуын туғызуы мүмкін. Осының барысында бала жаңа әрекет тәсілін іздестіру бағытындағы шығармашылық сипаттағы іс-әрекеттер орындауға талпынады. Шығармашылық тапсырмалар балалардың жаңа бір нәрсені ашуы, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, оқушыны өзіне тарта, баули түседі. Мектепалды даярлық балаларының логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған стандартты емес тапсырмаларды шығармашылық жаттығулар деп атаймыз. Сондықтан шығармашылық жаттығуды ұдайы жүргізе отырып біз оқушылардың тек пәнге деген қызығушылығын ғана емес, логикалық ойлауын да дамыта аламыз.

Ой әрекеті барысында адам қоршаған дүниені танып, білу үшін ерекше айқын қызметін орындайды. Бұл нақты қызметіне талдау, біріктіру, салыстыру, дерексіздендіру нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асырылады.

Талдау – бұл оймен бүтінді жіктеу немесе бүтіннен оның қырларын, әрекет не қатынас бірліктерін бөліп алу, қарапайым формадағы талдау әрқандай затты практикалық қажеттілікке орай құрама бөлшектерге ажырату. Мысалы, балаларды қандай да бір өсімдіктермен таныстыруда оның құрамын көрсетуден бастаймыз. (тамыры, сабағы, жапырағы). Талдау тәжірибелік және теориялық болып бөлінеді. Егер талдау жоғарыда айтылған ой операцияларына ұштаспаса, онда қате, механикалық сипат алады. Мұндай талдау элементтері жас балаларда көптеп кездеседі.

Біріктіру – бұл әрқилы бөлшектер, қасиеттермен әрекет қимылдарды тұтас бірлікке топтастыру. Біріктіру операциясы талдау әдістеріне қарама-қарсы. Бұл қызмет барысында жеке заттар мен құбылыстар күрделі, бүтін құбылысқа қатысы бар бөлшек, элементтер тобы ретінде қарастырылады.

Ой процесіндегі талдау мен біріктіру әрекеттері оқу жұмысында аса үлкен маңызға ие. Бала жекелеп талдау мен әріптерді тануға қол жеткізеді, ал кейін сол игерген әріптердің басын біріктіріп буын құрайды, буыннан сөз, сөзден-сөйлем, сөйлемдерді біріктіріп мәтін мазмұнын шығарады. Салыстыру – әрқандай заттар мен құбылыстардың, не олардың бөліктері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды білуге бағытталған ой әрекеті. Күнделікті тұрмыстық салыстырулар.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі. Пікір дегеніміз – ойлау формасы, мұнда бір нәрсе мақұлданады, не теріске шығарылады. Бір немесе бірнеше пікірден жаңа пікір шығаратын ойлау формасы – ой қорытындылары деп аталады [2].

Информатиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың бағдарламалық материалды оқып үйренгендей қабылдауға терең де берік білімдеріне, іс-әрекеттеріне және дағдыларына, сонымен бірге, математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты болады. Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде информатиканы сүйіп оқитын, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, біріңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, міндетті емес тапсырмалар берілуі қажет. Қазіргі кезеңдегі мектеп информатикасында әлі шешімдері табылмаған проблемалар аз емес. Соның бірі – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, кітапқа, оқуға, білім алуға деген құмарлықтарын арттыру. Осындай проблемаларды шешу мақсатында бастауыш сыныптан бастап логикалық есептерді шығару керек. Оқу еңбегінің қаруы – ой. Логикалық жеке пікір мен өзіндік талдау біртұтас. Бұл талаптар ой мен іс-әрекеттің негізгі өзегі болып келеді. Ол үшін әр адам өз орынында еңбек өнімді-лігін арттырып қана қоймай, оның сапасын қалай өсіру керектігін ойластырғаны жөн. Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш қуаты мен сенімін арттыру керек. Қолынан келетін көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт берген абзал. Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен мына компоненттерден тұрады.

1. Қабылдау
2. Түсіну
3. Есте сақтау
4. Қорыту және жүйелеу.

Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушылардың түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге қалыптастырылады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әрбір сабақ қызықты есептер мен аяқталып, логикалық есептер оқушылардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет.

### Әдебиеттер

1. Кирьякова И.В. Задачный подход в обучении основам программного обеспечения для развития продуктивного мышления будущего учителя информатики. Дисс. . канд. Пед. Наук// И.В.Кирьякова-Омск. 2007-150с.
2. Извозчиков В.А. Инфоноосферная эдукология. Новые информационные технологии обучения. СПб.: РГПУ им. Герцена, 1991.

### Резюме

*В статье рассматриваются методы углубленного обучения информатики используя логические функции и повышая интерес учащихся. Логические функции развиваются в решении интересных математических задач, а для этого нужно создать условия для деятельности учащихся.*

### Summary

*The article deals with the methods of in-depth training of computer science using logical functions and increasing the interest of students. Logical functions develop in solving interesting mathematical problems, and for this it is necessary to create conditions for the activity of students.*

**Ш.К. Байбосынова, Ж. Айтбаева, Г.Кемелбекова,  
О.М. Ибрагимов, Ә.Қ. Бүркіт, Н.Ә. Қантөре**

Мақтарал ауданы №123 орта мектебі, №80 жалпы орта мектебі, М.Маметова атындағы №35 жалпы орта мектебі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, №61 жалпы орта мектебі, Шымкент, Қазақстан

**БИОНИКА - БАЛАЛАР ӘЛЕМІНДЕ**

**Түйін**

Бұл мақалада сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылық клубтарындағы дәріс жүргізетін ұстаз машықтану сабақтарын өте тиімді және қызықты етіп жүргізуі үшін, оқушының жас ерекшеліктерін және сонымен қатар оның даралық қызығушылығын ескере отырып қазіргі ғылыми зерттеу жұмыстарының барысымен үйлестіріп отыруы керек. Сондықтан еліміздің қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу және әлемнің соңғы ғылым жаңалықтарынан хабардар ету күннен - күнге басты талапқа айналып отыр. Оқушыны жастайынан еңбекке тәрбиелеудің бірден - бір жолы, ол шығармашылық жұмыстар. Соның бірі техникалық шығармашылық жұмыс еңбектің бір түрі. Мысалы: үйірмеге қатысушы автомобиль немесе ұшақтың қарапайым моделін жобалап және оны құрастырып кәдімгі үлкен автомобиль мен ұшақтар сияқты қозғалысқа келтіруге әрекет жасайды. Ол осы моделін жүргізіп, не ұшырып ойнай отырып, оған басқа да өзгерістер ұсынуы мүмкін. Сөйтіп баланың мұндай әрекеттерінің өзі келешекте тиянақты бір нәтижеге әкеледі.

**Кілттік сөздер:** педагогика, мектеп, ақпараттық технология, әдістеме, оқыту, заманауи педагогикалық әдістер, шығармашылық қабілет.

Мәңгілік Қазақ еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Мәңгілік Елімізді 2050 жылы барысқа айналдыратын күш-бүгінгі мектеп партасында отырған бастауыш сынып оқушыларынан бастап, 13-22 жас аралығындағы жастар» -деген, яғни бүгінгі ізденуші-оқушы еліміздің әлемдік озық техникалық прогрестен қалмайтын жаңа жобаларын жасап, оны әлемдік деңгейге ұсына алатын, сенімді келешегіміз. Ол дегеніміз, қарқындаудағы қазіргі ұшқыр техникалық прогресс заманында жастардың жан-жақты білімді болуы, яғни технология пәнін оқытуда техника ғылымдарынан сауатты болуының талап етілуі. Себебі кез-келген технология сабағында техника түрлерінің жобаларына философиялық оймен талдау жасап, оған жаратылыстану ғылымдарының заңдылықтарымен қарай білу керек. Олай дейтініміз табиғатта барлық заңдылықтар өте дәлдікпен қарастырылған және бұл заңдылықтар артық не кем емес. Осыған орай ізденуші бізге белгісіз жаңа жобаларды жасауда табиғат заңдылықтарына аз да болса сүйене отырып, оған негізделген сілтемеге сүйенуі керек.

Сурет және сызбасыз жобаны бұйым ретінде дайындап шығару мүмкін емес екенін әрбір ізденуші біледі.

Жаратылыстану ғылымдарының заңдарына байланысты айта кететін жәйт, яғни оны оқып білуге оқушыларды тек қана оқулықтармен шектемей, оларға ұлы ғұламалардың даналық сөздерін және аттары аңызға айналған өнертапқыштары мен ғалымдардың жасап кеткен жаңалықтарын әр түрлі әлем деңгейіндегі жаңалықтарымен ұштастырып таныстырып отыру керек .

Ал, енді оқушыны техникалық шығармашылығына дайындауда инженерлік графика және ақпараттың технология үлкен рөл атқарады. Осыған орай инновациялық технологиялар қазіргі мектеп пен мектептен тыс шығармашылық үйірмелерінің басты сипаты болуы тиіс. Осы сипаттаудың қайнар көзі- ұстаз. Оның нәтижесі ұстаздың шығармашылығы, инновациялық зерттеу әдістері мен бір бағыттағы ғылыми ізденісінде және орта кәсіптік білім беру жүйесінің алғашқы іргетасы мектептегі техникалық шығармашылық үйірмелерінің білім беруінен қалыптасады, яғни оқушыларды техникалық шығармашылық жұмысына машықтандыру-жалпы білім берудегі маңызды буындардың бірі. Өйткені оқушы осы үйірмелердегі жасаған жұмыстарына байланысты техника салаларының бір бағытын таңдайды.

Ж. Аймауытов былай деген « Мектеп бітіріп шыққан соң, бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өмірге білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне білімдендірудің түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекке жетілуіне мықты негіз болу керек ». Яғни, мамандарды дайындаудың сапасын жоғарылату мен олардың шығармашылық қабілетін дамыту және мәдениет, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін жетік меңгеруде, яғни оқу кезеңдерінде жастарды ғылыми-шығармашылық жұмыстарға тартуға және шығармашылық бағыттарын түрлендіруге септігін тигізеді.

Мектепте берілетін білімнің көлемін түрлендіруге ақпараттық технологияны кеңінен қолдану, яғни жастардың жобалаған бұйымының негізін суреттеп, оны сызба түрінде көрсетуге инженерлік графиканы меңгеру, бағдарламамен қамтылған автоматтырылған жобалау жүйесін және оған жақын білім салаларын үйренуінің арқасында жастардың алдына жаңа өзекті мәселелер қойылады. Бұрындары бұйымды жобалауда оның сызбаларын қолмен орындауға біраз күш жұмсалатын, ал қазіргі таңда сызбалар компьютерде әртүрлі бейнеде түрлендіріліп, ізденушіге жаңа ойлар ұсынуына септігін тигізіп, оларға қосымша ғылыми жұмыстарға

араласуына мүмкіндіктер туғызады. Сөйтіп шығармашылық нәтижеге қол жеткізуде графикалық пәндерді оқып, олардың тапсырмаларын дайындау жастардың танымдық және кәсіптік оқу әрекеті оның мотивімен белсенділігін күшейтеді. Яғни, алдағы жобаланатын тапсырмаға қатысты "шығармашылық" деген түсінік зерттеушілерге байланысты әр түрлі талданылады, мысалы, ол біреуінде өзгеше құнды жұмыстың пайда болуында, ал келесінде адамның ішкі өміріндегі жаңалықтың пайда болуы, ал тағы біреуінде қозғалыс механизмінің көзі ретінде қарастырылады. Және де оқушының жеке шығармашылығымен байланыстырылуы жаңа дағдыларды ойлап тауып қалыптастыруымен және оның қабілеттілігін белгілеуге қолданылады.

Негізінен оқушылардың техниканы жобалаудағы шығармашылығы дегеніміз-жаңа жоба нәтижесімен жаңа өнім алуға септік жасайтын қызмет. Сонымен бірге ол оқушының ойлаған мәселелерін тұжырымдау және оны өз еркінше графикалық жолмен елестетіп көре білдіретін ситуациялық танып білудің жаңа деңгейі. Графикалық шығармашылық ситуация жаңа жобаны немесе жаңалықты табуда үлкен үлес қосады.

Дегенмен, әрбір ізденуші-оқушыдан бірдей дәрежеде техникалық шығармашылыққа белсенділігін керсетуін талап етуге болмайды. Осыған орай техникалық тапсырмаларды шешуде алдымен графикалық тапсырмаларды шеше отырып бұйымның конструкциясымен тапсырманы шешуге болады. Яғни сурет, сызу және сызба жұмыстары оқушының белсенділігін арттыруға бірден бір септік жасайды.

XXI ғасыр ғылым мен техниканың заманы, яғни іргелі еліміздің ірілігін, көрсетіп, дамыған елдермен иық теңестіреміз десек бүгінгі жас өскін ғылым мен техниканы меңгеруі керек деп ойлаймын. Техника саласындағы мамандарды даярлау және оларға қолдау көрсетуде өңірімізде сең қозғалды десек болады. Әрдайым өткізілетін республикалық Әл-Фараби олимпиадасы мен басқа да ғылыми-зерттеу конкурстары соның алғашқы баспалдағы. Елбасы Н. Назарбаев «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Білім және ғылым министрлігі мен Үкіметтің тиісті құрылымындарына ғылыми-техникалық оқыту бағдарламасын әзірлеп, ақша қаражатын тиімді пайдалану мен ғылыми және қолданбалы зерттеулердің қосарластығын еңсеру арқылы ғылыми, конструкторлық және технологиялық жұмыстарын сала аралық үйлестіруін нығайту қағидаттары бойынша оның іске асырылуын бақылауға алу керек» -деген болатын. Жолдауды қолдау немесе іске асыруды әр бір азамат өзінің парызы санайды .

Еліміздің Әлемдегі деңгейін жастарымыздың ғылым мен білім саласындағы сауаттылығы айқындайтыны баршамызға аян. Қазақ халқының жастары Әлемдегі техника жетістіктерін меңгеру мен қатар келешекте Қазақстан елінің өз техникаларын жобалап жасауға ұмтылыс жасаса, сол біздің бағасы жоқ жетістігіміз болар еді.

Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына жолдауларында әрдайым жастарымыздың техника саласын меңгеруін атап көрсетуде.

Сіздің және сіз басқарып отырған ұжымның елімізде болып жатқан балаларға қажетті басты шараларды баяндап және қолдап жатқандары бізді қуантады.

Әлемдегі ғылыми – техникалық прогрестің даму деңгейі туралы ойлана отырып, қазақ жастарына мына жәйттерді айтқан орынды болар деп ойлаймын.

Инженерлік мамандықтарды да терең игеретін уақыт келді. Біз басқа да мамандықтарды жаман деп айта алмаймыз. Алайда, бүгінгі күнде Қазақстан үшін білікті жас инженерлер, конструкторлар, дизайнерлер және механиктер жеткіліксіз болып отыр. Дипломы және арнайы мамандық куәлігі барлар баршылық, бірақ осы саладағы біліктілер аздау. Біздің жастарымыз ешкімнен кем емес. Олар ағылшын, жапон, қытай, неміс, француз елдерінің жастары игерген инженерлік мамандықтарды игере алады. Дүниенің түкпір-түкпірі қазақ деп ойланатын күнді жақындату керек деп, оны өзінің ғылыми-техникалық жетістіктері арқасында жақындататын нағыз инженерлер мен конструкторлар деген сенімдемін. Мысалы: Эйфель мұнарасын жобалаған әйгілі француз инженері Густав Эйфель, қайықтар мен су кемелерін жобалаудың атасы орыс инженері А.Крыловпен атақты өнертапқыш И.Кулибин сынды тұлғалар бізден шықпасына кім кепіл. Индустриалды Жапонияның дамуын мысал етіп келтірсек, бұл Күншығыс елі дүние жүзі елдерінің ғылыми-техникалық жетістіктерін өз пайдасы үшін тиімді қолдана отырып, бүгінгі жағдайға жетті.

Қазақстан барлық жағынан дамып, өркениетті елдердің қатарына қосылып келеді.

Еліміз экономикалық, әлеуметтік және саяси жағынан жаңаруын жеделдетуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауында XXI ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау саласы үшін мына жәйтті атап көрсетті.

Өскелең қазақ елінің азаматы, күннен-күнге қанаты бекіп, күшейіп келе жатқан Республиканың өмірі ағымынан шет қалмау үшін, ел басшылығының алға тартар прогресшіл саясатына барынша қолқанат болу үшін «Ұлт бесігі – Ауыл өмірі, ауыл өмірінің келешегі және басты кейіпкерлері балалар» деген оймен Республика деңгейінде ана тілімізде «Техника-балғындар әлемінде» атты балаларға арналған журналды жобалап ұйымдастырып, 2003 жылдан бастап шығара бастадық. Осы бастамаға ұлы тұлғалардың айтып кеткен ұлағатты сөздері де себеп болды. Кеңес заманында техника туралы және оларды меңгеру жолдарын үйрететін журналдар баршылық болатын. Алайда, олардың барлығы дерлік орыс немесе басқа тілдерде жарық көретін. Бұл саладағы өз ана тілімізде шығатын журналдар еліміз егемендікке ие болғаннан кейін ғана жарық көре бастаған шындық. Ал, техниканың түрлері туралы мәліметтерді топтастырып үлкен кітап етіп шығаруға да болады, бірақ ол мектеп оқушыларының басым көпшілігіне қымбатқа түседі.

Кітап дүкендеріндегі балаларға арналған техника туралы кітаптар өте қымбат және олар орыс тілінде жазылған немесе басқа тілдерден орысшаға аударылған. Осындай кітаптарды ауылдық қазақ орта мектептерінің

оқушылары алған күнде де, оны оқып түсіну өте қиынға соғады. Сондықтан, оларға техника түрлерін оқып білудегі алғашқы бас балдақ, ол қазақ тілінде жазылған және өзі арзан журнал немесе шағын кітап болуы керек.

Дуалы ауыз дана бабаларымыз «50 жылда ел жаңа» депті. Десе дегендей, кешегі қаламсап кезеңінен компьютер заманына жеттік. Алдағы 50, тағы бір 50 жыл көшімен жетер өркениетіміз тым – тым шырқау биікте! Бейне балғын бала қиялы, оның асқақ арманы жүзеге асып жатқандай.

Мәңгілік Қазақ деген халықтың болашағы үшін және ізбасар ұрпақтары мен жастарымызды қазіргі таңда және келешекте әлемдік өркениеттен - жаһанданудан қалдырмау жолында осы бастан білім мен ғылымға баулып дүниенің төрткүлінде жасалынған керемет қайталанбас техника түрлерін, оның тарихын және жасалыну жолдарын үйретуіміз керек деп ойлаймыз.

Машина прогрестің қозғалтқышы екені аян. Кез келген адам конструктор, дизайнер немесе машина жасаушы - жобалаушы бола алмайды. Бұл салаға қызыққан азаматтар ғана баруы мүмкін. Дегенмен, балалар арасынан Қазақстан елінің игілігіне қызмет ететін келешек өнертапқыштар, инженер – конструкторлар, дизайнерлер, ұшқыштар және ғарыш саласының мамандары табылуы әбден мүмкін деген сенімдемін.

Бұл журналдың мақсатына тоқталар болсақ, оның негізгі дйттегені техника салалары байынша еліміздің келешек мамандарын дайындауға септік жасау.

«Балалар - біздің болашағымыз» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Сол болашақ иелеріне заман талабына сай техника тақырыбында ой – толғау жасөспірімдеріміздің техниканың бүгіні мен ертеңіне деген қызығушылығын оятары сөзсіз. Әрине, ғылым мен техниканың жетілуін біз еліміздің дамуымен байланыстыратын боламыз. Өскелең ұрпаққа техникалардың қыр – сырын неғұрлым жете ұғындырсақ, соғұрлым олардың қызығушылығы еселей берері баршамызға аян.

Уақыт өткен сайын ғылым мен техника күн санап өсіп отыр. Әр бір уақыт өткенімен ерекшеленіп, кейінгі ұрпаққа өшпес мұраларын қалдырады. Кезінде Леонардо да Винчидің көрегендігін «ауада құс секілді ұшуға болады» деген сөзінен айқын аңғара аламыз. Леонардо да Винчидің сөзін іс жүзінде дәлелдеп, алғашқы ұшақты жасап ұшырған американдық ағайынды Уилбер мен Орвилл Райттар болса, кейіннен әлемге әйгілі азаматтар А.Можайский, Н.Жуковский, К.Циолковский, Р.Годдард, С.Королев, И.Сикорский, А.Туполев, С.Ильюшин, Г.Форд, Г.Даймлер, К.Бенц, Р.Тревитик, Дж.Стефенсон және т.б. бірнеше өнертапқыштар техника түрлерін жасап, оларды сынақтардан өткізген. Олардың өнегесін қайталап бірнеше ұрпақ өсіп жатты. Солардың алғашқысы тұңғыш ғарышкер - Ю.А.Гагарин болатын. Ол алғашқыда аэроклуб үйірмесіне қатысып, аспан әлемін танып білу шеберлігін шыңдай түсті.

Сондай – ақ, біздің ұлтымыздың мақтаныштары Т.Бигелдинов, Н.Әбдіров, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев және Ұлы Отан соғысында ұшқыш болған қазақ қызы Хиуаз Доспановалар әуеде ұшып қазақ атын шағара білді. Ал қазіргі таңда қазақ қызы Тоты Әмірова үлкен алып «Боинг» әуе кемесінің командирі. Осы жетістіктер техника саласы білімінің жемісі.

Ал еліміздің әр бір жерлерінде өздеріне қажетті миниавтомобиль, минитрактор, дельтаплан және ауылшаруашылық техникаларын жобалап жасап жатқан өнертапқыштар кездесуде.

Бүгінде жасөспірімдер мен балаларға техникалық білім берудің маңызы зор болып тұр. Себебі, өркениетті елдермен тереземізді теңестіреті біздің елдің ғылым мен техника жетістіктері екендігін жақсы білеміз. Жарыққа шыққанына көп уақыт болмаса да, көпшілік жасөспірім оқырман қауымға кеңінен тарала бастаған «Техника - балғындар әлемінде» журналының алға қойған мақсаты балғындар мен жасөспірімдердің ғылым мен техника тарихына, олардың бүгіні мен ертеңіне деген қызығушылығы мен құштарлығын арттыру мен қатар, техниканың қыр-сырын түсініп, толық меңгеруіне септігін тигізу. Ол мектеп қабырғасында оқушылардың жас деңгейіне қарамай робот техникасы, автомобиль, зымыран, ұшақ, су кемелері, тепловоз, электровоз, паровоз, радиоэлектроника, әскери техникалар мен басқа да транспорттың, сонымен қатар, олардың түрлерінің техникалық сипаттамаларымен танысу арқылы, олардың әртүрлі жоба үлгідегі модельдерін мектеп шеберханаларында немесе жас техниктер үйірмелерінде жасай отырып түйінді жұмыс істеу принциптеріне үйретуге арналған. Және де осындай үлгі модельдерді жасау арқылы балалардың логикалық ой - өрісін арттырумен қатар өз бетінше жаңа конструкцияларды ойлап табуға жәрдем етеді. Сонымен қатар олар әлемдегі «БМВ», «Боинг», «ВАЗ», «ГАЗ», «Ил», «МиГ», «Тойота», «Хонда», «Фиат», «Форд», «Су», «Ту» және т.б. көптеген өндіріс алыптарының тыныс-тіршілігімен таныс болады. Ал енді журналдағы материалдар қажетті рубрикаларға бөлініп рет-ретімен үйлестіріп жарияланып отырады.

Еліміздің бүгіні мен ертеңін ойлап болашағымызды баянды ету өз қолымызда. Ол үшін ең алдымен бүгінгі жас ұрпақ ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтарымыз техника сипаттамаларынан білімді болуы тиіс. Білімсіз ғылымды, ғылымсыз техниканы игеру мүмкін емес. Болашағымызға барар жолды бағдарлап, жастарға рухани азық беріп оларды тәрбиелеу – заман талабы. Әрине, бұл міндет алдыңғы буын ұстаз ағаларға жүктелері сөзсіз.

#### Әдебиеттер

1. Наурызбаев Қ.К., Жаңабаев Ж.Ж., Булетова Г.Қ. Оқушылардың кәсіптік білім таңдаудағы техникалық шығармашылық пен мұражайдың алатын орны. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, АИУ. «Шығармашылық мамандықтардың кәсіби педагогтарын дайындаудың тиімді бағыттары». Шымкент 2009ж.
2. И.Н.Яровой и др. Сборник задач по техническому труду. Москва. Просвещение 1996г.

### Резюме

В этой работе рассмотрены об организации внеклассных работ для детей по технике. «Техника + биология = бионика». Изобретение техники на основе бионики внеклассных занятиях. Обучение не должно сводиться к передаче и усвоению сформулированных преподавателем правил, формул, теорем. Это активный творческий поиск со стороны преподавателя и со стороны ученика. Задача преподавателя состоит в том что, чтобы в процессе передачи знаний научить учеников активным формам учения, приводящим к самостоятельному добыванию знаний по математике. Задача ученика — освоить осознанно систему знаний, умение решать самостоятельно творческие задачи.

### Summary

For realization above said before teacher stands the question is it necessary to perfect, the quality a teaching, efficient and demonstrative using of new informational technologies, as well as complex use of education facilities on mathematics lesson in the secondary school. In this article we consider the notion of the visual teaching. The visual aid probably appeared together with origin of human society, together with the need of the transmission to information on being absent at the present moment subject or phenomena. (The past speak About this before us stone drawings). Coming from these particularities of the physiologies to high nervous activity and founded on them psychologies of the human perception, pedagogy and psychology confirm that the most high quality of the assimilation is reached under direct combination of the word of the teacher and presented by the student by means of technical facilities of the education (TSO) of the scene in process of the transmission to scholastic information.

ӘОЖ 021:006.011

**Ж.К. Балымова, М.К. Кукеева, Х.К. Шамбулова**  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ КІТАПХАНАЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

### Түйін

Мақалада бүгінгі күні мәдениет пен мәдени әлеуетті дамыту, әлем халқы мен мемлекеттерінің көпшілігінің аса маңызды даму басымдықтарының қатарына кіреді. Мәдениеттің даму деңгейі, ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтау мен жинау, таратылуы мен қолданылуы, жастар арасында нисихаттау қарастырылған. Кітап мәдениет дәстүрлерін, жас ұрпақтың оқуға қажеттіліктерін қалыптастыруына байланысты кітапханалық қызмет көрсету түрлерімен ерекшеліктері, оқырмандар сұранымы және оны қанағаттандыру, оқырмандарға қызмет көрсетудің қазіргі бағыттары қарастырылады.

**Кілттік сөздер:** Мәңгілік ел, кітапхана, бір ел –бір кітап, оқу мәдениеті, жастар оқулары, жастар тәрбиесі, кітап оқуға тарту, ақпараттық мәдениет, оқу мәртебесі, оқырман.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясының қабылдауына байланысты еліміз өз дамуының мүлдем жаңа сатысына қадам басты. Елбасы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясының мәні мен мазмұнын жан-жақты ашып берді. Елбасы қалыптасқан мемлекетіміздің жаңа саяси бағдарын әлемге паш етумен қатар ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуды 2050 жылға дейінгі басты мақсат деп анықтаған. Ұлы ізденіс қана ұлы серпіліске негіз қалай алады. Осының тамаша үлгісі – Елбасының халыққа арнаған «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясының стратегиялық нақты бағдарламасын жасап көрсетті. Қазақстандық жолдың ортақ мақсаты, мүддесі, болашағы қандай қорытындымен түйінделетінін, ең бастысы қандай ел құрумен тиянақталатынын жан-жақты, диалектикалық қисынмен ашып берді, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбетін сомдады.

2017 ж. 31 қаңтардағы Президент Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» өзіндік жаңалықтарымен, жаңа идеяларымен еліміздің өсіп-өркендеуіне негіз болатын маңызды құжат болып саналады. Еліміздің өркендеуі жолында «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы әзірленуді ұсынды. Озық техника мен технологияны жетік меңгерген білікті мамандар бүгінде сұранысқа ие. Елбасының Жолдауда айтқан «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», - деп айтуының өзінде үлкен мән-мағына жатқаны айдан анық. Рухани білімнің және мәдениеттің ауадай қажеттігі, кітаптың маңыздылығы ешқашан мәнін жойған емес.

Бүгінгі күні мәдениет пен мәдени әлеуетті дамыту әлем халқы мен мемлекеттерінің көпшілігінің аса маңызды даму басымдықтарының қатарына кіреді. Мәдениеттің даму деңгейі, ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтап қалу мен байытуды, сапалы мәдени құндылықтардың жасалуын, таратылуы мен қолданылуын,

жемісті мәдени алмасу мен тұлғаның рухани-шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетуін қамтамасыз ететін, тиімді жұмыс істейтін мәдени институттар инфрақұрылымы мен тетіктерінің болуы табыстың аса маңызды критерийлерінің бірі болып табылады. Мәдениет саласындағы жетістіктер ведомстволардың, мәдениет мекемелерінің жұмыстарымен, статистиканың сандық көрсеткіштерімен және белгілі есімдермен ғана өлшенбейді. Бүгінде мәдениет – тұлғаның рухани-эстетикалық дамуының, ұлттық бірлікті қалыптастырудың және елді әлемдік қоғамдастыққа ықпалдастырудың мықты құралы. Мәдениеттің рөлін ұғынуға деген қазіргі заманғы көзқарас тұлғаның, бизнестің және тұтас мемлекеттің табысқа қол жеткізу аспектілерінің бірі ретінде қоғамның шығармашылық белсенділікке деген көзқарасы өзгеріп жататын жаңа әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастыру қажеттілігін негіздейді.

Сонымен, ХХІ ғасыр ортасына дейінгі Қазақстан халқы ұстанатын ұлттық идея қысқа да нұсқа идеологиямен анықталды: «Мәңгілік Ел» сенімді серігі – ұлттық идея. Ұлттық идеяның тарихи орнын, оның кешегі, бүгінгі, ертеңгі болмыс-бітімін анықтау үшін алдымен «ұлт», «идея» ұғым-түсініктеріне тоқтала кеткен жөн.

Ғалымдардың пікірі бойынша, «ұлт» (латынша – *nascor*) сөзі Ежелгі Римде аз халықтар деген мағынада қолданылған екен. Бүгінде «ұлт» терминіне берілген анықтамалар қисапсыз көп. Бірінде этникалық қауымдастықты білдіретіні талданса, келесінде мемлекеттің барша халқы мағынасында түсіндіріледі. Мемлекетті «ұлт» терминімен сипаттайтындар бар. Идея – грек сөзі, образ, ұғым, түсінік мағыналарында қолданылады. Атқаратын міндетіне қарай идея алуан-алуан қырымен көзге түседі. Мәселен, бірде ол сырт дүниені бейнелейтін қоғамдық сананың пішіні болса, енді бірде адамның басты сенімі орнына жүреді. Шығарманың түпкі түйіні мағынасында да қолданылатыны бар. Қазақстандық қоғамның «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін дайындаудың өзектілігі білім беру ұйымдарының ұлттық мәдениетті меңгеру, бекіту, көріну және трансляциялауына ықпал ететін білім алушы тұлғасын рухани, ұлттық теңестіру мен әлеуметтендіруге бағдарлау қажеттілігімен айқындалады. Мемлекет пен қоғам ұлттың зияткерлік әлеуетін, адамгершілік, дене дамуы мен психикалық саулығын сақтау, тапсыру және көбейтудің негізі ретінде қарастыратын білім беру ұлттық өзіндік сана тәрбиесінен ажырағысыз.

Елдегі оң өзгерістер білім беру ұйымдарындағы тәрбие қызметінің жүйесінен көрініс тапты. Қазақстандық патриотизмнің, азаматтықтың, руханилықтың саяси және адамгершілік мәнін түсіну, адамгершілік бағдарлы, әлеуметтік белсенді, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру процесі жүріп жатыр. Ұлттың жалпықазақстандық ділін, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлерін ескере отыра, зияткерлік, рухани және шығармашылық әлеуетін жаңғырту үшін жағдайлар жасалуда. Мұндай жағдайдың бірден бір себебі – нысаны балаларды және оқушы жастарды рухани, адамгершілік, патриоттық дамыту болып табылатын тәрбиені әлеуметтік құбылыс ретінде және мақсатты процесс ретінде жете бағаламау.

Сонымен, білім мазмұнын жаңарту жағдайында іс-әрекет стратегиясы ретінде басқару органдары мен білім беру ұйымдары үшін өзінің білім беру-тәрбие кеңістігінде тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін дайындау мен енгізудің объективті алғышарттары қалыптасты. Қазақстандық қоғамның Мәңгілік елге бағытталуы жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жас ұрпақты тәуелсіз Қазақстанның даму тарихының субъектісі ретінде, өзгерістердің бірыңғай маңызды факторы ретінде, жаңа идеялар мен бағдарламаларды тасымалдаушы ретінде, ерекше түрдегі әлеуметтік құндылық ретінде қабылдау миссиясын атқарады.

Қазіргі заманғы қазақстандық мәдениет ұлттың генетикалық кодының қалыптасқан тарихи-мәдени негізімен жаһандық мәдени диалогқа белсене қатысуы үшін барлық алғышарттарға ие. Ұлттың мәдени кодының негізгі құрамдас бөліктері мұра, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тіл, отбасы, өмір салты, ұлттық мерекелер болып табылады. Тіршілікке қабілетті мәдениет өзінің табиғи даму жолы мен өзгерістерін өз іргетасын сақтай отырып өтеді.

Қазақстанда 2004 жылы ұлттың тарихы мен мәдени құндылықтарын түгендеу үшін «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, жылдар бойы жүргізілді. Президенттің бастамасымен жүзеге асырылған бағдарлама арқылы біз, ең алдымен, қазақтың тарихына, салт-дәстүрі мен мәдениетіне, өнеріне қатысты құнды деректерді жинақтадық. Тарихи-мәдени ескерткіштер қалпына келтірілді. Археологиялық қазбалар жүргізіліп, бабаларымыздан қалған құнды жәдігерлерді таптық. Ескі қағидаға сүйенсек - «халық өткенін бағамдамай, болашаққа жылжи алмайды». Сондықтан дәстүр, тарих, мәдениет сияқты рухани құндылықтарға баса назар аудару қажеттігі туындауда. Осындай құнды байлық, тіл шеберлігін артғырып, сөйлеу мәдениетін үйрететін, оқырманның рухани - кітап оқуды кеңінен насихаттау мақсатында, елімізде «Бір ел - бір кітап» акциясы 2007 жылдан басталып, жыл сайын өткізіліп келеді. «Бір ел - бір кітап» акциясының мақсаты - ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұраны сақтау, сондай-ақ, жастарды отаншылдық пен өнегелілікке тәрбиелеу. Сонымен қатар, қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай дамытуына мүмкіндік туғызу болып табылады.

Алғаш рет көпшіліктің ұсынысымен жалпыұлттық оқуға Абайдың «Қара сөздері» тандалды. М. Әуезовтің «Қылы заман» повесі, Мағжан Жұмабаевтың «Жан сөзі» жыр жинағы, Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасы, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы, Фариза Оңғарсынованың «Дауа», атты жыр жинағы, И. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, С.Мұратбековтың «Жусан исі», «Басында



Үшқараның», Д.Бабатыұлының «Өсиетнама» кітабын бүкіл ел болып оқыдық. Осыған орай, республика кітапханаларында акынның шығармашылығына арналған поэзия кештері, әдеби байқаулар, кітап көрмелері, жыр сағаттары, оқу марафондары, флэш-моб, оқырмандар конференциясы, нақтырақ айтсақ екі мыңға жуық іс-шара өтті.

Жыл сайын өткізіліп отырған оқу акциясы өзінің оқырмандарға қажет екендігін, өміршендігін дәлелдеп отыр. Әдеби шығарма оқу тек қана оқу емес, ол өзінді-өзі тәрбиелеу, парасаттылыққа апарар жол іздеу. Елімізде жыл сайын өтетін «Бір ел - бір кітап» оқу акциясы өз жалғасын тауып, табысты өтіп, жазба мәдени мұраны насихаттау мен оқырмандардың кітап оқуға деген көзқарасын жақсартуда, қоғамда үлкен жетістіктерге жетіп отырғаны сөзсіз. Ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыны оқыту және насихаттау жастардың жан дүниесін әдебиетпен сусындатып, отаншылдыққа әрі өнегелікке тәрбиелеу бүгінгі күнгі басты мәселе.

Өркениеттің ең маңызды, мәңгілік парасаттың ең киелі ғимараты-кітапхана болса, кітап - адамзат мәдениетінің бірегей туындысы. «Мәдениеттілік кітап оқудан» десек, өткен тарихымыздың асыл мұралары, мәдениетіміздің інжу-маржандары жинақталған білімнің кені, даналықтың қоймасы - кітапханалардың бүгінгі таңда атқарып отырған жұмыстары маңызды орын алады. *Біздің қоғамның бай мәдени мұрасын сақтау және молайту, мәдениетті өркендету мәселесінің бүгінгі күні маңызы өте зор.*

Бүгінгі күні кітапхана қорына заманға сай жаңа технологияларды енгізу мен кітапханаға келуші көпшілік аудиториясымен қарым-қатынас мәселелеріне де үлкен назар аударылууда. Қоғам дамуына және оның мүшелері үшін осындай қажетті қызмет атқарып отырған республика кітапханаларының тарихын, олардың ғылыми-зерттеу, қор-жинақтау, мәдени-ағарту қызметтерін және қол жеткізген жетістіктері мен жіберген кемшіліктерін ғылыми тұрғыдан зерттеу, нәтижесін көрсетудің мәні зор. Кітапхана ерекшелігі – оның қызметінің негізгі табиғаты материалдық және рухани өмірдің ескерткіштері болуымен анықталады. Кітапханалық зқорлар – табиғаттағы және қоғамдық өмірдегі процестер мен оқиғалардың, құбылыстардың түпнұсқалық айғақтық жәдігерлері. Кітапхана қоры - маңызы әлеуметтік, ғылыми, мәдени, тарихи құндылығымен бағаланады. Бұл халықты «тарих арқылы тәрбиелеу», жастарды өткен замандар мен қазіргі кезеңнің мәдени құндылықтарына назар аударуға, солардан рухани нәр алуға бағытталған мақсатты жұмыстардың бір саласы болуы тиіс.

Жалпы қорыта келе, ақпараттандыру мәселесі күні кеше ғана туындаған мәселе емес. Ақпараттың ХХІ ғасырдың рухына сәйкес мазмұны да өзгереді. Қазір электронды технология, электрондық құжат, электронды іс жүргізу, Интернет жүйесі арқылы қарапайым ғана компьютерлердің көмегімен бүкіл дүниежүзі өздерінің тұрмыстық қажеттіліктерінен бастап күрделі мәселелерді де алатындай мүмкіндікке ие болды.

Қазір осы жаңа технологияның пайда болуына байланысты Қазақстандағы кітапханалар мен мұрағаттар жаңа дамуға және ақпараттық қорларын құруға, әлеуметтік-ақпараттық салада таныту керек. Кітапхана тарихы біздің халықтық тарихымен тығыз байланысты. Себебі, онда оның рухани мәдениеті мәңгілік тұрақ тапқан.

ХХІ ғасырдағы Қазақстан стратегиясы қазіргі технологиялар мен процестерді қарапайым жетілдіруден глобалды қайта құру процестеріне өтуді көздейді. Әлемнің барлық кітапханалары мен мұрағаттары ерте ме, кеш пе әйтеуір Интернетпен өзара әрекет жасауға көшеді.

Кітапхана қазіргі әлемде қоғамдық жадыны сақтаушы және жеткізуші рөлін атқарады. Олар құрған шынайы өмір моделі мәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге ықпал етеді. Міне осылайша кітапхана жеке тұлғаны әлеуметтендіру мен қатар бүкіл қоғамды мәдениеттендіруге ықпал ететін әлеуметтік-мәдени құбылыс тұрғысынан көрінеді.

Кітапхана қызметінің аумағы кең. Ол өз профилінің сақталған тарих және мәдениет ескерткіштері негізінде анықтаудан басталады. Кітапхана қорына айналған тарихи қоғамдық жадыны жинау, сақтау және оны насихаттау болып табылады. Солардың негізінде экспозициялар мен көрмелер түрінде шынайы өмір моделі жасалады. Олармен қарым-қатынас жеке тұлға мен бүкіл қоғамды әлеуметтендіру, тәрбиелеу және мәдениеттенуге ықпал етеді. Кітапханада өткізетін мәдени-ағарту шаралары оқырмандар аудиториясын кеңейте отырып, оның әрекет аумағына бүкіл қоғамды тартады.

Бүгінгі кітапхананың мақсаты, студенттерді өзбетінше білімалуға, әртүрлі ақпарат көздері мен жұмыс істей білуге үйрету, олардың бойында ізденістік, ғылыми-зерттеу қызметін дамыту. Оқырмандарды ақпараттар ағымында өзіне қажетті ақпаратты іріктей білуге үйретуде кітапханашылардың рөлі зор. Әдебиеттер мен жұмыс істей білу бұл өздігінен келмейді, ол үнемі оқуды талап етеді. Оқушыларға қойылатын жоғары талаптар олардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыруды қажететіп отыр. Ақпараттық мәдениет кітапқа оқырман назарын аудара білу, әртүрлі бағыттағы тақырыптар мен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білу.

Кітапхана - оқырмандардың ақпараттық мәдениетін дамыту орталығы. Оқырмандардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мақсатында: жаңа түскен студенттерді кітапхананың тарихы, құрылымдық бөлімдері, ресурстары және оны пайдалану ережесімен таныстыратын әңгіме-кеңестер өткізіліп тұрады. Оқырмандарға кітапхананың анықтама-библиографиялық аппаратымен, анықтама әдебиеттер қорымен жұмыс істеуде кеңестер беріледі. Оқырмандар тарапынан жоғары сұранысқа ие және бүгінгі таңдағы ең өзекті тақырыптар бойынша мерзімді басылымдар мақалаларының картотекасы ұйымдастырылған. Әдебиеттерді насихаттау үшін жаңа түсімдер шолуы, белгілі бір оқырмандар топтарына арналған тақырып шолулары белсенді қолданылады. Оқырмандарға көмекші құрал ретінде әртүрлі тақырыпта ұсыныстық-библиографиялық көрсеткіштер құрастырылады. Оқырмандарға қызмет көрсету сапасын арттыру, пайдаланушылардың

қанағаттандырылуын анықтау үшін «Кітапхана – оқырмандардың көзқарасымен», «Жастардың кітап оқуға көзқарасы» тақырыбы бойынша сауалнама, диспуттар өткізіліп тұрады.

Қазіргі кезде халықтың рухын, ар-намысын жоғарылатып тұратын қуатты күштер: іргелі экономика, әлеуметтік тұрақтылық, биік руханият, өрелі мәдениет, толыққанды тіл, озық ойлы білім, үлгілі тәлім-тәрбие, жаңаға бейімділік, бір туған халықтың ұлы мен қызын тұтас жұмылдырып тұратын биікте ортақ мақсат екендігі белгілі. Бүгінгі таңда бізге осы бір іргелі елдік биік тұғырлардың бәрінде толық меңгеру қажет болып тұр. Ол үшін сізге тағыда кітапхана өз кәусар бұлақтарын ұсынады. Халыққа біліммен тәрбие берудің кілті кітапта екені анық. Адамзат қауымының ғасырлар бойы тірнектеп жинаған ұшан теңіз өнер-білім қазынасын бойына жинап, таратушы күдірет иесі— кітап екені даусыз. Кітапхана - ғылым, мәдениет және руханият орталығы, ақыл-білім, адамгершілік, парасат – иман ордасы. Сондықтан кітапханасы бай, оқырманы сай елдің мерейі үстем болмақ.

#### Әдебиеттер

1. Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // Егемен Қазақстан. - 2017.- 31 қаңтар.
2. Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» // Егемен қазақстан. - 2014.-14 қараша.
3. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясыны жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері». ҚР Білім және ғылым министрлігі 3 қыркүйек 2014ж.
4. Назарбаев Н. "Мәдени мұра" бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама // Егемен Қазақстан .2004.-29 қараша
5. Байдарова А. Бір ел –бір кітап акциясының қоғамдық мәні // Ақиқат .- 2015.-№2.-113-115 б
6. Тәжібаева С. Жоғарғы оқу орындарындағы тәрбие жұмысының мазмұны // Қазақстан мектебі.-2015.-№1.-38-41б.

#### Резюме

*Рассмотрены вопросы сохранения и использования культурного наследия занимают в наши дни особое место во многих областях гуманитарного знания и социокультурной практики. От успешной деятельности по их решению во многом зависит сама возможность обеспечения неразрывности «связующей нити времен» в развитии общества.*

#### Summary

*The objective considered the question of preservation and use of cultural heritage occupy today a special place in many areas of the humanities and the social and cultural practices. From the success of their decision depends largely on the very possibility of ensuring continuity "connecting thread of time" in the development of society.*

ӘОЖ 378:372

Д.К. Берді - PhD, аға оқытушы

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

### ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ КӨМЕГІМЕН БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУ

#### Түйін

Мақалада цифрлық технологияның білім саласында қолданылуы туралы қарастырылады. Сондай-ақ болашақ мұғалімдерін даярлауда цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері зерделенеді. Цифрлық технологияны қолдану мысалы ретінде 3D модельдеуге үйрету мақсатында зертханалық жұмысты құрастыру қарастырылады. Цифрлық технология мұғалімдердің шеберлігін дамытуға әсер ететіндігі анықталады.

**Кілттік сөздер:** цифрлық технология, ақпараттандыру, болашақ мұғалім.

Қазақстан Республикасының Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында ел халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» тақырыбындағы жолдауында цифрлық технологияны барлық салада қолдану туралы айтылған [1]. Сондықтан да, жоғары білім берудің мақсаты - әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін кәсіби білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі тануға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, жеке және қоғамдық мүдделерді үйлестіре білетін, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру [2].

Алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттерде ақпараттық қоғамның қалыптасуы жоғары білім беру жүйесін қалыптастырудың бір жолы болып табылады: дамытушы және инновациялық әдістерді кең көлемде енгізу арқылы жеке тұлғаның креативтілік қабілетін ашуға бағытталған; қашықтықтан оқыту жүйесін дамыту

жолы мен халықтың кең көлемді сапалы білім беруге қол жетімділігін арттыру жаңа цифрлық технологиялар негізінде іске асырылады деп саналады.

Білім беруді ақпараттандыру басқа да пәндерді оқытуда пайдаланылатын ақпараттандыру әдістерін, білім беру технологиялары мен құралдарын қоғам талабына сәйкес қайта қарастыруды талап етеді. Қоғамда ақпараттың дамуы өз кезегінде электроникадан бастау алған қоғамды смарт қоғамға, ал ақпараттық технологияны цифрлық технологияға дейін дамытып отыр.

Сонымен, цифрлық технологиялардың қандай артықшылықтары бар екендігін қарастырып көрейі.

Біріншіден, цифрлық техникалар, жүйелер оңтайлы түрде жасалады, жобаланады, яғни, мұнда стандартты кілттік сұлбалар қолданылады.

Екіншіден, ақпаратты сақтау ыңғайлы, арнайы құрылғылар мен сұлбалар ақпаратты тез арада санап, ұзақ және кең көлемде сақтауға арналған.

Үшіншіден, жоғары дәлдік. Аналогты жүйелерде берілетін ақпарат, оны беруге қатысатын кернеу мен токқа, сұлбаға, оның компоненттеріне, пайда болу мүмкіншілігі бар шуылдарға тәуелді. Ал, мұнда ондай тәуелділік жоқ.

Сондықтан, цифрлық жүйелерде ақпарат жоғары дәлдікпен беріледі.

Төртіншіден, цифрлық жүйелер, құрылғылар оңай және оңтайлы түрде бағдарлама көмегімен жұмыс істей алады, яғни мұндай жүйелер арнайы командалар мен бағдарламалар көмегімен жұмыс істейді. Аналогты жүйелерде мұндай мүмкіншілік шектелген.

Бесіншіден, шуылдар мен бөгелулерге аз тәуелділігі.

Алтыншыдан, сұлбалық шешімдердің көптігі және оларды ИМС түрлерінде жасау мүмкінділігі.

Әсіресе, болашақ химия мұғалімін дайындауда цифрлық технологияның берері өте көп.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және білімгерлердің ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады. Білім беруді ұйымдастыруда оқытудың интерактивті құралдарын оңтайлы пайдалану болашақ химия мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін қалыптастыруға үлес қоса алады.

Енді болашақ химия мұғалімдерін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлауда молекулалар құрылымын 3D модельдеуге үйрету мақсатында ұсынылған зертханалық жұмыс нұсқауын ұсынамыз [3].

#### Зертханалық жұмыс 12

*Тақырыбы:* HyperChem бағдарламасында 3D-модель құру.

*Мақсаты:* HyperChem бағдарламасында молекулаларды демонстрациялау мүмкіндіктерімен танысу.

#### Қысқаша теориялық мәліметтер


HyperChem бағдарламасындағы саймандар құрамы мен бағдарлама әлеуеті молекулалардың екіөлшемді (2D) құрылымын құруға, содан соң оны үшөлшемді 3D түрге модель құрушы көмегімен түрлендіруге мүмкіндік береді. Бағдарламаны іске қосқанда дисплейлік орнатылым соңғы жұмыс сеансына сәйкес пайдаланылады. Дисплейлік орнатылым параметрлерін Display (Экран) мәзірі пунктін көмегімен таңдауға немесе өзгертуге болады.

#### Жұмыстың орындалу әдістемесі:

Молекула атомдық зарядтар немесе басқа да сипаттамалармен жазбаланған болса оны келесі тәсілмен жоюға болады:


1. Display – Labels (Этикеткалар) мәзірін ашу;
2. Атомдар, байланыстар және қалдықтар жазбасы тізімінде None (Ешнәрсе) пунктін таңдау және Ок.

Display- Colors Atom. . . мәзір командасы арқылы атомдар түсін стандартты түстен өз қалауыңызбен өзгертуіңізге болады.



Сурет 31 - Атомдар жазбасын таңдау терезесі





Сурет 35 - Balls (Шарлар) – бейнелеу түрін таңдау терезесі

Қазіргі кезде, Интернет-олимпиадалар, online-конкурстар кеңінен таралуда. Студенттер аталған іс-шараларға қатыса отырып, шығармашылық қабілеттерін ғана емес, тұрақтылық пен табандылықты да үйренеді. Өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамытады [4].

Химиялық олимпиадалар пәндік білімді насихаттайды, қосымша әдебиеттер мен ғылыми танымал әдебиеттерді зерттеуге ықпалын тигізеді, білімгерлердің химияға қызығушылығын көтереді, кәсіби қызығушылығы мен көздеуді қалыптастырады. Химиялық Интернет-олимпиадалар мен online-конкурстарды химиядан сыныптан тыс жұмыс жасаудың түрлерінің бірі ретінде қарастыруға болады.

Сонымен, біз болашақ химия мұғалімін даярлауда цифрлық технология оң нәтиже беретіндігін байқадық.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауы. //http:akorda.kz
2. Болонский процесс: концептуально-методологические проблемы качества высшего образования / под науч. ред. д-ра пед. наук, профессора В.И. Байденко. – М.:
3. Берді Д.К. Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлау (химия мамандығы материалында). Алматы, 2015. 187 б.
4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учебное пособие / под ред. Е.С.Полат. – М.: Академия, 2001. –272 с.

#### Резюме

*В статье рассматриваются возможности цифровых технологий в подготовке будущих учителей. Определяется влияние цифровых технологий на развитие мастерство учителей.*

#### Summary

*The article discusses the possibilities of digital technologies in the training of future teachers. Determine the impact of digital technology on the development of skills of teachers.*

ӘОЖ 541.13

С.Қ. Джумади

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

#### «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

**Түйін:** Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз - егемендігімізді сақтап, мұратымызға айналған «Мәңгілік ел» болу идеясын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ете білу біздің басты міндетіміз.

**Кілттік сөздер:** Мәңгілік ел, құндылық, ұлт, Елбасы, егемендік.

Қазақ халқы өзінің тарихи негізгі ұлттық құндылықтарын өзі де танып, өзгеге де танытып, ұлттық тілін құрметтеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелегенде ғана руханияты жоғары, зайырлы қоғам бола алады. Бұл – біздің басты құндылығымыз.

Әр адам өз ұлтының тәуелсіз болуын, бостандықта болуын қалайтыны ақиқат. Бұл біздің кешегі өткен бабаларымыздың асыл арманы екендігі күмәнсіз. Жалпы қазақ даласында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын іргетасы ықылым заманнан бері қаланғаны белгілі. Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк) саяси акт – «манифест» ретінде дайындап, тарих сахнасына шығаруы, әл-Фарабидің философиялық шығармасында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі және Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни Ата Заң іргетасының қалануы соның айқын көрінісі. Әсіресе Әл-Фарабидің «Қайырымды қалада» философиялық шығармасында бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталып бір жүйеге негізделген. Осы және басқа да еңбектер мәңгілік ел ұлттық идеясының қаншалықты маңызды екендігін айшықтай түседі. Егер тарих беттеріне көз жүгіртер болсақ, қаншама елдердің алға қойған нақты мақсатының болмауы себебінен және ел ішіндегі талас-тартыс нәтежесінде құрдымға кеткенін көруімізге болады. Сонымен қатар басшының кемелділігі мен халықтың бірлігі, еңбексүйгіштігі себебінен тарихтың тар жол тайғақ кешуінен елдігі бұзылмай, шаңырағы шайқалмай өткен елдер де бар екені сөзсіз. Ендеше ұлттың «Мәңгілік Ел» болып қалыптасуы үшін оның алға қойған мақсатының анық болуы және қарапайым халықтың тұрмыс тіршілігімен біте қайнасуы керек екендігін түсінеміз.

Елбасымыз «Мәңгілік Ел» идеясында Н.Ә.Назарбаев басты жеті құндылықты атап көрсетті: «Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы. Тәуелсіздік дегеніміз – елдің егемендігі, халықтың бостандығы, сана еркіндігі. Елдің аңсарлы азаттығы, елшілдік-ұлттық санасы, тарихымен қоса, рухани құндылықтары, рухы. Бұл бірнеше ғасырлар бойы халықтың армандаған қасиетті ұғымы. Арман болып жеткен тәуелсіздігімізді, ендігі жерде сақтап қалу біздің халқымыздың ең қасиетті борышы.

Екінші құндылық, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Біздің халқымыз – өзгеге қыспақ көрсетпек түгіл көмекке мұқтаж кез-келген ұлттың өкілін бауырына баса білген дана, мейірімді халық. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәттерде бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің дербестігін, тәуелсіздігін сақтап, мемлекеттігін қалпына келтіре алғандығы тарихтан да аян. Сондықтан біздің ең басты мақсатымыз – тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен көркейіп өсуі. Қасиетті тәуелсіздігімізді – мықтап ұстап тұру.

Ел дегенде, жер дегенде – білегін сыбанып, іске дайын тұратын, еліміздің жарқын болашағы үшін күресе білетін, намысты ұрпағымыз болса, қоғамымыздағы ұлттық бірліктің іргесі шайқалмаса, ұлтымыз өз әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаса Мәңгілік ел боламыз, бұл – жеңіске жетуіміздің негізгі кепілі. Міне, біздің басты байлығымыз да – осы. Рухы еркін халық қана кез-келген мәселені шеше алады, әлемдік деңгейде өз орнын таба алады.

Қазақ халқы өзінің тарихи негізгі ұлттық құндылықтарын өзі де танып, өзгеге де танытып, ұлттық тілін құрметтеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелегенде ғана руханияты жоғары, зайырлы қоғам бола алады. Бұл – біздің үшінші құндылығымыз.

Ғасырлар бойы басқыншылық-шапқыншылық, соғыстарға, отарлау езгісіне, әдейі ұйымдастырылған ашаршылық пен босқыншылықтарға, саяси қуғын-сүргіндерге және тағы басқа озбырлықтарға ұшыраса да осы күнге дейін негізгі халықтық-ұлттық ділін сақтаған қазақ ұрпақтарының ұлттық рухта тәрбиеленуі – аса зәру мәселе екендігі айқын сезіледі.

XXI ғасырдағы тәуелсіздік осы ежелден келе жатқан ұлттық идея мен ұлттық идеологияның маңызын арттыра түсті, ұлттық рухымызды асқақтатты. Мәңгілік ел болу үшін ұлттың рухын асқақтарып, тілін, дінін, тарихын, әдебиеті мен мәдениетін яғни ұлттық құндылықтарын жете зерттеп, насихаттау міндеті тұр. Өйткені, қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – әдебиеті мен мәдениеті, рухы мен тілі. Ал, «Әрбір ұлт – өзінің халқы үшін Ұлы Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде» (Ш.Айматов).

Елбасы төртінші құндылық, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім екендігіне тоқтала отырып, әрбір қазақстандықтардың әл-ауқатының жақсарып дамыған отыз елдің қатарына қосылудың бірден-бір сара жолын анықтап берді. Бесінші құндылық, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы Елбасының қазақстандық қоғамның бүгінгі, жаңа замандағы бейнесі деуге болады. Президент Н.Ә.Назарбаевтың жаңғырту үрдістерінің табыстылығын жүзеге асыратын басты қағидалардың бірі ынталандыру. Адал еңбекке ынталандырудың жолын табу, еңбек табыстарын қоғамдық ынталандырудың жүйесін құру Қазақстандағы әлеуметтік жаңғыртудың аса маңызды мәселелерінің бірі. Бұл рейтинг жүйесі. Әркім атқарған еңбегіне орай және көрсеткен нәтижесіне қарай бағалануы заңдылық. Адал еңбек еткен ғана бақытты болмақ

Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; «Өз тарихын, өз философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай да мәдениеттің дамуы мүмкін емес», - дейді көрнекті түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилев. Шындығында, өз елінің тарихын, философиясын білу, ұлттық құндылықтарын зерттеу, солар арқылы ұлттық идеологияны қалыптастыру, жас ұрпақты ұлттық рухта

тәрбиелеу, оны ұрпақ санасына сіңіру елдің, ердің басты мұраты. Еліміздің сан ғасырлық дәстүрін, ата-баба салтын, әдебиеті мен өнерін өзінің бар болмысымен сақтай отырып, оларды әлемдік өркениет өрісіне қарай өрістетте отырып, мәңгілік ел болу идеясын ұсынды. «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені, ол-ұлтымыздың анасы». «Толыққанды тілсіз – толыққанды ұлт болуы мүмкін емес». Ана тіліміз – біздің бүгінгіміз үшін де, ертеңіміз үшін де мәңгіліктің тілі. Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан - 2050» Стратегиясын жариялаған Жолдауында айқын атап көрсеткеніндей: «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз». Түпкі мұрат – тәуелсіз елімізді Мәңгілік Ел ету. Жетінші құндылық, бұл-еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Қазақстан егемен ел ретінде дамудың алғашқы күндерінен бастап жаһандық деңгейде де, өңірлік деңгейде де жауапты саясат жүргізіп келеді. Қазақстанның барлық бастамалары, Президентіміз ұйытқы болған бастамалар әлемдік қоғамдастық тарапынан кеңінен қолдау тапты. Еліміз өзінің шешімдерімен және белсенді қызметімен жаһандық және өңірлік қауіпсіздікке орасан зор үлес қосты. Оны қару-жарақты еселеп көбейту және басқа елдерге қатер төндіру есебінен емес, ашықтық, тең құқықты әлемдік ынтымақтастық, жасампаздық және басқа елдермен сындарлы үнқатысу орнату арқылы айғақтауда.

Елбасымыздың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізгі құндылықтарын баса айтып, соның ішінде еліміздің елдігін, тәуелсіздігін сақтау әрбір азаматтың қасиетті борышы екендегін көрсетті. Ел дегенде, жер дегенде – білегін сыбанып, іске дайын тұратын, еліміздің жарқын болашағы үшін күресе білетін, намысты ұрпақ еліміздің егемендігі сақтаудың кепілі болатынын жеткізді. Жоғарыда келген негізгі басымдықтардың бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Елбасы атап өткендей, әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Елбасымыздың әр сөзі келер күнге деген сенімімізді ұштап, селолық округ әкімдерінің жауапкершілігін, ауыл-ел алдындағы парызын нықтай түсті. Ендігі міндет – Елбасы жүктеген міндеттерді орындау мақсатында бірлесе еңбек атқару. Ең басты міндет ретінде белгіленген - әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру – Қазақстан жастарының мойнына жүктелер үлкен міндет болмақ. Біз, жасотандықтар, өз білімімізбен, жаңашылдыққа деген құштарлығымызбен осы мұратқа лайық болуға, соның талабына жауап беруге тиіспіз. Сонда, «Қазақстан-2050» Стратегиясын орындау қолымыздан келеді. Қазіргі таңда еліміздегі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырушы да, жемісін көруші де – Біз, жастар. Сондықтан, өзімізге артылып жатқан сенімді үлкен жауапкершілікпен ақтауға міндеттіміз. Елбасының жастар саясаты дамуын нақтылай түскені – жастарға үлкен сенім артқаны деп қабылдаймыз.

#### Әдебиеттер

1. Б.Михеев Оңтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газет №195 3 желтоқсан, 2015
2. Ә.Нұржігітұлы Оңтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газет №205 21 желтоқсан, 2015
3. Ә.Есенбеков Оңтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газет №206-207 24 желтоқсан, 2015

#### Резюме

*Казахский народ в своем историческом ядре содержит познание национальных ценностей, уважение к родному языку, также признавать и уважать другой национальный язык, чтобы показать только в воспитании молодого поколения в духе национальной духовности может быть светским обществом. Это наш самый большой актив.*

#### Summary

*Kazakhskiy narod v svoem istoricheskom yadre natsional'nyye tsennosti takzhe priznavat' i uvazhat' drugoy natsional'nyy yazyk, chtoby pokazat' tol'ko v vospitanii molodogo pokoleniya v dukhe natsional'noy dukhovnosti mozhet byt' svetskim obshchestvom. Eto nash samyy bol'shoy aktiv*

ӘОЖ. 911.6(282.255.2)

**Р.Н. Кенжебай** – п.ғ.к, аға оқытушы, **З.Е. Қожабекова** – г.ғ.к., доцент,

**А. Алтыбай** – магистрант

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ОҚМПИ, Шымкент, Қазақстан

### СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ ГЕОЖҮЙЕСІН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН БАҒАЛАУ

#### Түйін

Қазіргі таңда Сырдария өзенінің суы толығымен халық шаруашылығының түрлі салаларына пайдаланылады. Соған байланысты өзен геожүйелерінің құрамдас бөліктеріне әсер етуші антропогендік үрдістердің қарқыны мен аумағы күн сайын артып келеді. Сырдария өзені геожүйелерінің шаруашылықтық және экологиялық ерекшелігіне сәйкес мұнда ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік, техногендік яғни антропогендік факторлардың барлық түрлері дамыған. Сондықтан да өзен геожүйелерінің антропогендік

өзгерісіне дұрыс талдау жасау мен оны қорғау шараларына ғылыми тұрғыдан баға берудің маңызы зор екендігі айтылады.

**Кілттік сөздер:** Сырдария, өзен, геожүйе, экология, трансшекара, антропогендік фактор, оазис, эокөжүйе, техногендік фактор.

Қазіргі таңда Сырдария өзенінің суы толығымен халық шаруашылығының түрлі салаларына пайдаланылады. Соған байланысты өзен геожүйелерінің құрамдас бөліктеріне әсер етуші антропогендік үрдістердің қарқыны мен аумағы күн сайын артып келеді. Сырдария өзені геожүйелерінің шаруашылықтық және экологиялық ерекшелігіне сәйкес мұнда ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік, техногендік яғни антропогендік факторлардың барлық түрлері дамыған. Сондықтан да өзен геожүйелерінің антропогендік өзгерісіне дұрыс талдау жасау мен оны қорғау шараларына ғылыми тұрғыдан баға берудің маңызы зор.

Сонымен қатар аймақ ландшафтысының қарқынды шөлдену мен тұздануы және эрозиялық үрдістердің әсеріне ұшырауы себебінен ауыл шаруашылығы айналымындағы жерлердің биологиялық өнімділігі кеміп, өзен бойларында тараған шалғынды-тоғайлы оазистер мен ксерофитті-эфемерлі шөптесін өсімдік жамылғысының жойылып кету қаупі байқалуда. Сондықтан да бүгінгі таңда өзен бассейні антропогендік факторлардың әсеріне қарқынды ұшырауына байланысты экологиялық ахуалы нашарлап, табиғат апатына ұшыраған аймақтардың біріне айналып отыр.

Қазіргі таңда адамзаттың антропогендік іс-әрекеті ғылыми-техникалық прогрестің артуына байланысты өзен геожүйелерін өзгертуші өте күшті факторлардың бірі. Осыған орай геожүйелерді түзуші құрамдас бөліктерге әсер етуші антропогендік үрдістердің қарқыны мен аумағы күн санап артып келеді. Көптеген геожүйелер адам әрекетінің нәтижесінде табиғи қалпын өзгертіп агроландшафттар тобын қалыптастыруда. Сырдария өзені де осы факторлардың әсерінен ресурстық және экологиялық өзгерістерге ұшыраған. Зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі бүгінгі күннің мәселесінен туындап отыр.

Қазақстанды сумен қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігі бар су ресурстарының шектеулігімен, оларды аумақ бойынша әркелкі бөлумен, уақыт шегіндегі елеулі өзгеріспен, трансшекаралық өзендер сулары ластануының жоғары деңгейімен сипатталады. Келешекте шекаралас мемлекеттер аумақтарынан өзен ағысының қысқаруына, сондай-ақ климаттық тұрғыдан жергілікті ағыс ресурстарының азаюына байланысты республиканы сумен қамтамасыз ету жағдайының шиеленісуі мүмкін. Өзен ағысының ресурстары өзгеруінің мүмкіндік салдары Қазақстанның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына және экологиялық қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіреді. Елімізде экономиканы, оның ішінде су шаруашылығы саласын түбегейлі реформалау тұрақты сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге ерекше талаптар қояды.

Трансшекаралық суларды басқарудың қиындығы, ол шекаралас елдердің әр түрлі табиғи жағдайлары, экономикалық дамуы, заңнамасы, саяси бағыты, салааралық мүдделері бойынша анықталады.

Шекаралас елдермен трансшекаралық бассейндердегі су ресурстарын пайдалану жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекетаралық келісімдердің болмауы суды пайдаланудың ұлттық бағдарламаларын негіздеу кезінде түсініксіз жағдайлар туындатады. Сараптамалық бағалау бойынша, трансшекаралық ағысты төмендету есебінен республикада су ресурстарының жылына 100,5 текше метр көлемінен 2020 жылға қарай жылына 75 текше метрге дейін төмендеуі мүмкін. Бұдан өзге трансшекаралық ағыс шекаралас елдердің шаруашылық қызметі нәтижесінде республикаға айтарлықтай ластанып және табиғи режимі бұзыла отырып келеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14-қарашадағы Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасында тіршілік етудің барлық салаларында орнықтылыққа қол жеткізудің қағидаттары, мақсаттары, міндеттері және негізгі тетіктері айқындалған. Бұл ретте Қазақстанның жағдайларында табиғи ресурстардың және эокөжүйелердің трансөңірлік сипатын ескеретін басқаратын эокөжүйелік (бассейндік) қағидасын ендіру ұсынылған. Бассейндік қағида бойынша ұйымдастырылған орнықты эокөжүйелік дамудың 8 аймағы анықталған. Олар: Арал–Сырдария, Балқаш–Алақөл, Ертіс, Есіл, Жайық–Каспий, Нұра–Сарысу, Тобыл–Торғай, Шу–Талас. Басқарудың бұл құрылымы Қазақстанның орнықты дамуына қол жеткізуде су ресурстарының жүйе құрушы маңызды рөлін көрсетеді.

Сырдария су шаруашылығы жүйесі қуаң аумақтардың ағынсыз бассейндеріне тән схема бойынша дамып жатыр. Суларының елеулі құламалығымен сипатталатын өзен бассейнінің бас жақтары гидроэнергетикалы басымдылықты дамыту аймағы болып табылады. Негізгі ирригациялық жер қоры шоғырланған бассейнің орта және төменгі учаскелері сулармен жер өндеудің қарқынды дамуының аймағы болып есептеледі. Шектес теңіз акваториясы бар өзен атырауы балық шаруашылығы мен мал шаруашылығын жүргізудің аймағы ретінде саналады.

Соңғы 10–15 жылда Сыр өңірі экологиясын тұрақтандыру бағытында көптеген ірі жұмыстар орындалуда. Ол шаруалардың барлығы ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен атқарылуда. Ең бастысы Кіші теңіз қолдан жасалынып, Арал, Қазалы аймақтарының экологиялық ахуалы жақсаруда. Сырдария өзені арнасын реттеу бағытында да маңызды істер атқарылуда. Мұның барлығы Сыр өңіріндегі экологиялық жағдайды тұрақтандыруды одан әрі жалғастырып, осы маңызды мәселені түбегейлі шешуге негіз болуда.



Небәрі оншақты жыл аралығында үлкен құрылыстар тұрғызылды. Ұзындығы 15 шақырымдай бөгет жасалды. Сөйтіп Сырдариядан келген су жиналып қайтадан теңізге оралды. Балық қоры көбейді. өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы көтерілді.

Бүгінгі күні ауыл шаруашылығы министрлігінің су ресурстары комитеті өңірге қажетті су көлемін алып беруде елеулі жұмыстар атқаруда. Алайда, басты мәселе су көлемі ғана болып, судың сапасы тасада қалуда. 1975-1980 жылдардан бері Сырдария суының 1 литріндегі тұз мөлшері 1,5 грамнан төмен түскен емес. Соңғы 35-40 жылда Сыр өңірі суармалы алқаптарына өзен суымен көп мөлшерде зиянды химиялық заттар келіп шөкті. Осының барлығы дақылдар өнімі мен оның сапасын төмендетуге әсер етті. Сондықтан, ғылыми мекемелер егіс топырағында зиянды химиялық заттар құрамын зерттеп, оның қолайсыз әсерін азайту жолдарын анықтауды қолға алған. Сонымен қатар Сырдария суының сапасын жақсартудағы зерттеулерге баса назар аударуы қажет деп санаймыз.

Өткен ғасырдың 60-80 жылдарында Қызылорда облысында инженерлік жүйедегі суармалы жердің мол қоры жасақталды. Суармалы жер көлемі 225 мың гектарға жетті. Бұл облыс егіншілерінің, жалпы осы өңір халқының несібесін молайтты. Сыр өңірі күріш өндіруші басты аймаққа айналды. Содан бері 35-40 жыл өтті. Суармалы жер күтімі нашарлады. Күріш атыздары бетінің тегістігі өзгерді. Егістегі ыза суды қауіпті деңгейден төмен ұстап тұруды қамтамасыз ететін қашыртқы, дренаждер менколлекторлар таяз болып қалды. Осының салдарынан ыза су көтеріліп, топырақ сортанданды. Суармалы жердің тиісті бір бөлігі пайдаланудан шығып қалды.

Алдағы мақсат – суармалы жер күтімін жақсарту. Алдымен атыздар беті тегістігін бұрынғы қалпына келтіру. Бүгінгі күні атыз беті тегістігінің нашарлығынан жаз бойғы су шығыны гектарға шаққанда 2,5-4 мың текше метрге жетіп отыр.

Шөлейт аудандарда суды көп қажет ететін өндірістерді орналастырудан, стратегиялық қателіктердің нәтижесінен пайда болған экологиялық жағдай өте қиын. Арал теңізінің тартылуы және оңтүстік ендікте суармалы егіндік жерлердің көбеюі; қуат-жылу-ылғал алмасуының тапшылығы сол өңірдің экологиясын және ландшафты мен ауа райын өзгертті. 1970 жылы Арал теңізіне құйған өзен суының көлемі 7-11 текше метрге дейін азайса, 1980 жылы теңізге құятын өзен сулары мүлдем сарқылды. Су тазартудың және бірнеше рет пайдаланылған сулардың шығыны шөлді жерлерді жарамсыз бапқақ шалшыққа айналдырды. Жылдық түсетін ылғал мөлшері де өзгерді. 1950-1959 жж. ақпан-наурыз айлары ылғал көп түсетін, ал қыркүйекте жауын ең аз жауатын кез болса, 1970-1979 жж. жауынның көп жауатын кезі сәуір айына, аз түсетін айы шілдеге сәйкес келетін.

Тұздың атмосфераға таралуы 6-7 есе өсті. Осы өңірде жаз айларындағы ең жоғары температура орта есеппен 1,8-2,5°C-қа жоғарылады.

Бұл жалпы дүние жүзіндегі температураның көтерілу тенденциясына байланысты болуы да мүмкін. Жылдық орташа салыстырмалы ылғалдық 15-20%-ға, 1960 жылы Арал қаласында 25-30%-ға азайды.

Арал құмды аймағында ылғалдылық азайды. Жер қыртысының сулануы және шөл өсімдіктерінің ылғалдануы недәуір қысқарды. Көктемгі соңғы суықтар ұзаққа созылып, алғашқы күз суықтары 10-12 күн ертерек түсетін болды. Егістік жерлерді суландырудың ұлғаюынан, шалшықтанған аумақтың көбеюінен судың булануы өсті, ал каналдар мен сүзгілер көлдерден шыққан су булары микроклиматты өзгертуге әсер етті.

Қорыта айтқанда Сырдария өзенінің геожүйесі қатты өзгеріске ұшыраған. Өзен жағалауы мен суының ландшафт бірліктері өзгерген. Соған сәйкес өзен суын, жалпы Қазақстанда су қорларын басқару бойынша жоспар бекітілген. Су қорларын сақтап қалу мен тиімді пайдалану мақсатында және Қазақстан өзендері бассейндерін ұтымды басқаруды қамтамасыз ету үшін 2014 жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасының Үкіметі су қорларын басқару мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарын бекітті.

Қазақстан Республикасының су қорларын қарқынды басқару мен суды тиімді пайдалануды арттыру бойынша ұлттық жоспары республика экономикасының бастапқы секторын басқару жүйесін жетілдіру бойынша негізгі құжат болып табылады және қолайлы құқықтық жағдайларын құру, ұйымдастырушылық ортаны қалыптастыру мен Қазақстандағы су қорларын басқару құралдарын дамыту бойынша оңтайлы әрекеттер жиынтығын анықтайды.

Су - адамзат өмірін және экожүйе тұтастығын қамтамасыз етуші басты, сонымен қатар сарқылмалы табиғи компонент. Қазіргі уақытта едәуір күрделі мәселе болып су тапшылығының артуы, жерасты және жерүсті суларының ластануы, судың мөлшерден тыс көп тартылуы, халықты таза ауыз суымен қамту қиындықтары, мемлекетаралық суды бөлу мәселелері, климаттың өзгеруі салдарынан су қорларының азаю қаупі байқалады.

#### Әдебиеттер

1. Елшібекова Ә. Сырдария – Орта Азиядағы ірі өзен. // География және табиғат, 2007. №5. – 23 б.
2. Бекжанова А. Сырдария суын пайдалану және оның сапасы // География және табиғат, 2007. №5. – 11 б.
3. Пазиров Е.Ж. Сырдария өзені орта ағысы геожүйелерінің антропогендік ластануын геоэкологиялық тұрғыдан бағалау. 6N0609 – «География» магистрі академиялық дәрежесін алуға дайындалған магистрлік диссертация. – Шымкент, М.Әуезов ат.ОҚМУ, 2007 ж, 78-б.

### Резюме

В статье приведены водопотребление отраслей экономики и качество воды, а также динамика изменения водных ресурсов за многолетний период в Казахской части бассейна реки Сырдарья. Установлено, что в условиях нарастания дефицита воды и усугубления экологической обстановки, в особенности на территории Казахстана, необходимо пересмотреть стратегию использования водных ресурсов как в маловодные, так и в многоводные года.

Вода в Казахстане является лимитирующим ресурсом, и от стратегии использования водных ресурсов зависит развитие природных и хозяйственных систем в бассейнах рек. Основные инвестиции направляются на реконструкцию оросительных систем, водохозяйственные и водоохраные мероприятия, позволяющие рационально использовать водные ресурсы и улучшить экологическую ситуацию в бассейнах рек, улучшение водообеспеченности отраслей экономики и на совершенствование инженерных сооружений и оборудования. Изменение приоритетов в пользу реконструкции и обновления основных фондов водохозяйственного комплекса, преобразование схемы использования водно-земельных ресурсов бассейнов рек крайне актуально.

Указанный «клубок» проблем наиболее остро ощущается в бассейне реки Сырдарья. Уровень загрязнения водных ресурсов оценивается отдельно для определения степени их истощения и загрязнения.

### Summary

The article presents the water consumption industries and water quality, as well as the dynamics of change in water resources for long-term period in Kazakhstan part of the Syr Darya river basin. It was found that under conditions of growing water scarcity and worsening environmental conditions, particularly in Kazakhstan, it is necessary to revise the strategy of water resources in the dry and in wet years.

The water in Kazakhstan is a limiting resource, and use of water resources strategy depends on the development of natural and economic systems in river basins. The main investments are directed to the reconstruction of irrigation systems, water management and water protection measures, making rational use of water resources and improve the ecological situation in the river basins, improvement of water supply to industries and to improve engineering and equipment. Changing priorities in favor of reconstruction and renewal of fixed assets the water complex, conversion scheme of water and land resources of the river basin is extremely important. This "tangle" problem is most acute in the Syrdarya river basin. The level of water pollution is evaluated separately to determine the extent of their depletion and pollution.

УДК 82.02; 82-32

А.Е. Кулумбетова, К.А.Кулбекова  
ЮКГУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

2 этап. Определение *верхней (завязка) и нижней (развязка) границы хронотопа настоящего времени (НВ)*. Функция – выявить содержательно-формальный признак [*объектную тему (ОТ)*, или *конфликт личности*, где первая часть – компонент ИТУ, а вторая – СКУ] и формальные признаки системы текста (*жанровую форму, жанровую разновидность, характер изображения*). Верхняя граница хронотопа НВ (*завязка*) текста начинается с третьего абзаца *по второму из восьми критериев* – по последнему событию и переживанию героев, которые близки и читателю по времени. [2, с. 12] в соответствии с *малой жанровой формой*. Экспозиция тому подтверждение. *Развязка, т.е. активный центр (АЦ)*, или *последний миг хронотопа НВ* совпадает с последним абзацем текста («Сердце у меня колотилось...») [1, с. 29]. В пределах хронотопа НВ можно выявить *объектную тему (ОТ), т.е. конфликт интереса и безразличия*. Этот резкий конфликт определяет *психологическую жанровую разновидность и нереалистический характер изображения*. Наблюдается изоморфизм первого и второго этапа анализа в плане психологической жанровой разновидности и нереалистического характера изображения. *Содержание и тип ОТ* определяются при изучении развязки «Музы» И.А. Бунина.

При изоморфизме характеров изображения очевиден разный системный подход к их формулировке.

3 этап. Анализ АЦ. Тема АЦ – *чувство отчаяния* («Сердце у меня колотилось уже в самом горле, било в виски. Я поднялся и, шатаюсь, пошел вон») [1, с. 29]. Доминирующий *эпический род* отражается через *повествование* о внутреннем состоянии героя, почувствовавшем острую боль от предательства женщины, которую считал своей музой. *Лирический род* передается через *экспрессивную лексику*, которая имеет большое значение в понимании психологических переживаний героев («сердце», «в самом горле», «шатаюсь», «пошел вон») и *прием повтора* (в - 2, я - 2) с преобладанием цифры 2 – *символа тревоги и беспокойства*. Признаки *рода драмы* связаны с *прямой речью и «событием самого рассказывания»* [5]. *Малая жанровая форма* АЦ «Муза» обусловлена объемом (1 абзац из 2-х предложений), количеством ситуаций (1), количеством персонажей (1: повествователь). *Тип начальной синтагмы (ТНС) АЦ* «Музы» («Сердце ...») – *психологический*. В ПП АЦ («Я поднялся и, шатаюсь, пошел вон») нет *авторских антонимов*. Его потенциальный читательский смысл (ПС) – *отчаяние*, что адекватно символу тревоги и беспокойства в приеме повтора. Антоним – *равнодушие*. В содержании развязки есть *ключевые авторские детали* («колотилось, билось» – «поднялся, пошел вон»), изображающие *психологический конфликт отчаяния и равнодушия*. Так обозначаются *тип и содержание ОТ*. Антонимы в АЦ «Муза» указывают на «*порядок*» [6]. Функция «порядка», во-первых, при малой жанровой форме обозначить приметы *жанра рассказа*, поскольку «порядок» исключает *подтекст*. Во-вторых, передать *понимание* читателем ПС АЦ (*чувство отчаяния*), что обуславливает *первичное читательское восприятие (ПЧВ)*. В АЦ «Муза» доминирует метод *экспрессионизма* (экспрессивная лексика и прием повтора, короткие предложения, обусловленные напряженным внутренним конфликтом и чувством тревоги и беспокойства рассказчика). Есть приметы метода *экзистенциализма*: *чувство отчаяния, чувство страдания, и выбор рассказчиком чувства достоинства в сложной ситуации*.

Очевидно экспрессионистское и экзистенциалистское раскрытие любовных страданий повествователя (нереалистический характер изображения).

4 этап. Анализ пяти МФ (микрофокусов, или тем), одного Ф (фокуса, т.е. проблемы, или кульминации). Тема *1МФ* выражает чувство *одобрения* [1, с. 24]. Доминирующий *эпический род* отражается через *повествование* о выборе рассказчиком обучения рисованию «у одного бездарного, но довольно известного художника»; об одобрении его первой пробы рассказчика. *Лирический род* передается через *экспрессивную лексику* («страсть», «неопрятный толстяк», «особенно ненавидел», «небрежность») и *прием повтора* (я - 3, себе - 2, занято - 2, на - 2), где доминирует символ тревоги и беспокойства цифры 2. *Драматический род* связан с *прямой речью и «событием самого рассказывания»*. Два предложения, две ситуации, два персонажа (рассказчик, художник) говорят о *малой жанровой форме*. *Тип начальной синтагмы (ТНС) 1МФ* «Музы» («Я...») – *лирико-психологический*, предложение заканчивается многоточием, раскрывая слияние переживаний автора и читателя с чувствами персонажа. В ПП 1МФ («Несомненные успехи...») нет авторских антонимов. Потенциальный смысл 1МФ – *одобрение*. Антоним – *неприязнь*. В содержании 1МФ отсутствуют авторские антонимы, определяя «хаос», что подтверждает системный признак *жанр рассказа* через *соответствие его критерию художественности*, так как очевидна связь с «*порядком*» в АЦ. Читательский ПС раскрывает *лирико-психологический конфликт одобрения и неприязни*. «*Следы*» ОТ (отчаяние – безразличие) проявляются в конфликте 1МФ (одобрение – неприязнь): отчаянная страсть к живописи преодолевает неприязнь к бездарности и внешности учителя. Безразличие к позднему занятию живописью окупается одобрением его успехов в живописи. В 1МФ «Музы» доминирует метод *экспрессионизма* (экспрессивная лексика и прием повтора, короткие предложения, обусловленные напряженным внутренним конфликтом и

чувством тревоги и беспокойства, функция многоточия). Проблема *выбора* в позднем возрасте занятий живописью определяет черты *экзистенциализма*. 2МФ «Музы» И.А. Бунина отражает *тему неоднозначности* [1, с. 24]. *Эпический род* повествует о том, как он скучно жил на Арбате; о том что у него остался в памяти холод, шум, неприятные запахи; о неоднозначности его переживания в связи со смирением с таким жалким существованием при состоятельном положении. *Лирический род* выражается через *экспрессивную лексику* («неприятно», «скучно», «нечистоплотный художник», «сумрачная», «жалкое существование», «не беден») и *приема повтора* (я - 4, столица - 2, пивом - 2, художник - 2, ресторане - 2, Арбат - 2), где доминирует символ *тревоги и беспокойства цифры 2*. *Драматический род* – «*событием самого рассказывания*». 2 предложения, 2 ситуации, 2 персонажа говорят о *малой жанровой форме*. *Тип начальный синтагмы* (ТНС) 2МФ «Музы» («Жил...») – *психологический*. В ПП 2МФ («Не понимаю, почему я вел такое жалкое существование, – был я тогда далеко не беден») есть *авторские антонимы* («жалкое существование» – «не беден»). *Потенциальный смысл* 2МФ – *неоднозначность*. Антоним – *однозначность*. В содержании *прогностического* 2МФ нет антонимов, поэтому читательский ПС и его антоним раскрывает *психологический конфликт неоднозначности и однозначности*. ПС (неоднозначность) 2МФ является *прогностическим*, так как предвещает *завязку* (*верхнюю границу хронотопа НВ*). И связан с содержательными и формальными признаками системы текста. *Содержательные признаки*: 1. ПС (неоднозначность) определяет *предмет* последующего изображения в «Музе» И.А. Бунина: неоднозначность проявляется в чувствах персонажа, который был в начале вдохновлен, а затем разочарован любимой по имени Муза. 2. При сопоставлении неоднозначности (ПС 2МФ) и ЗС названия текста (интерес) мы не обнаруживает смыслового контраста: автора и читателя интересует причина неоднозначности рассказчика. Это говорит *об отсутствии подтекста*. 3. *Неоднозначность* – показатель *антропологического* мировоззренческого принципа эстетического идеала), потому что объясняется неопределенностью переживания рассказчика. Противостоящей *естественному* чувству голос разума (просветительский мировоззренческий принцип эстетического идеала И.А. Бунина) указывает на романтическое содержание эстетического идеала писателя. *Формальные признаки*: 1. ПС 2МФ (неоднозначность) обуславливает *верность определения нами верхней границы хронотопа НВ* (завязки). 2. Отсутствие подтекста предопределено «порядком» в АЦ и «хаосом» первом и втором МФ «Музы» И.А. Бунина что присуще *жанру рассказа* и соответственно *критерию художественности* в жанровом плане. 3. В 2МФ «Музы» доминирует метод *экспрессионизма* (экспрессивная лексика и прием повтора, короткие предложения, обусловленные напряженным внутренним конфликтом и чувством тревоги и беспокойства) с признаками *экзистенциализма*. В 3МФ (завязка) «Музы» Бунина – *тема утверждения* [1, с. 26]. Доминирующий *эпический род* отражается через *повествование* о знакомстве с Музой, ее портрете, и общении с ней; об утверждении рассказчика, что она его первая любовь. *Лирический род* передается через *экспрессивную лексику* («любовь?», «вы моя первая любовь», «закрывает глаза», «поцеловала в губы», «вы довольно красивы», «странная гостыя!», «глупую улыбку», «удовольствия и недоумения») и *прием повтора* (я - 18, поцеловала - 2, любовь - 2, она - 12, крикнул - 2, сказала - 2) с преобладанием *цифры 2* с *символом тревоги и беспокойства*. *Драматический род* раскрывается через «*событие самого рассказывания*». *Жанровая форма* 3МФ (23 абзаца из 44 предложений (объем), количество ситуаций (2), количество персонажей (2: он, Муза) *малая*. ТНС 3МФ («Но...») – *философско-психологический* в связи с завершением СЧ вопросительным знаком, передающим спор и дискуссию. В ПП («А как же это иначе называется?») нет антонимов. *Потенциальный смысл* 3МФ – *утверждение*, антоним – *сомнение*. В содержании 3МФ есть *ключевая пара* «удовольствие» «недоумение», раскрывающая *философско-психологический конфликт утверждения и сомнения*. Приметы метода *экзистенциализма*: чувство любви, тревоги, свободы. Есть приметы *экспрессионизма*: эмоциональная лексика и прием повтора с преобладанием *цифра 2* – знак беспокойства, который раскрывает суть потенциального смысла (ПС). Признаки *постмодернистской* неоднозначности связаны с переживаниями повествователя с восприятием неожиданно появившейся на пороге его жилища незнакомки. *Реализм* ситуации в характеристике бесцеремонного поведения Музы и тактичного у рассказчика. «Следы» ОТ (*интерес и безразличие*) отражается в конфликте 3МФ (*утверждения и сомнения*): утверждается естественное безразличие к незнакомке, а ее интерес к незнакомому молодому человеку и появление в его жилище вызывает сомнение у читателя в ее воспитанности, которая сродни легкомыслию. В 4МФ с *темой загадочности* доминирует *эпический род* через *повествование* о переселении вдвоем на дачу под Москвой с загадочным пейзажем и непрекращающимся дождем. *Лирический род* сказывается в *экспрессивной лексике* («заколдованно-светлая», «дружно обедали», «пахло каменным углем», «хрустально-золотая», «ослепительные», «спокойствию», «лунные ночи», «тихим лесам») и *приеме повтора* (глаз - 2, я -6, дачи - 2, дождь - 4, она - 4, стоит - 2 ) с преобладанием *цифры 2* с *символом тревоги и беспокойства*. *Драматический род* – в «*событии самого рассказывания*». *Жанровая форма* 4МФ (3 абзаца из 24 предложений (объем), количество ситуаций (1), количество персонажей (2: он, Муза) *малая*. ТНС 4МФ («Ученье...») – *психологический*. В ПП («Заколдованно-светлая ночь, бесконечно-безмолвная, с бесконечно-длинными тенями деревьев на серебряных полянах, похожих на озера») [1, с. 27] нет антонимов. В содержании СЧ есть *ключевая пара* авторских деталей («казалось» – «вдруг слышал»), изображающих *психологический конфликт загадочности и яви*. Отсюда ПС 4МФ – *загадочность*, антоним – *явь*. «Следы» ОТ (*интерес и безразличия*) отражается в конфликте 4МФ (*загадочности и яви*): интерес связан с загадочностью пейзажа дачи и безразличием к яви появления на даче и позднего отъезда подруги в город. Приметы метода *экзистенциализма* в *выборе* персонажами взаимоотношений друг с другом: его смирение с жизнью на лесной

даче, отличающейся от его родного степного простора и поведением подруги. Есть приметы *экспрессионизма*: эмоциональная лексика и прием повтора с преобладанием цифра 2 – знак беспокойства, который раскрывает суть потенциального смысла (ПС). 5МФ «Музы» раскрывает *тему разнообразия*. Доминирующий *эпический род повествует* о переселении рассказчика и Музы в его родную деревню и соседстве с музыкантом Завистовским, знакомство с которым разнообразила их жизнь. *Лирический род* обусловлен экспрессивной лексикой («не скучая», «заботах», «бедный», «несмелый», «недалекий», «недурной») и *приемом повтора* (мною - 2, он - 2, нему - 2) с преобладанием *символом тревоги и беспокойства* цифры 2. *Драматический род* – «событием самого рассказывания». *Жанровая форма* 5МФ (1 абзаца из 7 предложений (объем), количество ситуаций (1), количество персонажей (3: он, Муза, музыкант) *малая*. ТНС 5МФ («В июне...») – *философско-психологический* из-за роли хронотопа времени (когда?). В ПП («Мы играли с ним в шашки или же он играл с ней в четыре руки на рояли») [1, с. 27] и в содержании нет антонимов. ПС 5МФ – *разнообразие*, антоним – *однообразие*. Они раскрывают *философско-психологический конфликт разнообразия и однообразия*. Есть приметы *экспрессионизма*: эмоциональная лексика и прием повтора с преобладанием цифра 2 – знак беспокойства, связанного с хлопотами разнообразной жизни. «Следы» ОТ (*интерес и безразличия*) отражается в конфликте 5МФ (*разнообразия и однообразия*): интерес обусловлен разнообразием вечеров с Завистовским, нарушившим однообразие прежней жизни вдвоем.

*Фокус (Ф)*, или *кульминация* с темой *насмешки* («Перед Рождеством я как-то поехал в город. Возвратился уже при луне. И, войдя в дом, нигде не нашел ее. Сел за самовар один.

- А где барыня, Дуня? Гулять ушла?

- Не знаю-с. Их нету дома с самого завтрака.

- Оделись и ушли, - сумрачно сказала, проходя по столовой и не поднимая головы, моя старая нянька.

"Верно, к Завистовскому пошла, - подумал я, - верно, скоро придет вместе с ним - уже семь часов..." И я пошел и прилег в кабинете и внезапно заснул - весь день мерз в дороге. И так же внезапно очнулся через час - с ясной и дикой мыслью: "Да ведь она бросила меня! Наняла на деревне мужика и уехала на станцию, в Москву, - от нее все станется! Но, может быть, вернулась?" Прошел по дому - нет, не вернулась. Стыдно прислуги...

Часов в десять, не зная, что делать, я надел полушубок, взял зачем-то ружье и пошел по большой дороге к Завистовскому, думая: "Как нарочно, и он не пришел нынче, а у меня еще целая страшная ночь впереди! Неужели правда уехала, бросила? Да нет, не может быть!" Иду, скрипя по наезженному среди снегов пути, блестят слева снежные поля под низкой, бедной луной... Свернул с большой дороги, пошел к усадьбе Завистовского: аллея голых деревьев, ведущая к ней по полю, потом въезд во двор, слева старый, нищий дом, в доме темно... Поднялся на обледелое крыльцо, с трудом отворил тяжелую дверь в клоках обивки, - в прихожей краснеет открытая прогоревшая печка, тепло и темнота... Но темно и в зале.

- Викентий Викентич!

И он бесшумно, в валенках, появился на пороге кабинета, освещенного тоже только луной в тройное окно.

- Ах, это вы... Входите, входите, пожалуйста... А я, как видите, сумерничаю, коротаю вечер без огня...

Я вошел и сел на бугристый диван.

- Представьте себе. Муза куда-то исчезла...

Он промолчал. Потом почти неслышным голосом:

- Да, да, я вас понимаю...

- То есть, что вы понимаете?

И тотчас, тоже бесшумно, тоже в валенках, с шалью на плечах, вышла из спальни, прилегавшей к кабинету, Муза.

- Вы с ружьем, - сказала она. - Если хотите стрелять, то стреляйте не в него, а в меня.

И села на другой диван, напротив.

Я посмотрел на ее валенки, на колени под серой юбкой, - все хорошо было видно в золотистом свете, падавшем из окна, - хотел крикнуть: "Я не могу жить без тебя, за одни эти колени, за юбку, за валенки готов отдать жизнь!"

- Дело ясно и кончено, - сказала она. - Сцены бесполезны.

- Вы чудовищно жестоки, - с трудом выговорил я.

- Дай мне папиросу, - сказала она Завистовскому.

Он трусливо сунулся к ней, протянул портсигар, стал по карманам шарить спичек...

- Вы со мной говорите уже на "вы", - задыхаясь, сказал я, - вы могли бы хоть при мне не говорить с ним на "ты".

- Почему? - спросила она, подняв брови, держа на отлете папиросу.) [1, с.28-29].

В тексте проявляются признаки трех родов и доминирует *эпический род*. Повествуется о ночи перед Рождеством и волнении из-за отсутствия Музы в доме; о насмешке Музы в ответ на волнение рассказчика, оскорбленного ее изменой с Завистовским. *Лирический род* выявляется через *эмоциональную лексику* («задыхаясь», «трусливо», «чудовищно жестоки», «бесполезны», «стрелять», «Вы с ружьем», «исчезла», «сумерничаю», «пожалуйста», «бесшумно», «старый», «нищий», «страшная ночь», «стыдно») и *приеме повтора* (она - 5, я - 10, сказала - 3, Завистовский - 3, валенки - 2, да, да - 3, Муза - 2, входите - 3, темно - 2,

вернулась - 2, бросила - 2, внезапно - 2, верно - 2,) с преобладанием цифра 2 – символа тревоги и беспокойства. *Драматический род* – через «событие самого рассказывания». *Жанровая форма* малая, объем (6 абзаца из 42-х предложений), количество ситуаций (2), количество героев (4: рассказчик, Муза, Завистовский, Дуня). *Тип начальной синтагмы* Ф («Перед Рождеством ...») - *философско-психологический* в связи с хронотопом времени (когда?). В ПП («Почему? - спросила она, подняв брови, держа на отлете папиросу.») нет антонимов. Его ПС – *насмешка*, антоним – *волнение*. Этот конфликт подтверждается *ключевыми деталями* в содержании Ф «Музы» И.А. Бунина («задыхаясь, сказал я» – «спросила она»). Таков *философско-психологический* конфликт *насмешки* и *волнения*. *Следы ОТ* (интерес и безразличие) в конфликте Ф (насмешки и волнения) проявляются с интересом к волнению одних персонажей (рассказчика и Завистовского) и безразличием и насмешкой Музы. Признаки *экспрессионизма* проявляются через эмоциональную лексику и приема повтора с преобладанием цифра 2 – символ тревоги, который отражает суть потенциального (ПС). *Экзистенциализм* – в чувстве любовного страдания и одиночестве повествователя.

Итак, темой «Музы» И.А. Бунина стала внимание к беспорядочной и распушенной женской страсти и к разочарованию серьезного чувства рассказчика, раскрытого писателем доминирующим в системе текста нереалистическим характером изображения через такие его формы, как экспрессионизм, экзистенциализм, постмодернизм, а также через признаки реалистического характера изображения (метод реализма). Наше наблюдение о пронизывающем все смысловые части «Музы» экспрессионизма обусловлено переживаниями персонажей.

#### Литература

1. Бунин И.А. Муза// И.А. Бунин. СС в 4-х тт. – Т.4. – М.: Правда, 1988. – С. 9-13.
2. Кулумбетова А.Е., Джунисова А.А., Садуакас Г.К., Мырзабекова А.К. Система содержания и формы лирического, эпического и драматического художественного текста. – Алматы: «Искандер», 2008. – 178 с.
3. Горький М. Беседы с молодыми// М. Горький о литературе. – М.: Сов. Россия, 1980. – С. 411, 413, 414.
4. Большой толковый словарь русского языка/Автор и рук. Проекта, гл. ред. С.А. Кузнецов. – СПб.: НОРИНТ, 2000. – С.562.
5. Бахтин М.М. Форма времени и хронотопа в романе// М.М. Бахтин. Вопрос литературы и искусства. Исследования разных лет. – М.: ХЛ, 1975. – С. 234-236, 403.
6. Пригожин Илья, Стенгерс Изабелла. Порядок и беспорядок//Время, хаос, порядок. К решению парадокса времени. – М.: Прогресс, 1994. – С. 55, 57.

#### Түйін

*Алғаш рет И. А. Буниннің махаббат тақырыбына арналған "Муза" әңгімесі әдістемелер жүйесімен байланысты зерттеледі. Мақаланың мақсаты мазмұны мен нысаны белгілері жүйесі арқылы талдау. Алғаш рет шығармада экспрессионизм, экзистенциализм, романтизм, импрессионизм, постмодернизм және реализм әдістемелерінің байланысы көрсетіледі. Ал, мәтінде экспрессионизм әдісінің үстемділігі кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін анықтаумен байланысты.*

#### Summary

*For the first time "Muse" of Y.A. Bunin is studied in connection with the theme of love and imaging techniques system. The purpose of the article disclosed in the system of signs of the content and form of the writer of the story. For the first time addresses the link unrealistic (expressionism, existentialism, post-modernism) and realistic reflection of reality (realism). The presence in the text of the unusual method expressionism is dued to the experiences of the characters.*

ӘОЖ 351.382

**Г.Ж. Хожамедова, Т.С. Сұлтанбек, Ж. Куралбаева,  
А.Х.Махатова, О.М.Ибрагимов, Ә.Қ.Бүркіт**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласының №25 мектеп-гимназиясы, Шымкент, Қазақстан

**«СИММЕТРИЯ» ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ  
АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ТӘДІСТЕМЕСІ**

#### Түйін

Математиканы оқытудың «Кембридж тәсілінің» стратегиясы – оқушыларды өзіндік ойлауға дағдыландыру, яғни мектепте дәстүрлі оқытудан дәстүрлі емес – сындарлы оқытуға көшу болып табылады. Бағдарламаның жалпы мақсаты - сыныптағы әрбір оқушының сабаққа қызығушылығын арттырып, мұғалімнен, оқулықтардан алған білімдерін ары қарай дамытып, мектептегі сабақ барысында өзінің белгілі тақырып

бойынша ойы мен пікірін ашып айтуға дағдыландыру. Барлық оқыту үдерісін ұйымдастырып, көшбасшылық жасайтын мұғалім болғандықтан, бағдарлама ең алдымен, мұғалімге қарай бағытталады. Өйткені мұғалімдер ойлау қабілеттері жоғары деңгейде дамыған оқушыларды қалыптастырғылары келсе, онда алдымен өздерінің де терең ойлау қабілеттерін дамытқан жөн. Сонда ғана бір жақты, «тек менікі дұрыс» деген сенімнен гөрі, жаңашыл идеяларға деген көңіл көкжиектері ашылып, жаңаша қалыптасуы мүмкін. Бағдарламаның басты жаңа бағыты – іс-әрекет арқылы зерттеу болып табылады. Ағылшын ғалымдары теориялық білімдерін міндетті түрде мектептерде қолданып, оның дұрыс-бұрыс жақтарына терең талдау жасап отырады екен. Осы бағытта әрбір жаңашыл мұғалімнен өзі сабағында қолданған жаңа тәсілдердің дұрыс-бұрыс жағын терең талдап, зерттеу жүргізу талап етіледі.


**Кілттік сөздер:** педагогика, мектеп, ақпараттық технология, әдістеме, оқыту, заманауи педагогикалық әдістер, шығармашылық қабілет.

Математиканы оқытуда сыни тұрғыдан ойлау әдісі жеті модульмен байланысты жүзеге асады. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер әлеуметтік - сындарлық тұрғыдан білім беру болып табылады. «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйрету» әлеуметтік-сындарлық көзқарасымен тығыз байланысты. Оқушыларды сабақтарда диалог арқылы оқытсақ, олар өз ойларын еркін жеткізуге, көпшілік ортада өздерін еркін ұстап, өз пікірлерін шешен тілмен жеткізуге үйренеді. Мұғалім мен оқушылар арасында диалогтік өзара әрекеттестік арқылы сыни тұрғыдан ойлайды. Балалар өз құрбыларымен және мұғалімімен сұхбаттасуда өз көзқарасын айтады, әрі қорғайды. Ойы шыңдалады. Сындарлық оқытудың мақсаты - оқушының математика пәнін терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмады, сол себепті механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алды.

Математиканы дәстүрлі оқытуда оқушылар жаттанды материалды белгілі бір уақытқа дейін ғана есте сақтап, кез - келген жағдайда оны өмірде пайдалана алмайды. Білім берудегі Кембридж тәсілінің теориялық негіздері бойынша қашықтықтан оқыту кезеңінде жеті модуль бойынша іске асыру.

Математиканы оқытуда оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету үшін «симметрия» тақырыбына байланысты әртүрлі суреттер, көріністер, видеороликтер тағы басқа жолдармен оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, көргендерін, есіткендерін байқағандарын өз тілі мен айтып түсіндіріп, бір-бірімен ой бөлісіп, пікір таласып, ойлағанын дәлелдеп шықты, нәтижеде тіл байлығы дамып еркін сөйлеуге, бір – бірін тыңдауға және сыйлауға, шыдамдылыққа сабырлыққа, ойын толықтыруға үйренді. Оқушылармен қарым-қатынас тұрғысынан қарағанда педагогикалық әдеп мұғалімнің жан-жақтылығының, оның идеялық сенімінің, жүріс-тұрыс мәдениетінің, мамандығына байланысты ізденіс жемістері қорының жиынтығының айнасы болып есептелінеді, ең маңыздысы мұғалім оқушыларды жақсы көріп, оларды сыйлап, басқаларға үлгі болуы керек. Білім беру үшін бағалау және оқытуды бағалау моделін пайдалана отырып оқушыларды және оқытуды бағалау моделін пайдалана отырып оқушыларды білімдерін бағалауға ерекше көңіл болуге қол жеткізу.

“Симметрия адамзаттың сан ғасырлар бойы сәндікті жетілдіру үшін ашуға әрекет еткен ұсынысы болып келеді”. Адамзат тарихында ең ерте қалыптасқан ғылымдардың бірі – математика. Математиканың алғашқы бесіктерінің бірі Мысыр елі болды. Табиғатта, техникада және тұрмыста кейбір денелердің өзара ұқсас, үйлесімді орналасуын симметрия деп атайды. «Симметрия» грек сөзінен алынған «үйлесім» сөзі сияқты бірдей өлшемділікті, белгілі бір реттілікпен орналасқан деген ұғымды білдіреді. Симметрия ұғымы адам шығармашылығының көпғасырлық тарихымен тығыз байланысты. Симметрия физика мен математикада, химия мен биологияда, техника және архитектурада, поэзия мен музыкада маңызды роль атқарады.



1-сурет. Симметриялы қисықтар


Симметрия (гр. *symmetria* — мөлшерлес) — Жиі кездесетін математикалық ұғымдардың бірі, центрге немесе өс жазықтығын қатысты алғанда бірдей пішінді фигуралардың орналасуы.<sup>[1]</sup>



Фигура  $O$  нүктесіне қатысты симметриялы деп аталады, егер осы фигураның кез келген  $X$  нүктесіне сәйкес  $Y$  нүктесі  $O$  (симметрия центрі) нүктесіне қатысты  $X$  пен симметриялы болып табылса. Симметрия және фигура центрі бір.

Мысал: Фигура түзуге қатысты симметриялы деп аталады, егер ол түзу сол фигураны екі бірдей бөлікке бөліп, сол түзу бойымен бөліктерді беттестіргенде сәйкес келсе ( $I$  – симметрия осі)

Мысалы:  $ABC$  мен  $A_1B_1C_1$  симметриялы.



а)  $AB \perp I$ ; б)  $AO=OB$

## 2-сурет. Симметриялы үшбұрыштар.

Симметрия осі мен симметрия жазықтығы бірнеше болуы мүмкін. Шар, домалақ цилиндр, домалақ конус және т.б шексіз симметрия жазықтықтарына ие.

Симметрияның ең қарапайым түрі – түзуге қатысты симметрия. Егер түзу бойымен бүктегенде жазықтықтағы екі фигура бір-бірімен беттесетін болса, ондай фигуралар түзуге қатысты симметриялы фигуралар деп аталады. Симметриялы фигуралар өзара тең болады. Егер түзу фигураны симметриялы екі бөлікке бөлсе, онда ондай фигура осьтік симметриялы фигура деп аталады, ал түзу сол фигураның симметрия осі деп аталады. Тік төртбұрыш, квадрат, шеңбер – осьтік симметриялы фигуралар. Тік төртбұрыштың екі симметрия осі бар, квадраттың төрт симметрия осі бар. Шеңбердің кез келген диаметрі арқылы өтетін түзу оның симметрия осі болады. Сондықтан шеңбердің симметрия осьтері шексіз көп. Бұрыш – осьтік симметриялы фигура. Бұрыштың симметрия осі бойындағы бұрыштың төбесінен басталатын сәулені биссектриса деп атайды. Бұрыштың биссектрисасы оны градустық өлшемдері тең екі бұрышқа бөледі. Симметрияның екінші түрі – нүктеге қатысты симметрия.  $O$  нүктесіне қатысты симметриялы нүктелер фигураның өзінде жатса, ол фигура центрлік симметриялы фигура деп аталады.  $O$  нүктесі фигураның симметрия центрі деп аталады. Тік төртбұрыш, шеңбер, кесінді – центрлік симметриялы фигуралар. Тік төртбұрыштың қарама-қарсы төбелерін қосатын кесінді диагональ деп аталады. Тік төртбұрыштың диагональдарының қиылысу нүктесі – оның симметрия центрі. Шеңбердің симметрия центрі – шеңбердің центрі болатын  $O$  нүктесі. Кесіндіні тең екі бөлікке бөлетін  $O$  нүктесі – оның симметрия центрі. Координаталық жазықтықтағы координаталар басы  $O$  нүктесіне қатысты симметриялы нүктелердің координаталары қарама-қарсы сандар болады. Дұрыс алтыбұрыш 6 симметрия осіне, шеңбер шексіз көп симметрия осіне ие болады.

Шығармашылық іс-әрекет тұрғысынан қарағанда, қажеттілік – адамның танымдық және шығармашылық белсенді ойлау әрекетін оятатын негізгі күш болып табылады деп есептейміз.

Математика сабағында оқушылардың танымдық әлемін кеңейтуге, шығармашылық іс-әрекеттерін қанағаттандыруға бағытталған жұмыстар мұғалімнің басты бағдары болуы тиіс.

Қажеттілік барлық тірі табиғатқа тән, барлық тіршіліктің негізгі қозғаушысы. Дарынды бала қоршаған дүниенің жұмбақтарын сезінген сайын оны тануға құштар болып, білмегенін білуге әрекет жасайды. Оқу әрекетінің пайдалылығын, білімнің қажеттілігін түсінген балалардың жауапкершілігі артып, қызығушылығы тұрақтанып, шығармашылық іс-әрекетпен белсенділігі дами бастайды. Кезінде ұлы ойшыл Плутарх былай депті: «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады». Сондықтан, мектеп, оқу үдерісі, тәрбие, мұғалімдер ұжымы баланың бойындағы дарындылықты анықтап, оны дамыту мәселесіне көңіл бөлуі, қызығушылығын оятуы тиіс. Бұл ояныс дарынды баланың мектепке келуіне жетелейді. Сабақта, белгілі бір пәндерге қызығушылығы пайда болады. Жақсы меңгерілген білім қуаныш сезімін тудырып, бірте-бірте оқу



мазмұнына, мектеп өміріне ынта-ықыласы артады. Мұның өзі тұрақты қызығушылықты тудырып, қабілеттілігін дамытады.

Сабақты оңтайлы жүргізудің негізгі шарты – сабақ үдерісінде шығармашылық жағдай қалыптастыру керек. Яғни, мұғалім әр оқушының сабақта белсенді әрі қызығушылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек. Сонда ғана оқу материалы терең әрі саналы түрде меңгеріледі, білім сенімге айналады.

Зерттеулерге жүгінсек, қажетсіну мен қызығушылықтың арқасында адамның дамуы, алдына айқын мақсат қойып, оған жетуге әрекеттенуімен, оның белсенділік, ізденімпаздық сияқты қасиеттерінің дамуының маңызы жоғары. Осы қасиеттердің оқушылар бойында қалыптасуы, оқушы танымының үздіксіз дамуына бағытталған әрекеттері, оны іс-жүзінде қолдана білуі, оқу еңбегінде шығармашылық қабілеттілігінің дамуына бірден-бір септігін тигізеді.

Дарынды баланың негізгі іс-әрекеті – оқудың өзіне тән себеп-салдары арқылы жүзеге асады. Егер оның іс-әрекетінде себеп, қажеттілік сезінбесе, онда ол мағынасыз үрдіске айналады. Сонымен, қажеттілік пен қызығушылық оқушыны ынталандыруға, белсендіруге негіз болып, оның жас кезінен бастап, дұрыс тәрбие арқасында дамып жетіледі. Нәтижеде жеке тұлғаның шығармашылығының дамуына, қалыптасуына себеп болады.

Дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекет құрылымы бойынша, зерттеліп отырған мәселедегі шығармашылық белсенділік ұғымының мәні мен маңызы ашылып, кеңі түседі. Бұдан, көрсетіліп отырған ұғымдардың мазмұнына үңіліп, оны саралау арқылы шығармашылық белсенділік ұғымының қазіргі кезеңге үйлестірілген нақты анықтамасын табуға болады.

**Шығармашылық белсенділік** – ізденумен жоқ нәрсені ойлап тауып, оны кәдеге асыра алатын жеке тұлғаның ерекше қасиеті.

Қ.Б.Жарықбаев, С.А.Ұзақбаева, М.Қаламқалиев, А.Н.Леонтьев, А.Е.Әбілқасымова, Д.Рахымбек, Ә.Бүркіт, Ж.Нұрматованың т.б. еңбектерінде, танымдық және шығармашылық қызығушылық туралы зерттеулер баяндалған [1-22].

Жеке тұлғаны шығармашылық іс-әрекетке дайындауда танымдық қызығушылықтың маңызы зор екені белгілі. Танымдық қызығушылық жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттілігінің дамуына бағытталған іс-әрекет белгісі ретінде көрініп, дарынды баланың ынтасын, құлшынысы мен ақыл-ойының бағытын анықтайды, шығармашылық іс-әрекетке ықпал етеді, қажеттілігі мен ізденімпаздығын тудыруға негіз болып, шығармашылық қабілеттілігінің дамуына мүмкіндік береді.

Шығармашылық белсенділік жеке тұлғаның қасиетіне айнала отырып, оның шығармашылық сипатын және қоғамдағы бағытын айқындайды, жеке тұлғаның болмысқа деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады. Қызығушылықтан оқушылардың іс-әрекеті қарқындап, қажетсінуі мен белсенділігі жоғарылайды. Танымдық қызығушылықтың жоғарылауы, дарынды баланың іс-әрекетін – ізденімпаздыққа алып барады.

Оқыту үдерісінің құрылымы мен ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар оқытуда танымдық қызығушылықты жетілдіру, оқушының оқуға қатынасына, пәнге деген саналы көзқарасын айқындауда, соның негізінде шығармашылыққа жетелеудің мәні мен маңызы зор екендігін қуаттайды. Сол себепті, оқыту әдістемесінде танымдық, шығармашылық және әлеуметтік бірлігі үнемі ескерілуі керек. Дарынды баланың оқуға ынтасының бар болуы, оның жеке бас ерекшелігін ғана танытып қоймай, оқу нәтижесінің ол үшін маңызды екенінің де көрсеткіші болады.

**Танымдық қызығушылықты** – оқушының шығармашылық іс-әрекетке жетуге деген белсенді танымдық әрекеті деп айта аламыз.

Г.И.Щукинаның пікірінше, танымдық қызығушылық:

– қоршаған орта құбылыстары мен түрлі заттарды тану бағыты;

– іс-әрекетке талпыну, негізгі ой, қажеттілік;

– психикалық үрдістер қарқынды, іс-әрекет нәтижелі, қызықты өту үшін адамның қабілеттілігін талпындырушы;

– қоршаған орта құбылыстары мен заттарына ерекше таңдамалы қатынасы.

Сыни тұрғыдан ойлау әдісімен байланысы, оның өмірлік маңызы т.б.(оқу материалының мазмұны);

– оқытудың әдістері мен формалары, оқытудың проблемалық сипаты, оқушылардың өзіндік жұмыстарын шығармашылықпен орындауы, көрнекі және компьютерлік техниканы пайдалану т.б.(оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері);

– мұғалім мен оқушылар арасындағы ізгілік қарым-қатынас байланысы т.б. (сабақта мұғалімнің жылы шырайлы педагогикалық қарым-қатынасының болуы, еркін, жағымды атмосфера орнату, оқушылардың бір-біріне көмек беруі, өзара сайыс ұйымдастырып қызықтыру);

Кез-келген жұмысты жоғары деңгейіне жеткізіп атқаруға үлкен шеберлік керек. Ол қасиет барлық іс-әрекеттерге, барлық мамандарға тән.

Біздің пікірімізше, қызығушылық пен қажеттілік арасындағы байланыс күрделі мәселе, бұлардың өзара байланысы болғанымен, оларды теңестіріп қарауға болмайды. Сондықтан, адам әрекетінің шығармашылық деңгейі оның ішкі қажеттерінен, танымдық қызығушылығы мен қабілеттілігінен, сезімдері мен мотивтері бірлігінен көрінеді. Оқушылардың қандай да іс-әрекетті орындаудағы белсенділігі, оған итермелейтін мотивтеріне, қызығушылығы мен ізденімпаздығына байланысты.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігі ұғымының мәні мен маңызын көрсетуде ізденімпаздық ұғымына талдау жасаудың орны ерекше.

Ізденімпаздық – адамның өз бетімен жұмыс істеуіне, ізденуіне пайдалы әсерін беретін интеллектуалдық қабілеті.

Жоғарыда келтірілген отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерін талдай отырып, бұл ұғымның мазмұнына авторлар түрліше мағына беретіні мәлім болды. Біреулері танымдық ізденімпаздық – оқушының ақыл-парасат қабілеті десе, екіншілері өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылысынан көрінетін жеке тұлға қасиеті дегенді айтады.

Қорыта айтқанда, жалпы орта мектептің математика курсының «симметрия» тақырыбын оқытуда сыни тұрғыдан ойлау әдісін қолдану негізінде оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен белсенділіктерін, логикалық ойлау қабілеттерін арттырудың маңызы зор. Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу – оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, басқа да көптеген мәселелерді шешеді. Оқушы мемлекеттік стандартты ғана алып қоймайды, өз қабілетіне қарай таңдау, әрі қарай білімін дамытуға мүмкіндігі болады.

Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану оқушылардың сабаққа деген белсенділігін, қызығушылығын, танымдық, ойлау қабілеттерін арттырудың бірден-бір көзі болып табылатындығы анық.

### Әдебиеттер

1. Математика. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Жалпы орта білім. – Алматы: РОНД, 2015. - 368 б.
2. Д.Рахымбек, Ә.Қ.Бүркіт. Математиканы оқыту әдістемесі. Алматы, 2015.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – 2 басылымы. – Алматы, 2000. – 46 б.
4. Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы. Білім, 1993. – 270 б.
5. Интернет материалдары.
6. Волошинов А.В Математика и искусство.-М.: Просвещение 1992г.
7. Глейзер Г.Д.Геометрия.-12-тое изд.,-М.: Провещение 1992г.
8. Константиновна И.Г. Искусство Алтая.-М.: Просвещение 1989г.
9. А.А.Коринфский ."Народная Русь", стр. 352, Смоленск,"Русич", 1995г.
10. "Математика в школе", №6, 2007г.
11. Гончарова С.Г., Кукин Г.П. Конструктор «В мире симметрии» Математика в школе. 1996г
12. О. Иванова. Этот симметричный мир. - Первое сентября. – 2006 № 6.
13. Универсальный Справочник Школьника 5-11 классы(2005 год выпуска)
- Азевич А.И. Двадцать уроков гармонии - Москва, изд-во «Школа-Пресс», 1998 год.
14. Туганбаев М.Л., Беркут А.К., Нурматова Ж.К., Алдешов С.Е. Компьютерные цвета. Шымкент, 2011. – С.145-146.
15. Туганбаев М.Л., Беркут А.К., Нурматова Ж.К., Алдешов С.Е. Компьютерная графика. Шымкент, 2012. – С.145-146.
16. Савельева С.В., Беркут А.Х., Э.Б.Абдрахманова. Цвет. Шымкент, ЮКГУ.
17. 2010. –С.7-9.
18. М. В. Зарва. Ассиметрия в о словаре нарицательных имён «Русское словесное ударение». печатное издание М.: ЭНАС, 2001,
19. Власов В.Г. Иллюстрированный художественный словарь. — СПб.: Икар, 1993. — С. 23.
20. Беклемишев В. Н. Основны сравнительной анатомии беспозвоночных. (в 2-х томах). Т.1. М., «Наука», 1964.
21. «<http://ru.wikipedia.org/w/index.php?title=Симметрия&oldid>.

### Резюме

*В этой работе «Симметрия — символ красоты, гармонии и совершенства» изучены законы симметрии. Для исследований взято несколько объектов это: зеркальная симметрия, симметрия в живой природе, симметрия в архитектуре, симметрия в Выдвинутая в начале работы гипотеза подтверждается исследовательской работой. Обучение не должно сводиться к передаче и усвоению сформулированных преподавателем правил, формул, теорем. Это активный творческий поиск со стороны преподавателя и со стороны ученика. Задача преподавателя состоит в том что, чтобы в процессе передачи знаний научить учеников активным формам учения, приводящим к самостоятельному добыванию знаний по математике. Задача ученика — освоить осознанно систему знаний, умение решать самостоятельно творческие задачи.*

### Summary

*In this work « Symmetry — a symbol of beauty, harmony and perfection». Laws of symmetry are studied. For researches some objects it are taken: mirror symmetry, symmetry in wildlife, symmetry in architecture, symmetry in Russian national ornament. Put forward in the beginning of work the hypothesis proves to be true research work. For realization above said before teacher stands the question is it necessary to perfect, the quality a teaching, efficient and demonstrative using of new informational technologies, as well as complex use of education facilities on mathematics lesson in the secondary school. In this article we consider the notion of the visual teaching. The visual aid probably*

*appeared together with origin of human society, together with the need of the transmission to information on being absent at the present moment subject or phenomena. (The past speak About this before us stone drawins). Coming from these particularities of the physiologies to high nervous activity and founded on them psychologies of the human perception, pedagogy and psychology confirm that the most high quality of the assimilation is reached under direct combination of the word of the teacher and presented by the student by means of technical facilities of the education (TSO) of the scene in process of the transmission to scholastic infprmation.*

ӘОЖ 377.031

ӘОЖ 3.372

**М. Құралбаева**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ: МАҚСАТЫ, МІНДЕТІ, ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

#### **Түйін**

Бұл мақалада жоғары оқу орындарының кәсіби бағдар беру жұмысының мәселесі қарастырылады, мақсаттары мен міндеттері анықталады, жоғары оқу орындары қызметіндегі кәсіби бағдар беру жұмысының нысандары мен әдістері айқындалады.

**Кілттік сөздер:** жеке және кәсіби өзін – өзі анықтау, кәсіби бағдар, мамандық таңдау, білім беру қызметінің тұтынушылары

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін өзі анықтауы білім беру міндеттерінің маңыздысы болып табылады және осы мәселенің шешімі әрбір адам үшін де, мемлекет қоғамы үшін де маңызды. Жоғары сынып оқушыларының саналы түрде кәсіби таңдау жасауын қалыптастыруда негізгі салмақ жалпы білім беретін мектептерге түседі.

Осыған орай, мектептер жастарды мамандық таңдауға даярлауда тұлғалық ерекшеліктеріне және еңбек нарығындағы әлеуметтік экономикалық жағдайға қарай, оқушылардың кәсіби бағдарына көмек көрсете алатындай ғылыми негізделген шаралар жүйесін іске асыруы керек. Жоғары сынып оқушыларын өз алдына кәсіби таңдау жасауға даярлау мектеп пен жоғары оқу орнының қарым – қатынаста жұмыс атқаруына септігін тигізеді.

Жоғары оқу орнының мақсаты – мектеп түлектерін дәл осы жоғары оқу орнына түсуге үгіттеу. Білім беру саласындағы бәсекелестік пен кейбір аудандардағы демографиялық төмендеулер аталмыш мәселені өзекті етіп барады.

Г.М.Коджаспированың педагогикалық сөздігінде кәсіби бағыт жастардың мамандықты еркін, саналы және өзбетінше таңдау жасауы, сонымен қатар, мамандықтар кәсіби ақпараттар, кәсіби диагностика, кәсіби кеңес, кәсіби іріктеу, кәсіби бейімделу арқылы жүзеге асып отыратын жеке тұлғаның және еңбек нарығының ерекшеліктерін ескеріп отыра жұмыс атқаруымен жүзеге асады деп анықталады. [1].

Кәсіби бағдар беру жұмыстары барысында жоғары оқу орындары тек өздерінде ғана жүзеге асырылатын мамандықтарды таңдауға үгіттеу жұмыстарын жүргізуге талпынады.

Кәсіби бағдар беру жұмыстары барысында жоғары оқу орындары көп жағдайда оқушыларды таңдалған мамандықтың немесе бағыттың бітірушілеріне қойылатын талаптармен таныстыру, жоғары мектепте оқу барысында алатын білімі мен дағдылары жөнінде мағлұматтар беру, бітірушілердің белгілі бір бағытты меңгергеннен кейінгі мамандығын сипаттап беру секілді ағарту шараларын ұйымдастырады.

Сонымен қатар, жоғары оқу орнынан келген өкілдер әртүрлі мамандықтардың әлеуметтік – экономикалық және психофизиологиялық ерекшеліктерін таныстырып, еңбек нарығындағы жағдаяттар туралы, кәсіби – құзіреттілік өсім жөнінде ақпараттар беріп, жоғары сынып оқушыларын жаңадан ашылған мамандықтармен таныстырады; осы жоғары оқу орнының негізгі мамандықтарымен таныстыру жұмыстарын жүргізеді; мектеп оқушыларын белгілі бір мамандыққа деген қызығушылығын оятып, білім алушыларға жасалатын жағдайлар мен барлық тиісті жағдайлар жасалатыны жөнінде де және т.б. ақпараттандырады.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындары арасында үлкен бәсекелестік бар, жоғары оқу орындары айналасындағы және осы саладағы ақпараттық кеңістікті толық қамтуы тиіс. Жоғары және жалпы білім беретін мектептер тұтынушыларға білім беру қызметін ұсынады.

Кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу барысында жоғары оқу орындарының мақсаты мектеп түлектерін нақты жоғары оқу орнына түсуге үгіттеу болып табылады.

Кәсіби бағдар жұмысын сауатты жүргізу мен коммуникациялық құралдарын дұрыс пайдалану үшін жоғары оқу орындары өздері ұсынатын білім қызметін тұтынушыларының іс – әрекеті мен қызығушылықтарын нақты білуі керек.

Тұтынушылардың іс – әрекетін сараптай отырып: жоғары оқу орындары өздері беретін ақпараттарды толықтай меңгеруімен қатар, тұтынушыға нақты шешім қабылдауына әсер ететін өзінің жоғары оқу орны туралы, оның білім беру қызметі жөнінде қандай ақпараттар қажет екендігін білуі маңызды, өйткені тұтынушы дәл осы ақпараттарды белсенді түрде іздейді және сараптайды.

Тұтынушылардың іс – әрекетіне әсер етуші факторлар:

**Психологиялық факторлар** – бұл тек тұтынушының жеке тұлғасына байланысты, ол оның іс – әрекетінің негізі болып табылады және келесідей сипатталады: тұлғаның темпераменті, ерекшелігі, тұлғаның мінез құлқы, интеллектуалды қабілеттері, танып білу әдістері, психологиялық образдары, қоғамдағы іс – әрекеті, сезімдері, күйзелістері;

**Әлеуметтік факторлар** – бұл қоғамдық пікір, тұтынушының жеке тұлғалық қасиеттері, мораль, серіктестік, қарым – қатынас, қақтығыстар секілді факторлармен келтіріледі;

**Экономикалық факторлар** – бұл фактор білім беру саласының макроортасының факторларына жатады және ол білім беру саласының тұтынушыларының іс – әрекетіне ықпал ету салмағына қарай жеке топқа бөлінген.

Бұл факторларға мемлекеттік қаржыландыру, білім беру қызметінің құны, тұтынушылардың еңбек ақысы, елдің салықтық жүйесі, білім алуға банктік несие алу мүмкіндігі, нарық жағдайы жатады.

Аудиторияға ықпал етуші құралдарды сараптай келе білім беру саласында келесідей жеті құрал пайдаланылады.

Жарнама – ол кез келген формада, кез – келген құралдар арқылы таратылады, нақты осы жағдайда ақпарат білім беру мекемесі оның білім беру қызметі, қолжетімділігі мен оған деген қызығушылықты арттыруға бағытталған.

Салытымды ынталандыру – мұндай әдістер өз қызметінің сатылымын арттыру мен жеделдету мақсатында білім беру саласының тұтынушыларына және білім беру мекемесінің іскерлік серіктестеріне бағытталған әртүрлі қысқамерзімді ынталандыру акцияларымен анықталады.

Қоғаммен байланыс – бұл білім беру мекемесінің әрекетін қоғамның мүддесімен келістіру жүргізу мақсатында, сонымен қатар, әртүрлі бағдарламалар арқылы өзара түсіністік пен имдж қалыптастыруға бағытталған екіжақты коммуникативті байланыстарды басқару үрдісі.

Тікелей маркетинг – бұл белсенді маркетингтік жүйе, ол кез-келген аймақта білім алуға келісім шарт жасау үшін бір немесе бірнеше коммуникативті құралдар қолданылады.

Фирмалық стильді жасау – ол дегеніміз әрдайым қолданылатын визуалды және мәтіндік элементтер кешенін жасау, яғни ол нақты жоғары оқу орынының басқа бәсекелестерінен айырмашылығын айқын көрсететін, білім беру мекемесінің еркеше имиджінің қалыптасуына септігін тигізетін тәсіл.

Білім беру мекемесінің жәрмеңкелік және көрме ретінде ұсынылатын құралы оған онан әрі танымалдылық пен өз білім беру қызметін кең тарауына септігін тигізеді.

Өндіріс орындарымен тығыз байланысты жұмыс жүргізу ортақ мәселелерді бірігіп шешуге және дамуға мүмкіндік береді.

Бұл көрсетілген маркетингтік коммуникациялар кешендері әсер ету құралдарын пайдаланудың кезеңдерін таңдау жұмыстарын сауатты жүргізген жағдайда білім беру мекемесінің білім беру қызметін нарыққа шығуына септігін тигізеді.

Жоғары оқу орындары мектеп оқушыларының кәсіби бағытына белсенді түрде әсер етіп отыруы тиіс, ал ол тек келесідей бағыттардың жүзеге асырылуы нәтижесінде жүзеге асады:

- Жалпы білім беретін мекемелер мен орта кәсіби білім беретін немесе жоғары кәсіби білім беретін мекемелердің базасында жас экономисттер, жас менеджерлер, жас кәсіпкерлер және т.б. мектептерін жасақтау және ол өз кезегінде жоғары сынып оқушыларын өздерінің мүмкіндіктерін сынауға, оқу материалын анағұрлым жоғары деңгейде қабылдау мүмкіндіктерін бағалауға, дәрістерді жинақтауға, өзалдына дайындалу дағдысын дамытуға ықпал етеді; [2,3].

- Білімнің креативті технологиялары оқушыға мүлтіксіз таңдау жасауға мүмкіндік береді; жоғары оқу орны әртүрлі мамандықтарды негізгі пәндері бойынша виториналар немес олимпиадалар, ғылыми конференциялар өткізіп тұратын болса, өйткені осындай олимпиадаларға қатысу оқушыға пәндерге тереңірек үңілуге, мектеп бағдарламасынан тыс аәндерді де меңгеруге мүмкіндік береді және мұндай жұмыс оқушылардың өзалдына білім алу дағдысын дамытып, белгілі бір білім саласына деген қызығушылығын арттырады;

- Жоғары оқу орны кәсіби бағдар беру жұмысы шеңберінде мынадай дәстүрлі және дәстүрлі емес бағыттарды қолданса, мысалы: қала мектептерінде білім беретін мекеме ұсынатын білім қызметі жөнінде ақпараттар берілетін буклеттер тарату, ашық есік күндерін өткізу; факультеттердің қызметкерлері мектептерді аралап шығатын болса; мектеп оқушыларына оқу ғимаратында экскурсия ұйымдастырса, сонымен қатар, сол факультетпен таныстырылса; жоғары сынып оқушылармен студенттер арасында спорттық жарыстар ұйымдастырылса; жоғары сынып оқушыларымен психологиялық тренингтер жүргізілсе; үгіт – нсихат бригадаларының қала мектептеріне шығуы; «мамандықтар жәрмеңкесі» атты ақпараттық шаралар ұйымдастырылса; факультеттерде талапкерлер мен олардың ата – аналарына түсіндіру жұмыстарын жүргізетін кенес беру пункттерін ұйымдастырса; бұқаралық ақпарат құралдарына жарнамалық материалдарды орналастырса.

Қазіргі таңда, жоғары сынып оқушылары арасында жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмыстары шеңберінде кең тараған жұмыс түрлері: сабақ, экскурсиялар, кеңес берулер, сынып тыс жұмыс формалары (пәндік үйірмелер, студиялар, ғылыми бірлестіктер, олимпиадалар, конкурстар және т.б.).

Негізгі жұмыс түрлеріне сөзбен жеткізу әдістері де (баяндау, түсіндіру, әңгіме жүргізу, дискуссия, дәріс, кітаппен жұмыс), көрнекі құралдар арқылы жеткізу әдістері де (иллюстрациялау әдісі, көрсету әдісі және т.б.), сонымен қатар, тәжірибелік әдістер де (жаттығулар, лабораториялық және тәжірибелік жұмыстар және т.б.) жатады.

Жоғары оқу тарапынан әсер етудің анағұрлым қолжетімді және шығынсыз құралдарының бірі: жоғары оқу орны басзасында өткізілетін оқушылар мен олардың ата – аналарына арналған ашық есік күндерін ұйымдастыру, жоғары мектептің профессорлық – оқытушылық құрамымен танысу және олардан жоғары оқу орнының тарихы, дәстүрлері, даму бағыты мен ондағы дайындық бағыттары мен мамандықтары туралы ақпараттар алу мүмкіндігін жасау; жоғары оқу орны қызметкерлерінің мектептердегі мамандықтар жәрмеңкесіне қатысып, өзін толық көрсету мүмкіндігін алу, ал оқышулырға өз кезегінде, алған ақпараттарын сараптай келе мүлтіксіз әрі саналы түрде таңдау жасау мүмкіндігін беру; мектеп әкімшілігінің ұсынысымен жоғары оқу орнының қызметкерлерінің жоғары сынып оқушылары мен олардың ата – аналары үшін өте өзекті мәселе болып саналатын мамандық таңдау мәселесіне арналған ата – аналар жиналыстарына қатынасу; жоғары оқу орны өкілдері жоғары сынып оқушыларының ата – аналарымен болашақ мамандық пен кәсіби бағдар жөнінде жеке жұмыстар қарастыру; жоғары мектеп пен білім органдары бірлесе отырып конкурстар, олимпиадалар, жоғары сынып оқушылары үшін конференциялар ұйымдастыру және өткізу; жоғары оқу орнының профессорлық – оқытушылық құрамының жоғары сынып оқушыларының ғылыми жұмыстарына көмек көрсетуі; оқушылар үшін жұмыс орындарына экскурсиялар ұйымдастыру.

Экскурсия жоғары сынып оқушыларын өндіріспен, техникамен, технологиямен, және әртүрлі өндіріс орындарының мамандықтары жөнінде ақпарат берудің әрі таныстырудың ең маңызды формасы болып табылады; әртүрлі мамандық ежелерімен таныстыру да кәсіби бағдар беру жұмысының таныстыру формасының тиімді әдістерінің бірі, сонымен қатар, оқушылардың назарын өздерінің кәсіби еңбек жолдарын бастауға ниеттеніп отырған аймаққа қажетті мамандықтарға аудару болып табылады. [4].

Жоғары мектеп ұйымдастыратын мұндай шаралар жүйесі талапкерлерді мамандықтар әлемі, еңбек нарығындағы жағдайлармен, білім беру қызметіндегі әрекеттері жөнінде ақпараттар беріп, соның ішінде, нақты жоғары оқу орнының жалпы білім беру қызметімен таныстыратындығы сөзсіз.

Осылайша, тиімді жұмыс атқаратын механизм ол оқушылар арасында кәсіби бағдар беру жұмыстарын бірмақсатта жүргізетін мектеп пен жоғары орнының қарым – қатынаста жұмыс жүргізу механизмі болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь / Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров. - М. : Академия, 2-переизд.2010. - 176 с.
2. Менеджмент, маркетинг и экономика образования : учеб. пособие / под ред. А.П. Егоршина. - Нижний Новгород : НИМБ, 2001. - 624 с.
3. Сабирова Р.Г. Взаимодействие школы и вуза в процессе подготовки учащихся к получению профессионального образования : дис. ... канд. пед. наук / Р.Г. Сабирова. - Киров, 2004. - 157 с.
4. Пряжникова Е.Ю. ПрофорIENTATION : учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Е.Ю. Пряжникова, Н.С. Пряжников. - 4-е изд., стер. - М. : Академия, 2008. - 496 с.

#### Резюме

*В статье рассматриваются вопросы профориентационной работы Вуза, определены цели и задачи, выявлены формы и методы профориентационной работы в деятельности вуза.*

#### Summary

*In article are considered questions of professional orientation work of Higher education institution, purposes and tasks are defined, forms and methods of professional orientation work in activity of higher education institution are revealed.*

К. А. Миранова - қазақ тілі және әдебиеті пән мұғалімі,

№116 Д.Нұрпейісова атындағы жалпы-орта мектеп, Шымкент, Қазақстан

## ҰЛЫ БАБАМЫЗДЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ

### Түйін

“Аталы сөзге арсыз да тоқтаған” деп халқымыз сөз қадірін жоғары бағалаған. Ұлы бабамыз Төле бидің өмірі, өнгелі өсиет сөздері жас ұрпаққа асыл мұра болып қалатыны сөзсіз. Мақала Төле әлібекұлының өмірі, ел аузына тараған аталы сөздері туралы мағұлматты қамтиды.

**Кілттік сөздер:** Төле би, қазақ әдебиеті, даналық, өсиетті сөдер.

Төле Әлібекұлы 1663-1756 жыл аралығында өмір сүрген. Төленің дүниеге келуі туралы аңыз әртүрлі айтылады. Солардың бірі (Төленің әкесі) Әлібектің екінші әйелі Бөктік тұңғыш ұлы Өтебайдан кейін жеті-сегіз жыл бала көрмей жүреді. Бірде Домалақ анасы түсінде аян береді. «Әули – Әлібилерге барып сиян, әлеуметті аузына қаратар ұл көресін» дейді. Мұны естіген Әлібек би бәйбішесін, Бөктікті ерітіп, үшеуі қасиетті Қожа Мұрат Бақыш әулиеге барып сиынады. Сол арада есекке мінген бір дуана келіп, бұлардан сусын сұрапты деседі.

Бәйбіше сары қымызды сапырып жіберіп, сырлы зеренге толтыра құйып береді. Диуана сіміріп салып, артынша ішкенін ыдысқа қайтадан қайтарып, өзіне ұсынады. Ол кісі жиіркеніп ішпейді. Сонда Бөктік (екінші әйелі) зеренді диуананың қолынан алып, қымызды сіміріп, ішіп қояды. Осыдан кейін Төле дүниеге келіпті.

Бала дүниеге келген соң екі әйел арасында кикілжің, ұрыс болады. Түнде анасының қасында, босаға жақтағы бесікте ұйықтайтын сәби, үлкендер таң атқанда қараса, қақ төрде тұрады дейді. Бұған бәйбіше ашуланып, Бөктікке тіл тигізіп ұрсады. «Неге бесікті төрге шығарып қоясың» дейді. Бөктіктің өзінде бұған аңтаң.

Әлібек екі әйелінің мына қылығына тиым салу үшін бір түнде ұйықтамастан бесікті аңдыды. Күні бойы үй шаруасымен айналысқан Бөктік қатты ұйқыға кетеді. Бәйбішеде ұйқыға кетеді. Түн ортасы кезінде шаңырақтан тіп-тік боп, бір жарық сәуле бесіктегі Төлеге түседі. Бала шыр ете қалады да, бесік тербетіліп, сәбиді жұбатқандай теңселіп төрге қарай жылжиды.

Таң атқан соң бәйбіше мен Бөктік тағы ілінісіп қалады. Әлібек Бөктік сыртқа шығып кеткен соң, бәйбішеге «Басқа сөзге ілінісіп, ұрысудың қажеті жоқ, түнде ұйықтамай, өз көзіңмен көр» дейді.

Бәйбіше Әлібектің айтқанын бұлжытпай орындап, түнде ұйықтамай жатады. Ол түнде шаңырақтан тіп-тік шаншылған сәулені, сәуле тербетіп бесікіні төрге шығарғанын көріп, аруаққа сиынып, «Қасиетті Домалақ ана, менің пенделікпен өткен күндерімді кешіре көр» деп жалбарынып, содан бастап балаға мейірімі түседі.

Таңертең болған жайды Әлібек пен Бөктікке айтып, Бөктіктен кешірім сұрайды.

«Баяғы диуана періште болды. Соның берген қымызын сен ішіп едің. Мына Төлежан маңдайымызға біткен бақ екен. Жолым үлкен, баланы маған бер, бауырыма сал» - дейді. Содан кейін екі ана бір-бірін сыйлап өтіпті. Халық айтады: «Ақылды екі ананың, есті атаның тәрбиесі босқа кетпейті» деп. Дананы мәпелеп өсірген аналар да дана ғой [1].

### Әке тәрбиесі.

Төленің әкесі Әлібек оны бейнеттің не екенін, қара халық тұрмысының қандай болатынын ерте танып, өсуіне жағдай жасаған. Бұл Төле өміріндегі ең маңызды, ең шешуші кезең болды. Себебі ол халықтың мұң-зарын, арман-тілегін өз құлағымен естіп, Көз жасын өз көзімен көріп, жаны ашып өсті.

Мұның бір мысалын қой бағып жүргендегі Төленің басынан өткен төмендегі оқиғадан көруге болады.

Төле таңертең ерте ауыл сыртында қой бағып жүреді. Ашық болып тұрған аспан бұлттанып, найзағай жарқылдап, нөсер құйып кетеді.

Төле үлкен түйе жапырақтың екеуін үзіп алып, басына жамылып, бұтаның түбінде біраз отырады. Көп ұзамай жауын басылады. Сол кезде ала шапан түстес бір нәрсе ағып кеп, сайға қарай жарқ етіп құлайды. Оның бүркіт екенін біліп, үстіндегі киімін сығып кептіріп, сайға қарай жүреді.

Бүркіттің әдетін әкесінен естіген, бүркіт қандай аш болсада түскен аңының санынан бір кеседей ойып жейді де, ұшып кетеді, қайтып соқпайды. Төле сайға келіп бүркіт түскен дәу текенің жатқанын көреді.

Төле текені орнынан қозғалта алмайды. Кішілеу төбенің басына көтерілгенде, бір шалдың жылап отырғанын көреді. Қасына келіп амандасады.

- Шал сен Әлібек бидің баласы Төлемісің? – дейді?

- Ия, ата. Бұл жерде неге жылап отырсыз?

- Қарағым, екі күннен бері ашпыз. Азығымыз таусылды. Бүгін ел жаққа барып азық әкелейін десем, шамам жетпейді. Кедейліктің кесірінен кемпірім екеуміз егін салып, жалғыз ешкіміздің сүтін ішіп отыр едік. Енді ол да жоқ. Елге хабар берсе екен біреу кездесіп, - деп төбе басында отыр едім.

- Ата, жаңа жауын жауып кеткенде, бір бұтаның түбін паналап отырып, бүркіттің сайда бір текені ұстағанын көрдім. Ол ұшқанда киімімді кептіріп бармадым. Ұшқан соң барсам дәу теке. Жүріңіз, сол текені ертіп үйіңізге апарайық.

- Ойпырмай, қарағым, мұның жақсы болды ғой. Кемпірімді де ертеңін.

Екеуі төбеде түсіп, шалдың шайласына келеді:

- Ау, кемпір қайдасың? Қабыңды ала жүр, ет табылды.

Үшеуі текені желіктеп бөліп, шайлаға тасиды.

- Соғым сойып алғандай болдым ғой. Несібелі бала екенсің, осы несібеннен айырылма, өмір жасың ұзақ болсын, жағын түспей, жаманшылық көрме деп бата береді.

Шалдың киімі жұпыны, үстінде жамау-жамау ақ шалбар, тозығы жеткен ақ көйлек, жалаң аяқ, өкшесі тілім-тілім, ақ сақалы, бенуарына түскен, бір көзі соқыр.

Төле біраз ұзап, артына қараса, шал сонынан әлі қарап тұр екен.

- Шіркін, ержетіп, үлкейген соң бай боламын-ау. Сонда осы тәріздес кембағыл қарттарға малды тегін үлестірмесем бе? – деп, Төле қиялға батады. Бұл кісілер өте кембағыл деп ойлайды.

Халық жоғын жоқтап, мұның мұндау тәрбие жемісі. Ал тәрбие – әркімнің өмірден көрген білгенін, естіп ұққаннан өріс алады. Әкесі Әлібек Төлені кішкентайынан мал бағуға бөлеудегі ниеті, көріп-білсін дегені.

Төленің халықтың мұң зарымен, арман-тілегі мен ерте танысып, ойланып өсуіне көмектескен маңызды жағдай – Әлібек би шаңырағының ел арасында туып жататын дау-дамайларды, зорлық-зомбылық кесірінен әділдік іздеушілердің бас қосқан шаңырағына айналуы.

Бұл бала Төленің әлеуметтік, әділетсіздік сырын ерте біліп, өсуіне көп көмектеседі. Бала Төленің әділ билігіне риза болып, бір қора мал айдап келгендердің көңілін қалдырмай, сыйлықтарын қабыл алып, бірақ малдың бір тұяғына да тимей, кедейлерге үлестіріп бергені әке тәрбиесінің және өмірден алған тәлімнің жемісі [2].

1. «Әке көрген оқ жонар» демекші бала Төле тоғыз жасынан бастап, билік құрып, төрелік айта бастайды. Жаратылысынан алғыр, сезімтал, зерек болады. Әкесінде бар қасиет Төледе де болады.

Төлетоғыз жасында бір топ атты кісілердің «Әлібек би өте әділ деуші еді, кәне әділдігі» - деп ренжіп бара жатқандарын естіп, алдарынан жүгіріп шығады. Изетпен сәлем беріп – Аталар, мен Әлібек бидің баласы Төлемін «әкеме не үшін ренжіп барасыздар» - дейді.

- Әкең ауылыңның жоғалған жүйрігін бізге таңды, біз ақпыз.

- Ендеше бүгін үйімізге қоныңыздар. Ертең қайта билік болады.

- Ақсақалды кісі: Қонсақ не соясың?

- Табылса бір қой, табылмаса екі қой соямын.

- Ау, мына баланың тілі қызық екен. Қонсақ қонайық. Әлібек би қарсы алар ма екен, - дейді.

- Ол жағынан кам жеменіздер.

2. Төле билік жасайды. Жұрт Төленің билігіне ризалық білдіріп оны «Бала би» атайды. Әкесі Әлібек би «Билік айтарда қасымда бол, балам, балалық дәурен өтпесін, билік қашпасын»- деп ықылас, мейір білдіріп, өз қасына алады.

Төле би тоғыз жасында Әнет бабаға барып бата алады.

3. Төленің Қарлығаш би атануы туралы айтамын. Әнет бабаға баруы туралы айту.

Төле би «ақылы асқанда аға тұт» деген халық даналығын берік ұстайды.

Оны адалдыққа, әділеттікке, кішіпейілдікке тәрбиелеген әкесі Әлібек би болса, оған үлкен үлгі-өнеге танытып, келешегіне дұрыс бағыт берген – ағасы Ақбота би. Ол төсек тартып, науқасының түрін аңдып, ел иесіз қалмасын деген ойын жиналған ағайын-тумаларына, үзеңгілес достарына ашық айтады.

Кәрі ажал тырнағын салатын күнде алыс емес. Бұл жалғаннан кім кетпейді. Көзімнің тірісінде орныма адам тағайындандар.

Әкем бір сөзінде «ел билейтін кісіде иманжүзділік, нысап, имандылық, адалдық, қайырымдылық, елге көрсетер үлгі болуы шарт», - дейді. Әсіресе жарлы-жақсыбайға, жетім-жесірге, мүсәпірге, кәрі-балаға көз қырын көп салатынды. Олар да сенің осындай болып жүргеніне тілектес, сені медеу, пір тұтады. «Көп тілеуі - көл» деген. Ілуде біреуі десекте киелі келеді. Сондай киелінің тілегі де, сөзі де елі. Осы сөздерімді өмірбақи ұмытпа» - дейтін.

Ағасы Ақбота би ары-беріден қозғап, тіршілігінде жасаған кемшіліктері, кінәсі болса кешіріңдер деген белгі білдіріп, ел басқаруға Төленің атын атайды.

Бала Төленің би сайлануы – үлкен сыннан өте білгендігін танытса, екіншіден Төле өскен ортаның, Ақбота бидің әділеттігін алға жаяды.

Қатал сыннан сүрінбей өтіп, би сайлағаннан кейінгі Төленің мінезін Қазанғап Байболов ақын «Төле би» туралы кітабында былай суреттейді.

«Бұл қандай өтірікші адам болса да, біреуге жала жапса да, Төле бидің алдында бір ауыз сөз қосып өтірік айта алмайтын болады. Бір сөзі екі сөз болып билігі бұзылған кісі емес. Және бір сипаты, біреуді біреу жала қиянатпен айыптаса, булығып сөйлеп, аларып қарап сөйлегенде қандай бір жүректі бтыр болса да ешкім бетіне қарай алмайды екен, «Төленің булығып сөйлеп, аларып қарағанынан сақта» - деп үлгілеуші еді.

Және жазып, жаңылған екенмін, тақсыр кешіріңіз» - десе, кінә сақтамайтын, ақпейіл адам еді. Болмаса өмір басты кісінің бетіне тура қарамайтын, күлкісі кем, аз өмірде ұйқымен өткізбесе деген нұсқау беруші еді» дейді [3].

4. Төле бидің ел ынтымағын-бірлігін қалай сақтап, қалай қалыптастыру керек деп көп талғанып, көп ойлаған.

Ел ішінің бір қалыпты тұрмайтын тынымсыз, тынышсыз, алыс-жұлыс әдеттеріне Төле би араласып, билік еткен.

Төле би – тек бір ауылдың, бір тайпаның ынтымақ-бірлігін ғана емес, бүкіл қазақ халқының, көршілес халықтардың да татулығын көздеген, сол жолда қызмет еткен би.

Төленің ынтымақ-бірлік жөніндегі өнегесін Қазыбек, Әйтеке би, басқа да билер де берік ұстанған.

Бізге үш бидің бір-бірін түсінуі де үлгі-өнеге. Мына мысалда: Көрші елдің елшісін біреулер өлтіреміз, біреулер өлтірмейміз деп үлкен дау-талас туғанда. Төле би: - «Мына көлдің алар ма еді қазын атып», деп Қазыбек би мен Әйтеке биді ақылдасу ретінде сөзге тартады.

Сонда Әйтеке би:

- Оғың шығын болмасын жазым атып, деп сақтыққа шақырады.

Қазыбек би:

- Құтылмастай бәлеге қап жүрмейік, Қаз екен деп, перінің қызын атып, - дейді. Содан дау – түйіні бейбіт шешіліп, емшіні еліне аман – есен қайтарады.

Жиналған жұрт үш бидің бір ауыз сөздерінен ешнәрсе түсінбей, ренжіп, өзара күңкілдейді. Ал, үш би дипломатиялық тілде сөйлесіп, бейбітшілікті қолдағаны еді.

Осы бір мысалдың өзінен – ақ олардың бір – бірін қалай түсінетінін, қалай ымыраға келетіні, халқымыздың астарлай сөйлеуі, оны түсіну мәдениеттің жоғары екенін көреміз.

Бірде Төле би Қазыбекті, Әйтекені сынағалы мына оқиғаны баяндапты.

- Атақты бір кісінің кенже ұлы «Менің жүз досым бар» деп мақтаныпты.

- Балам сол достарыңды сынасақ қайтеді, - дейді.

- Еркіңіз білсін.

- Балаш достарыңа баста. Барғанда сөзі маған бер.

Баласы әкесін ертіп досының үйіне барады. Екі езуі, екі құлағы жетіп, қарсы алған жас жігітке:

- Мынаны танысың ба? – деді әкесі.

- Әрине танымын. Ол сіздің кенже ұлыңыз, менің досым.

- Ендеше шырағым, досың жаңылды. Бір ауыр қылмыс жасап, елге сыймай, қашып жүрміз жасыруға шамаң бар ма?

- Жасыруға шама жоқ, бәлелерің жұғады, аулақ.

- Әке ұлының келесі досына барады, ұлының жүз досының бірі де қол ұшын беруге жарамайды.

- Енді менің бір досыма барамыз, - дейді әке.

Баласы ұялып тұрады.

Ең әуелі өзінің жарты досына келіп, «Қылмысты болып, қашып жүрміз, бізді жасыра гөр» - дейді жалынып. Жарты досы қысылып: «Ойпырмай енді қайттым. Өзіңе де, балаңа да орын табар едім, бірақ атың мен түйеңді қайда жасырамын», - дейді. Әке «Сен жартылығыңа тарттың», - деп бүтін досына барады. Ол жағдайды естісімен «Сенің басыңда бақыт тұрғанда достасып, бәле туғанда қашатын мен бе екем? Не қылмыс жасасаңдар да, бірге көріп алдым. Қәне, аттан түс», - деп құшақ жая қарсы алады.

Әке баласына қарап: «Жүз дос – жем үшін дос, жарты дос – сенімсіз дос, бүтін дос – сенімді дос» деген екен. Сонда Қазыбек пен Әйтеке билер: «Құдай жартыдан сақтасын, Төке басқаларға қалай екеніміз өзіңізге аян, ал сізге бүтінбіз», - деп күлген екен [4].

Тарихи деректер Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің бір – біріне ой, ақыл қосып, бір – бірін рухани байытып, ел тағдыры сын таразысына түскен кезде бір – біріне ес, тірек бола білгенін дәлелдейді. Олардың рухы бізді де бүтін достыққа шақырып тұрғандай.

### Литература

1. «Егеменді Қазақстан» 1991 жыл 31 қараша
2. «Жібек жолы» 1990 жыл 19 желтоқсан
3. «Үш пайғамбар», «Дәуір» баспасы 1992 жыл
4. Қазанғап Байболұлы «Төле би» Алматы – 1991 жыл.

### Резюме

*В статье предлагается слова назидания, известные в народе поучительные рассказы и жизнь великого бия казахского народа Төле.*

### Summary

*This article considers the instructive stories and life of greatest orator, Tole bi the head biy of the Kazakh senior zhüz.*



Г.С. Сейдуалы, Н.А.Шалхарбекова  
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## ТҰРҒЫЛЫҚТЫ МЕКЕН ЖАЙЫ ЖОҚ АДАМДАР КЕЗ-КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰБЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЖАҢА ФОРМАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ

### Резюме

Маргинал – это люди которые не имеют постоянного место жительства. Это было главной проблемой с древних времен не только нашей страны и всех стран мира.

**Ключевые слова.** Маргинал, миграция, постман, маргиналдар, жұмысшылар, крестьяндар

Тұрғылықты мекен жайы жоқ адамдар – ол қандай да бір себептермен өзі үшін үйреншікті ортадан шығып кеткен және қоғамның жаңа ортасына бейімделмеген адам болып табылады. Ол тұлғалар мәдени сәйкессіздіктен және басқа да көптеген себептерден әлсіз жағдайда болады. Тұрғылықты мекен жайы жоқ адамдарың әлеуметтік ортада ғылыми тұрғыдан маргиналдар деп те атап жатыр. Маргиналдардың тарихы. Қазіргі заманда «маргинал» - өте танымал сөз, бірақ оның анықтамасы күрделі. Маргинал деген шын мәнінде кім, және ол құбылыс қалай пайда болды? Ең бірінші маргиналдар соңында бостандыққа ие болған құлдар болған деп есептеледі. Құлдар тәуелсіз адамдар ретінде өмір сүруге бейімделмеген және ондай өзгерістерге үйренгісі келмеген адамдар. Басқаша мысал, қазіргі заманғы маргинал – ол жас емес адамдар, олар көп жыл түрмеде отырған және еркіндікке шыққан адамдар, еркіндікте сол ортаға бейімделе алмай тыс қалып қалғандар. Өздеріне мүлде таныс емес жағдайларда олар өмір сүре алмайды және нәтижесінде өздерінің бөлек орындарына ие болады. Маргиналдардың пайда болуын түсіндіруге болады. Ерте ме, кеш пе мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастар әлсірейді, белгілі өзгерістердің қажеттілігі туындайды. Мысалы, феодалдық қатынастар капиталистік қатынастарға алмасады. Өзара қатынастардың жаңа формалары жағдайында қоғамға жаңа өзгерістерге бейімделуден артық шара қалмайды. Бірақ қоғам біртекті емес, онда белгілі кластар бар (буржуазия, жұмысшылар, крестьяндар және т.б.). Қоғамның белсенді мүшелері өздерінің жаңа қатынастарын сәтті іске асырады, ал белсенді емес мүшелері, сонымен қатар білімсіз адамдар үзілістерге дайын емес, өзгерістерден қорқады, бейімделе алмайды. Осылайша, мұндай жеке тұлға қоғамдық-мемлекеттік қатынастар жүйесінен шығып қалады. Өзінің ортасынан айырылған адам және жаңа өмірден орын таба алмаған адам маргинал болып табылады. Маргиналдық құбылыс ретінде. Қоғамда ешқандай қызмет атқармайтын адамдар уақыт өте келе біріге бастайды. Маргиналдар деп түрлі кластағы адамдарды атайды. Негізінен – ол қоғамның түрлі қабаттарының қалдықтары, олар тарих сахнасынан кетіп, жаңа өмірден өздеріне қызмет таппаған. Әдетте маргиналдар олар білімді де және білімсіз адамдар болып келеді, олар өздерінің білімсіздігі немесе білімдерінің салдарынан қандай да бір жүйелік қызметтерді атқаруға қабілетсіз. Маргиналдар қоғамы, тәртіп ретінде, кез-келген мемлекет үшін мәселе болып табылады, себебі олар ешқандай пайдалы әрекет жасамайды. Сонымен қатар, ондай жеке тұлғалар өздерінің бірігуімен және қазіргі жүйеге қарсы әрекет жасауымен қауіпті болып табылады. Маргиналдар әдетте өзінің идеологиясын түзеді: фашизм, коммунизм, анархизм және т.б. Шын мәнінде маргинал деген кім? Қарапайым бас көтеруші немесе жағдайдың құрбаны? Шын мәнінде дұрыс жауап беру қиын, себебі маргиналға айналған әрбір адамның жолы өзінің жеке ерекшеліктеріне ие. Шын мәнінде, алдымен адам жай ғана жағымсыз жағдайларға түседі, ал кейін мұндай жағдай қоғаммен белгілі қақтығысқа айналады.

Қазіргі әлемде жан жақтан қоғам мен экономикалардың өзара әрекеттесуімен шартталған мәдениеттердің өзара әрекеттесуі орын алады. Этникалық шекаралар шайылып, жойылады, «мәдениеттердің пішімделуі» орын алады, соның салдарынан бір уақытта екі мәдениетке жататын адам «маргиналды» болады. Адам алуандықты сезіну қасиетіне ие бола отыра, тұтастылық сезімінен айырылады.

«Мәдениеттердің пішімделуі» этникалық топтар әдетте әлеуметтік-экономикалық дамудың айтарлықтай әр түрлі деңгейлерінде орналасқанын білдіреді. Дәл осы жағдаймен этномәдени байланыстардың асимметриялық сипатты ұстануы түсіндіріледі: өзара алмастыруды жетектейтін ассимиляциялық үрдістер, бір бағытта іске асырылады - дамыған экономикасы мен заманауи саяси формалары бар қоғамнан бастап дәстүрлі бағытқа дейін.

Шүбәсіз, мұндай үрдістер тарихта ылғи болған. Қазіргі әлемнің мәдениеттері мен қоғамдарының терең өзара байланыстары, көптеген мемлекеттердің көп ұлттығы осы үрдістерді айқын және маңызды етті. Соңғы ортасында мәдениеттердің пішімделуі адам болып табылатындықтан, қазіргі әлемнің маңызды мәдени ұлттық және әлеуметтік психологиялық мәселелерінің бірі жеке тұлғаның кеңейтілген маргинализациясы болып табылады.

«Маргиналдық» терминінің пайда болуы мен қызме етуінің тарихы оны түсіну үшін өте маңызды. Ол өте қысқа, бірақ түрлі бағыттағы зияткерлік іздеулерге, түпнұсқалы нәтижелерге бай. Оның тарихын білуге тәуелді болатын басқа ғылыми терминді табу мүмкін емес. Себебі оның әдістемелік ерекшелігі, ең түрлі

әлеуметтік үрдістерді зерттеуге қолданылуы, пайдаланудың көптеген салалары түрлі жағдайларда оның қайтадан жаңа мағынаға ие болуына алып келді. Сол себепті оның дамуының тым болмаса бір ғана бейнесін беру керек.

«Маргиналды» терминінің өзі болса жақтаулардағы жазбалар мен белгілерді белгілеу үшін пайдаланылған; басқа мағынасында ол «шектенуе экономикалық жағынан жақын» деп есептеледі.

Әлеуметтік ретінде ол 1928 жылдан бастап қолданысқа ие. Американдық әлеуметтанушы, чикаго мектептерінің біреуінің негізін қалаушы Роберт Эзра Парк (1864-1944 жж.) алғаш рет өзінің «Человеческая миграция и маргинальный человек» тақырыбындағы эссесінде осы түсінікті пайдаланды. Шын мәнінде, терминнің пайда болу тарихын «аралық элемент» («interstitial element») деп есептеуге болады, ол осы мектептің басқа зерттеушісімен 1927 жылы қалалық әлеуметтік ұйымның иммигранттық топтарын зерттеу барысында пайдаланылды.

Роберт Парк ең алдымен дамыған қалалық құрылымдағы (дәлірек айтқанда, американдық қалалардағы иммигранттық қауымдастықтарда) және мәдениетаралық әрекеттестіктің нәсілдік қатынастарындағы зерттеулермен белгілі. Олардың нәтижесі американдық қоғамдағы қарқынды миграциялық үрдістерге арналған шекаралық адамның түрі туралы түсінік болып табылады. Парктің маргиналды түсінігі (латынның *margin* - шек, шекара, шеңбер) екі түрлі, өз арасында қақтығысатын мәдениеттердің ортасында өмір сүретін индивидтердің жағдайын түсіндіреді.

Оның теориясында маргиналды адам иммигрант; жартылай қандық, бір уақытта «екі әлемде өмір сүретін» Азия немесе Африкадағы жаңа христиан ретінде танылады. Ең бастысы, маргиналды адамның табиғатын анықтайтын нәрсе - моральдық дихотомия, екі еселену және қақтығыс сезімі, ескі әдеттер тасталып, жаңалары әлі қалыптаспаған кезең. Бұл жағдай дағдарыс ретінде анықталатын көшу, өту кезеңіне байланысты. «Сөзсіз, - Парктің айтуынша, - көпшіліктің өміріндегі дағдарыс пен көшу кезеңдері иммигранттың басынан өтетін жағдайлармен ғана салыстырылады, ол отанын тастамай, басқа мемлекеттер жер іздейді. Бірақ маргиналды адам жағдайында дағдарыс кезеңі үздіксіз болып келеді. Нәтижесінде ол жеке тұлға типіне өзгеру беталысына ие болады». Оның байқағанындай, табиғатта мәдени байланыстарға ие маргиналды адамды түрлі анық формаларда көрсетеді; осы құбылыстарды олардың өзгеретін орталарынан зерттеу өркениет пен үрдістерін зерттеуге жақсы көмектеседі.

Парктің идеялары Эверет Стоунквист сияқты басқа американдық әлеуметтанушымен дамытылып, қайта өңделді, оның монографиялық зерттеуі «Маргиналды адам» (1937 ж.) деп аталады. Оның атымен әдетте әлеуметтанудағы маргиналды тұжырымының бекітілуі мен легитимациясын байланыстырады.

Стоунквист мәдени қақтығысқа қатысатын және екі оттың арасындағы әлеуметтік субъектінің жағдайын сипаттайды. Ондай индивид әрбір мәдениеттің шекарасынан көрініс табады, бірақ екеуінің біреуіне де жатпайды. Осындай әдептің үлгілері ретінде Стоунквист нәсілдік гибридтерді зерттейді (англо-үндістер, Оңтүстік Африкандықтар, Құрама Штаттарындағы мулаттар, Ямайкадағы түрлі-түстілер, Бразилиядағы метистер және т.б.), мәдени гибридтер (еуропаландырылған африкандықтар, ұлтсыздандырылған еуропалықтар, иммигранттар және т.б.). Олардың жаңа қоғамға бейімделе алмауының, сонымен қатар маргиналды адамның әлеуметтік мәніне байланысты мәселелер бар. Ол маргиналды адамды байланыс мәдениеттерінің түйін тұлғасы (key-personality) ретінде қарастырады.

Қазіргі уақытта «маргинал» түсінігі кең тарауға ие болды. Сонда ол нені білдіреді?

Маргиналы - негізгі құрылымдық бөлімдерге немесе билеп-төстеуші әлеуметтік-мәдени нормалар мен дәстүрлерге сипатты қабаттарда орналасқан топтарды немесе әлеуметтік қабаттарды белгілеу. Типтік мысал – әлеуметтік инфрақұрылымның алмасуымен жетектелетін ауыл тұрғындарының қалаларға орын алмастыруы.

17 жыл ішінде сөздіктердің арасында маргиналдардың қоғам ортасынан оның шекарасына жылжып кеткеніне назар аударайық.

Маргинал - бір мәдениетті, мемлекетті, сословиені, классты, топты тастап кеткен және басқаның өмір салты мен құндылықтарына бейімделмеген адам.

Осылайша, «маргиналды» түсінігінің басым сипаттамасы «жүйеден тысқарылық» болып табылады. Маргинал әлеуметтік құрылымнан тысқары орналасқан, яғни арасындағы қатынастары қоғамдық тұтастықпен анықталатын элементтерге (әлеуметтік топтарға) жатпайды. маргинал билеп төстеуші немесе оппозициялық топтар мен суб мәдениеттерге жатпайды.

«Маргинал» түсінігіне баға беруге болмайды. Ол «жақсы» да емес, «жаман» да емес. Не болмаса «жақсы», не «жаман» бола алады, бірақ замандастар ол туралы біле алмайды. Бұл сөз нақты заттық мазмұнға ие бола алмайды. Қазір жүйеден тыс болатын нәрсе, ертеңгі жүйеге кіруі мүмкін. Бірақ кірмеуі де мүмкін. Қазіргі таңда жүйелі болып табылатын нәрсе билік етсе де, ертең әлеуметтік құрылымнан және мәдениеттен тысқары қалуы мүмкін.

Маргиналды екі негізгі бағыттан қарастыруға болады. Біріншіден, құндылықтардан, нормалардан, ойлау мен басым мәдениет тілінен айырылғандар. Ал екіншіден, болашақтың адамы ретінде алдағы мәдениеттің негізіне алынады. Осы екі ерекшелікпен қатар, оның үшіншісі де болуы мүмкін. Маргинал - ол «адасып кеткен» адам, «өткені» және «болашағы» жоқ әрекеттерді, өнімдер мен құндылықтарды іске асырушы.

Осылайша, маргинал анықтамасы бойынша өте күрделі түсінік деген қорытынды жасауға болады. Бірақ, соған қарамастан, негізінен ол әлеуметтік жүйеден, құрылымнан және мәдениеттен тыс адамды білдіреді.

Маргиналды топтар (кабаттар) жаппай миграция (босқындар) жағдайында немесе халықтың белгілі мөлшерінің әлеуметтік маңызы бар құрылымдардан тыс «шығарылуы» жағдайында (жұмыстан айырылу, үйден айырылу, кедейлену, азаматтық және саяси құқықтардан айырылу) пайда болады. Типтік маргиналды топқа жататындары, мысалы, тұрақты үйінен, еңбекақысынан айырылған адамдар, қоғам үшін маңызды әлеуметтік бағыттардың перифериялары.

Қоғамнан шығарылған маргиналды топтар өзінің жеке субмәденетін құрады. Олар сандық мөлшерде артатын болса, жалпы социум үшін қауіпті болуы мүмкін, себебі аталмыш қоғамның негізгі құндылықтарын жиі пайдаланады. Қоғамның тұрақсыздық жағдайы, оның қайта құрылымдалуы, маргиналдарға тиеселі құндылықтар жүйесі жағдайында құндылықтар халықтың кең орталарына таратылуы мүмкін, ол қоғамның қақтығысына алып келіп, саяси жүйенің жағымсыз салдарын қамтуы мүмкін.

Маргиналды топтардың пайда болу себептері ресейлік әлеуметтанушылардың ойынша қоғамның бір әлеуметтік-экономикалық жүйеден басқасына өтуі, адамдардың басқаруға келмейтін үлкен массаларының тұрақты әлеуметтік құрылымның бұзылуы салдарынан орын алмастыруы, халықтың материалдық өмір деңгейінің нашарлауы, дәстүрлі нормалар мен құндылықтардың азаюы қызмет етеді. Адамдар бастапқыдағы әлеуметтік таптаурындардың, дәстүрлі нормалардың ортасынан итеріліп қалды. Осының барлығы маргинализацияны білдіреді, бірақ халықтың үлкен массасын қамтыса да ол уақытша нәрсе деп есептеледі. Сонымен қатар сандық негізде арта отырып, тұрақты маргиналды әлеуметтік топтар қалыптасады («биштер», «бомждер», босқындар, «мәжбүрлі көшіп-қонушылар», бақылаусыздар, нашақорлар, криминалдық элементтер).

Бірақта маргиналдар қатарына әлеуметтік аутсайдерлер ғана емес, сонымен қатар толығымен жағдайы жасалған, бірақ қазіргі әлеуметтік құрылымда анықталмаған адамдар да жатады. Әлеуметтанушылар оларды сауалнамадағы жауаптар бойынша реттемелейді «Қандай әлеуметтік класқа немесе топқа сіз өзіңізді жатқыза аласыз: жұмысқылар, крестьяндар, қызметкерлер, интеллигенция, басқарушылар; өз ісімен айналысатын адамдар?». «Қазіргі уақытта ондай топ жоқ» немесе «жауап беруге киналамын» деген қатынастағылар маргиналдар құрамына енді. РФА әлеуметтану институтымен 1994 жылы өткізілген зерттеулер Иркутск қаласының өнеркәсіптік кәсіпорындарында «маргиналды» контингент таңдаулы жиықтықтың 9% теңесті.

Әлдеқайда кең, құрамы бойынша алуан түрлі және әлеуметтік жағдайы бойынша «жаңа» маргиналды топтар – постмамандар. Олардың пайда болуы жалпы себептермен туындаған: экономикадағы құрылымдық өзгерістермен және бөлек салалардың дағдарыстарымен; экономикалық дамудың аймақтық диспропорцияларымен; экономикалық белсенді және жұмысбасты халықтың кәсіби-білікті құрылымындағы өзгерістермен. Осы үрдістердің әлеуметтік салдары – жұмысбастылық мәселелерінің күшеюі және жұмыссыздық құрылымының күшеюі; қызметтің ресми емес секторының дамуы; депрофессионализация мен деквалификация болып табылады.

Әлеуметтік-кәсіби дәрежені маргиналдайтын басты факторлар – жұмыссыздық пен мәжбүрлі толық қызметтестік.

«Маргиналдықтың» кең және анықталмаған аймағына түскен топтарды конгломератта бөлуге тырысу, жұмыссыз және толығымен жұмыспен қамтылған топтарды бөлу әрекеттері, жаңа факторларды анықтауға алып келді, олар экономикалық белсенді халықтың барлық топтарындағы маргиналдықты күшейтеді. *Сыртқы:* елді мекеннің түрі – шағын немесе орта қала, моноөнеркәсібі бар қала (өндірістерін тоқтатқан 2-3 қала құрылысы кәсіпорындары бар); еңбек нарығындағы жағдайдың көзқарасынан айданның түрі; сала мен мамандық. *Ішкі:* қызметтің алмасуына, қайта оқуға, өз ісін ашуға, қосымша қызметке, тұратын орынды алмастыруға психологиялық дайынсыздық.

«Постмамандар» тобының барлық ауыртпалығы мен күрделілігі жағдайында әлдеқайда жалпы типтерді анықтауға болады:

*Шағын және орта қалалардың аймақтық-көші-қон* - қызметкерлері моноөнеркәсіпке ие.

*Кәсіптік салалар*-Салалардың жұмысшылары (машина құрылысы, жеңіл, азық және т.б), мамандықтардың (инженерлік-техникалық қызметкерлер) кәсіби-салалық жұмысшылары заманауи экономикалық жағдайлармен талап етілмеген.

*Бюджетті* – ғылымның, білімнің, әскердің реформаланатын бюджеттік салаларының қызметкерлері.

Маргиналдықтың ең жоғары деңгейі жұмыстан айырылу қызметімен, оны экономикалық және психологиялық алғышарттарының жоқтығын табумен анықталады. Маргиналдықтың ең төмен деңгейі - инновациялық бизнесті ұйымдастырудан шығуға талпынатын, жаңа мамандықтарды белсенді игеретін адамдар. Олар, сарапшылардың бағалауы бойынша, көп емес (экономикалық белсенді халықтың 1 -ден 5-6 пайызы).

Осы топтарды жүргізудің негізгі бөлігінің стратегиясы тіршілік етуге бағытталған. Әлдеқайда күрделі, шешімі жоқ жағдайларда ол кәсіби деградацияға алып келеді. Басқа бөліктің белгілі тұрақтандырылуы әлдеқайда жағымды жағдайларда және мемлекеттің қолдауымен іске асуы мүмкін. Оңтайлы жағымды стратегия маргиналдықтың жоғары емес деңгейінің шағын бөлігі үшін мүмкін, инновациялық бизнесті ұйымдастырумен, жаңа мамандыққа ие болумен, қызмет түрлерін және тұратын жерді өзгертумен.

«**Жаңа агенттер**» - немесе шағын бизнес кәсіпкерлері – ресей қоғамының әлеуметтік құрылымындағы жаңа белгілерге ие әлдеқайда біртекті топ. Оның маргиналды деңгейлері бұл жерде басқа мағынаға ие болады. Ол әлеуметтік қатынастардың бастапқы жүйесіне қатысты жаңаша қабат ретінде болуына байланысты, ол нарықтық экономикадағы барлық сарапшылармен анықталады. Бұл жерде ресейлік маргиналдықтың екі деңгейі әлдеқайда нақты қарастырылады: гипотетикалық жағынан шағын кәсіпкерлік жаңа, қалыптасып келе жатқан,

өтпелі бұрынғы әлеуметтік құрылымға қатысты жағдайда орналасқан элемент ретінде қарастырылады, ал жаңа кәсіпкерлер – қоғамның қалыптасатын қатынастарының жаңа агенттері ретінде анықталады. Осылайша, осы деңгейдегі маргиналдықтың негізгі деңгейлері - қалыптаспағандық; оның қалыптасуы барысындағы барлық әлеуметтік қабаттың өтпелі жағдайы; оның тұрақты, әлеуметтік-мойындалған қызмет ету жағдайы ретіндегі жағымды сыртқы ортаның болмауы; «жарық» пен «қараңғылық» арасындағы шекарада өмір сүру. Басқа деңгей – осы қабаттың ішіндегі кәсіпкерлер тобы. Олардың маргиналды деңгейлері басқа мағынаны ұстанады. Ол тұрақсыздық, мәжбүрлілік, дәрежелі сәйкессіздік деңгейлері.

Осы топтың маргиналдығының алдын алудың негізгі шарттары мемлекеттің көмегімен жағымды сыртқы ортаны құруға байланысты.

**«Мәжбүрлі мигранттар».** Осы топтың жағдайының ерекшеліктері оның объективті түрде көпшілік маргиналды жағдайына түсетінімен байланысты, ол тұратын орнын мәжбүрлі алмастырудан соң жаңа ортаға бейімделу қажеттілігіне негізделеді.

Мәжбүрлі мигранттардың құрамы әртекті. РФ сәйкестендірілген заңнамасына сәйкес ресми дәрежеге иелері 1.200 мың. Бірақ сарапшылар шынайы мөлшерін 3 есе жоғары деп есептейді.

Объективті түрде мәжбүрлі мигранттар маргиналды топтар сияқты қиындық сезінбейді. Бірақ шын мәнінде олардың жағдайларының қиын болғаны соншалықты, тіпті ерекше маргиналды дәрежені қалыптастыруға болады.

Мәжбүрлі мигранттың жағдайы бірқатар факторлардың салдарынан ауырлайды. Мәжбүрлі мигранттардың жағдайын ауырлататын сыртқы факторлардың арасында өз отанының қабылдамауы және бұрынғы отанында өмір сүру мүмкінсіздігі сияқты мәселелер бар.

Мәжбүрлі көшіп қонушылар күрделі шенеуніктік-бюрократиялық ойынды ойнауда, ол олардың маргиналды жағдайын ауырлатады. Ол дәрежеге ие болу, несие, тұрғын үй және т.б мәселелер, осылардың салдарынан көшіп қонушы толығымен банкроттыққа ұшырайды. Мемлекеттік миграциялық саясат бастапқыда орнатылған міндеттерді атқару жағдайында болған жоқ.

Мәжбүрлі көшіп қонушылардың ең ауыр мәселелерінің бірі – олардың ауыр жағдайларын жағымсыз мақсаттарда пайдалану.

Басқа деңгей – жергілікті халықтың қатынасы. Ол мигранттарға, олардың балаларына, мүлкіне деген агрессиялық қатынаспен, және әлдеқайда жағымды жағдайларда мигранттардың сезінетін психологиялық бөгеттерінен анықталады.

Және, соңында, ішкі факторлар адамның рухани ыңғайсыздығына байланысты, оның деңгейі оның жеке ерекшеліктерімен анықталады және басқа менталитетпен түсініледі.

Мәжбүрлі мигранттардың түрлі топтарының маргиналды деңгейі көптеген жағдайларға байланысты. Төтенше жағдайларға тап болған ыстық орталардың босқындары әлдеқайда күрделі жағдайда орналасқан. Негізінен белсенді еңбекке қабілетті халық өзі үшін жаңа қатынастар жүйесін құруға тырысатыны анық.

Жаңа материалдық топтардың тасымалдану стратегиясы олардың негізгі түрлеріне орай бірқатар ерекшеліктерге ие. Бірақ жалпы қазіргі уақытта ол – тірі қалу стратегиясы. Қандай да бір құрылымдық құрылған стратегияның негізі осы топтардың айтарлықтай бөлігінде баршылық. Оның басты ресурстары - кәсіби-біліктілік деңгейі мен жеке ерекшеліктері. Бұл мағынасында жағымды өзгеру әлеуеті жоғары. Оны іске асыру шарттары ары қарай арнайы зерттеуді талап етеді.

Әлеуметтік мағынадағы маргиналды түрлі әлеуметтік институттарға қатысуды ғана білдіріп қоймайды: материалдық өнірісте, шешімдерді қабылдау үрдісінде, ресурстарды реттемелеуде, әлеуметтік құрылымдардан шығарылуда; ол әлеуметтік бағыттардың анықсыздығын тудырады, «парадоксальды жағдайларды» шешуге арналған баламалардың жиынтығын қамтамасыз етеді. Маргиналдар – ол әлеуметтік шығындалатын материал, институционалды дағдарыстың нәтижесі, әлеуметтік өзгерістің құны, «артық адамдар». Босқындардың, «жаңа кедейлердің», әлеуметтік аутсайдерлердің маргиналды топтары артады. Маргиналдар өздерінің әлеуметтік дәрежесінде әлдеқайда терең, қағидалы өзгерістерге ие болады, әдетте олар оның ішкі және сыртқы қарама-қайшылығымен, ішкі жағдайының тұрақсыздығымен сипатталады.

Қоғамда маргинализацияның нәтижесінде қысым жағдайы, экстремизм, ұлтшылдық артады. Әлеуметтік нормаға оралу, дәрежені адамды әлеуметтік құрылымның түрлі өзгерістерінде интеграциялайтын сипаттамасы ретінде шоғырландыру қажет.

### Литература

1. Балабанова Е.С. и др. Маргинальность в современной России, Коллективная монография. Москва: Московский общественный научный фонд, 2000, 121, 208 с.
2. Добреньков В., Кравченко А. Социология в 3-х томах: словарь по книге.2015.
3. Галсанамжилова О.Н. К вопросу о структурной маргинальности в Российском обществе. Журнал социологии и социальной антропологии, 2006. Т. 9. №4.
4. Мегаэнциклопедия Кирилл и Мефодий. Экономический словарь.
5. Плюсин Ю.М. Проблемы социализации маргинальной личности. Журнал «Гуманитарные науки в Сибири» 2004. №1. С. 49-55.
6. Тот, кто «не в ногу». Маргинальное искусство. М.: Изд-во МГУ, 2010.

### Summary

*Marginals - there are people who haven't permanent place of residence. This was the main problem not only of our country but all over the world in ancient times.*

### Резюме

*Маргиналы - есть люди, у которых нет постоянного места жительства. Это была главная проблема не только нашей страны, но и во всем мире в древние времена.*

ӘОЖ 028.5- 087.5

**Р.К. Тастыбаева, М.К. Куеева, Х.К. Шамбулова**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫНЫҢ НАҚТЫ ЖАҒДАЙЫ

### Түйін

Мақалада бүгінгі қоғамда оқу мәдениеттің ең маңызды элементтерінің бірі, ұлттың интелектуалдық әлеуетін және қазақ қоғамның шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыру құралы. Кітап мәдениет дәстүрлерін, кітапты оқу мәдениетін сақтау және байытудың өзекті мәселелері жас ұрпақтың оқуға қажеттіліктерін қалыптастыруына байланысты кітапханалық қызмет көрсету түрлерімен ерекшеліктері, оқырмандар сұранымы және оны қанағаттандыру, оқырмандарға қызмет көрсетудің қазіргі бағыттары қарастырылады.

**Кілттік сөздер:** Кітапхана, отбасылық оқу, оқу мәдениеті, жастар оқулары, оқуға қызығушылық, жастар проблемасы, кітап оқуға тарту, ақпараттық мәдениет, оқу мәртебесі, оқырман.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың дәстүрлі жыл сайынғы халыққа Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» өзіндік жаңалықтарымен, жаңа идеяларымен еліміздің өсіп-өркендеуіне негіз болатын маңызды құжат болып саналады. Еліміздің өркендеуі жолында «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы әзірленуді ұсынды. Озық техника мен технологияны жетік меңгерген білікті мамандар бүгінде сұранысқа ие. Елбасының Жолдауда айтқан «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» деп айтуының өзінде үлкен мән-мағына жатқаны айдан анық. Рухани білімнің және мәдениеттің ауадай қажеттігі, кітаптың маңыздылығы ешқашан мәнін жойған емес. Адам баласы сол байлықтың көзін «кітап» деген құдіреттен тапты. Ғылым мен техника, жоғары технология дамыған ХХІ ғасырда да бәрінің бастау алар қайнар көзі – кітап. Қазіргі заманғы жастардың оқу деңгейінің төмендеуі және одан бас тарту проблемасы бүгінде өте өзекті болып отыр. Өкінішке орай, жас адамдар кедергілері аз жолдарды тандайды, өз уақыттарын кітап оқуға жұмсауды ойламайды, оның орнын қолжетімді және жеңіл фильмдерді көрумен алмастырады. Бұқаралық ақпарат құралдары көптеп пайда болғалы бері кітап оқуға қызығушылық төмендей түсті. Оқу шеңберінен қалың романдар біртіндеп кете бастады. Қазіргі уақытта, жастарды осы заманғы әдебиеттерге, әсіресе олар танымал, жиі экранизацияланған әдебиеттерге назар аударады.

Бүгінгі қоғамда оқу – мәдениеттің ең маңызды элементтерінің бірі, ұлттың интелектуалдық әлеуетін және қазақ қоғамның шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыру құралы. Кітап мәдениет дәстүрлерін, кітапты оқу мәдениетін сақтау және байытудың өзекті мәселелері жас ұрпақтың оқуға қажеттіліктерін қалыптастыруына байланысты. Кітап оқу процесін үлкен әлеуметтік маңыздылығын көпшілік мойындады. Негізгі әлеуметтік маңызды білімдер, тұлғалық қоғамдық үлгілері жазба мәдениетінде жинақталған және қазіргі қоғамдағы әлеуметтену тетіктері оқу арқылы беріледі және және ол қазіргі заманғы қоғам әлеуметтендіру механизмдері болып табылады. Әлеуметтік және мәдени өмірінде өтіп жатқан өзгерістерге байланысты білім беру реформасы жағдайындағы оның маңыздылығы, отбасында оқу рөлінің өзгеруіне алып келді. Қазіргі заманғы қазақ қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі болып - қазіргі жастардың кітап оқымайтындығы, оның орнын тынығудың басқа түрлерін қалайтындығы болып отыр. Соңғы жылдары жастар оқуы сипаттында бірқатар нашарлауы байқалады, оның салдары өскелең ұрпақтың сауаттылық деңгейінің төмендеуіне алып келді.

ХХІ ғасырда жастар бұрынғы ұрпақтарға қарағанда басқа әдебиеттерді басқа жолдармен оқиды. Өте қарқынды трансформация процесі қазіргі заманғы балалардың оқырмандық тәжірибесіне іргелі қайта құрылымдауды талап етеді. Қазіргі жастар оқуының негізгі сипаттамалары өзгерді: оқу мәртебесі, ұзақтығы, сипаты, баспа және электронды мәтінмен жұмыс тәсілдері, оқу репертуары, оқырмандар қызығушылығы және т.б.

Кітап мәдениетінің қазіргі жағдайы алаңдатады. Бір жағынан, кітап нарығындағы әр түрлі жанрдағы әдебиеттер жеткілікті, ірі қалаларда баспа өнімдерінің көптеп жариялануы, электрондық түрде мәтіндік ақпаратты ұсынудың жаңа түрлерінің дамуы және т.б.

Екінші жағынан, оқулық пен көркем әдеби кітаптардың бағасының үздіксіз өсуі байқалады. Алайда, бір кемшілігі шағын қалалық және ауылдық жастарды оқуға тарту үшін жақсы кітаптар алуына, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндігі аз, бұл шағын қалалар мен ауылдық жерлердегі жастар жағдайының тең еместігін көрсетеді. Көп нәрсе отбасының материалдық әл-ауқатының жағдайына байланысты. Осылайша, осы проблеманы зерттеу талаптары жастардың өсіп келе жатқан қызығушылық және студенттердің құқықтары мәселелерді жүзеге асыру туындап отыр. Қазақстанда жас ата-аналармен және жастармен жұмыс істеу бойынша бағдарламаларды жүзеге асыруына кітапхана қызметкерлері көп көңіл бөледі. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, өскелең ұрпақтың көзімен кітапханалардың тартымдылығын арттыру көздейді. 2006 жылдан бастау алған оқуды дамыту және қолдау үшін «Оқитын Қазақстан» Ұлттық бағдарламасына толықтыру енгізіліп 2011-2013 жылға дейін жұмыс істеді, кейбір өңірлерде жергілікті бағдарламаларды «Жыл кітабы» жүргізілді. Оны кітап баспалары және кітапхана қауымдастықтары қолдады. Қазіргі уақытта оқуды қолдау шараларын және кітаптар мен басқа да баспа немесе электрондық ақпаратпен тығыз және жемісті өзара қатынасқа тарту бойынша жастардың қатысуы арқылы тиімді іс-шараларды бағалауға талап қойылуда: қазіргі уақытта тиімділігін бағалау үшін шұғыл талаптар қойылуда.

Зерттеу қажеттілігі әлеуметтану құрамдас бөлігі ретінде студент жастардың оқуын осы саладағы жаңа әлеуметтік тәжірибені талдау қажеттілігіне байланысты. Біз қазіргі заманғы өскелең ұрпақтың нақты не оқитыны және олардың ерте әлеуметтенуіне қалай әсер ететіндігіне байланысты, шын мәнінде балалар оқуларының мағыналық тәжірибелерін зерттеуге тең назар аудару керек. Бұл дәлелдер, таңдаған тақырыптың өзектілігі анықталды, зерттеудің мақсаттарын тұжырымдап, оның міндеттерін айқындады.

Адамдардың өмірінде оқу қандай орын алатынын зерттегенде, біз бүгінгі күні алынған мәліметтерге қарап кітап оқу дағдарысқа ұшырады деп айтуға болады. В.Я. Асқарова мен Н.К. Сафонованың жарияланымдарында зерттеу нәтижесін табуға болады. Респонденттер 98%-ы оқу өмірінде елеулі орын алмайтынын растады. Осы мәліметтер негізінде, авторлар «оқу ескірген», «оқу қызық емес», «оқу сәнді емес» деген қорытынды жасады. Зерттеу гипотезасы: негізгі, оқудан бас тарту себептері - кітаптың болмауы, уақыт жетіспеушілігі, қызығушылықтың болмауы; Қосымша: оқу адамдардың көпшілігінің сүйікті ісінің бірі бола тұра, соған қарамастан респонденттердің шағын саны оқуға аз уақыт жұмсайтынын көрсеткен. Бұл бұқаралық ақпарат құралдарының келуімен ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы адамның жұмыстан қолы тимейтіндігіне байланысты деп санаймыз. Біздің пікірімізше, жастар кітап оқуға өздерінің бос уақыттарын өткізу үшін бейімделмеген. Зерттелген проблема бойынша әдебиеттерді талдау келесі сұрақтардан басталады: оқу туралы түсінік. проблема туралы мәліметтер.

Зерттеу жұмысымыздың бірінші бөлімінде негізгі ұғымдарға талдау жасадым. Қазіргі әлемде ең өзекті проблемалардың бірі жастардың мәселесі болып табылады. Түрлі социологиялық энциклопедиялар мен сөздіктер де «Жастар» ұғымдарына көптеген анықтамалар берілген.

Ресейлік социологиялық энциклопедиясында «жастар» ұғымының астарында ірі әлеуметтік топ тұр, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайы жастардың жас ерекшеліктері ретінде нақты әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары барын анықтаған. Социология бойынша сөздікте жастарды әлеуметтік және психологиялық-физиологиялық қалыптасу кезеңін бастан өткерген әлеуметтік демографиялық топ ретінде сипатталады. Осы ұғымдарды талдағаннан кейін, мен ең айқын анықтамасына тоқталдым. «Жастар» ұғымының астарында әр түрлі әлеуметтік сипаттамасы, құнды бағыттарымен, белгілі бір қызметті бар үлкен әлеуметтік топты білдіреді және бұл барлық адамдарды осы топтың жас ерекшеліктері қарай анықталады.

Оқу - күрделі психофизиологиялық процесс. Оқу процесінде көру, сөйлеу мүшелері, есту талдағыштар іс-әрекет етеді. Психолог В.Д. Эльконин оқуды «сөздердің дыбыстық формасы оның графикалық моделі бойынша жаңғыру процесі» ретінде оқуды сипаттаған. Оқудың күрделі процесінде үш негізгі моментті ажыратуға болады: бұл сөздерді қабылдау, мазмұнын түсіну, оқуды бағалау [5]. Сөздерді қабылдау - оқудың басталуы болып табылады, адам осы әріптерге қарап, белгілі бір сөзді айтады немесе есіне түсіре алады. Мазмұнын түсіну – әрбір сөзді оқыған кезде, біз санамызда белгілі бір бейнені, сезімді қалауымызбен сала аламыз. Оқуды бағалау - оқылғанның мазмұнына сыни қарай білу және ойша тұжырымдама жасау.

Оқу мотиві (себептері) - әлеуметтік субъектілердің оқуының дамуын айқындайтын ішкі және сыртқы ынталандыру факторлардың жүйесі, әр түрлі мәтіндер мен әр түрлі ақпарат құралдары туралы әдебиет айналымын ынталандыру, сондай-ақ оқу шеңберін қалыптастыру. Проблеманы сипаттау үшін көркем әдебиетті оқуға қатысты мынадай себептері анықталды: интеллекулдық, коммуникативтік, танымдық, ақпараттық, ойын-сауықтыру, өздігінен білім алу, дем алуға талпыну, эмоционалдық, эстетикалық, этикалық. Оқырмандық қызығушылық – бұл кітаптардың ішіне салынған оқырманның және адам тәжірибесінің өзара әрекеттестігі, осы тәжірибені кітаптардан өз бетінше алу қабілетіне бағытталған қызығушылық. Сонымен қатар оқырманның ақыл-ой және эмоционалдық белсенділігінің міндетті байқалуы, кітап ортасында, кітап оқу құрал ретінде, оның мәтіні кітаптың негізгі компоненті ретінде, оқырманға осы тәжірибені сақтау және беруге мақсатты бағытталған.

Жастардың оқуға қатнасын немістің ұлы ағартушысы И.Ф.Гербарт оқырман қызығушылығына үлкен маңыз аударған, оның пікірінше «адам танытып жатқан қызығушылық оның бүкіл өмірінің қайнар көзі болып табылады» деген. Сондықтан білім беру мен оқыту адамды жан-жақты қызығушылық дамытуға бағыттау қажет. И.Ф. Гербарт өз еңбегінде «Білімнің қойып жатқан өзекті талаптары: әртүрлі заттарға қызығушылық таныту, өзге адамның пікірлері мен сезімдерін, сонымен қатар адамзат барлық мәселелерін қиналмай оңай түсіну» деп көрсеткен. Ол «қызығушылық» ұғымына былай анықтама берді: «Қызығушылық» сөзі оқыту міндетті түрде туындататын ой әрекетінің жалпы барлық түрін білдіреді, білім алумен ғана шектеліп қалуға болмайды. Білген затын ұмытпай есте сақтап, білімін кеңейтуге ұмтылған жан аталған әрекеттерімен білімге қызығушылық танытқанын білдіреді». Қызығушылық білім алу нәтижесінде пайда болады, білім алу барысында туындайтын «ой әрекетінің» ерекше түрі, оның мақсаты адамның білімін кеңейтуге және тереңдетуге деген ұмтылысты өз бойында дамытуы болып табылады. И.Ф. Гербарт адам білімін өз бетінше толықтыру және өз рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті болған кезде, дұрыс ұйымдастырылған оқыту нәтижесінде пайда болатын өзіндік әрекет туралы айтқан, сондай-ақ, Гербарт И.Ф. қызығушылықты «өзіндік әрекет» деп анықтама береді. Гербарт И.Ф. «қызығушылық» ұғымын көптеген жетістіктерге қол жеткізу амалы ретінде және оны білім берудің мақсаты ретінде қарастырған. Ол бұл ұғымды қызығушылықтың анықтамасын толықтыру қажет деп санайды, бұл білім алушылардың рухани өмір ойларын жүзеге асыруға бағытталған білім беруді, жас ұрпаққа өнегелі тәрбиелеу мақсаттарына бағындырумен байланысты И.Ф.Гербарт «қызығушылықтар жүйесі» сананың табиғи жоғарылауына толықтыру ретіндегі білім беру теориясына негізделеді.

Адам санасының жоғарылауын И. Ф. Гербарт «тәжірибе» мен «қатынас» ұғымдарымен үйлестіреді. «Тәжірибе» басым түрде табиғат құбылыстарына бағытталған, ал «қатынас» адамдардың қарым-қатынастарында өз көрінісін тапқан. «Адам табиғаттан танымға өз тәжірибесі арқылы, ал ниеттестікке қатынас арқылы жетеді» деген. Оқу процесінің міндеті тәжірибе мен қарым-қатынас көмегімен кемшіліктерді түзету болып табылады. Тәжірибе мен қатынас негізінде И.Ф. Гербарт оқу процесінде дамуға міндетті қызығушылықтар жүйесін дамытып: «Оқыту, бір жақтан, тәжірибемен берілетін білімді, екінші жақтан, қатынас арқылы беретін сезімдерді тірек етуі қажет. Тәжірибеге - эмпирикалық қызығушылық, ал қатынасқа - симпатикалық қызығушылық сәйкес келеді. Тәжірибе туралы терең толғаныстар кезде спекулятивті (ойша), адамдар өзара қатынасы туындататын кеңпейіл қарым-қатынастар туралы толғаныстарда әлеуметтік мүдде дамиды. Біз жоғарыда аталғандарға эстетикалық қызығушылықты қосамыз» деген.

«Оқитын Қазақстан» Бағдарламасы, бұдан әрі Бағдарлама, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» (2006 ж. наурыз) және «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» (2007 ж. ақпан) Жолдауларына сәйкес әзірленді. Осы Бағдарлама ұлтты рухани жетілдіру мақсаттарында оқуды анағұрлым терең және пәрменді дәріптеу қажеттілігінен туындады. Бағдарламаны іске асырудың бастапқы ниеті мынада, зерделі, нысаналы, терең оқу ұлттың мәдени қауіпсіздігі мен кемелденуінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстандағы оқу проблемасының қазіргі жай-күйіне жасалған талдау. Адамзат тарихында кітаптың пайда болуы мен оқудың жеке адамның белсенділігін оятатын нысан ретінде бекуі ерекше орын алады. Адамзат өркениетінің дамуы туралы қандай да болса сенімді деректері адамзат баласының жазба және баспа дерек көздерінен алынды.

Археологияның деректері бойынша, біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықта оқу және жазу машықтарын сақ тайпалары меңгерген. Біздің дәуіріміздің I-ші мыңжылдығының екінші жартысында қазақ даласына орхон-енисей жазулары келген. Сөйтіп, оқу мәдениетінің тамырлары тарих қойнауына тереңдеп кетеді де, біздің өркениетіміздің негізін құрайды және білім бүгінгі таңда кейінгі ұрпақтарға рухани құндылықтарымызды табыстаудың басты құралы болып табылады.

Оқу қазіргі замандағы адамның санасын, дүниетанымын, білім және кәсіби мамандықтар алуының негізін қалайды. Сонымен қатар оқу мәдени және ұлттық құндылықтарға жетудің аса маңызды элементі, азаматтық ұстаным мен қоғам мүшелірінің патриотизмін оятатын фактор болып табылады. Бүгінгі жастардың оқуларына отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары, достарының әсер ету аспектілері зерттелуде. Біз, әлеуметтендіру процесінің тұрғысынан өскелең ұрпақтың оқулырын қолдау, оны дамыту, жаңғырту, жақсарту және толықтыру процестерін жүзеге асыруды, сондай-ақ оның орнын технологиялық ойын-сауықтармен ауыстырмау керектігін ұсынамыз.

Мұндай қызмет үш бағыт бойынша жүзеге асырылуы тиіс: оқуды насихаттау; ересектерді оқыту мен білім беруді іске асыру; балалар оқуын дамыту үшін тиісті жағдай жасау. Осы қызмет түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тек насихаттау ғана емес, бағытталған тиісті әлеуметтік саясатты дамытуды қажет етеді, сонымен қатар жасөспірімдердің оқуларын қолжетімді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету. Заңнамалық деңгейде анық түрлі ведомстволық мекемелердің мамандарының өзара іс-қимыл тетіктерін айқындау керек. Балаларға арналған оқу және ойындар сияқты Интернетте ұсынылады - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы озық жетістіктер негізінде әлеуметтік бақылаудың тиімді тетіктері жұмыс істеуге тиіс. Білім беру процесінде студент жастардың тиісті дағдыларын дамытуға ықпал ететін педагогикалық технологияларын енгізу қажет. Тағы бір технологияның мүмкіндігі ірі ұлттық және ғылыми-техникалық кітапханалардың, жоғары оқу орындарындағы кітапханаларының сайттарын насихаттауы тиіс. Интернет мүмкіндіктерін кітаптар арқылы өз елінің мәдениетін, немесе белгілі бір аймақтағы оқырмандармен қашықтан жұмыс істеуге пайдалану қажет.

Азаматтық қоғам институттары және әлеуметтік - жарнама арқылы балалардың ата-аналарына үндеу жолдау керек, баланы оқу үшін қатыстыру үдерісін жеңілдетуге ұсынылған кітап модульдер толық спектрін пайдалана отырып кітап оқудың маңыздылығын түсіндіру, қазіргі қоғамның нормалары мен құндылықтары дәстүрлі және жаңа технологияны меңгеру меңгеру.

Қазіргі заманғы жасөспірімдердің мәдени және ақпараттық сауаттылығын арттыру мәселесін отбасында, мектепте және мектепке дейінгі мекемелерде, мәдениет ұйымдары арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Қорыта келсек, әлеуметтендіру тетігі ретінде жастар оқуын зерттеудің болашағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік тәжірибесі ретінде белгілейді.

Кітап оқуды сәнге айналдыру үшін оқуды қолдау және дамыту бағдарламасын мемлекеттік тұрғыда қаралуы тиіс. Сонымен қатар, кітапханаларда қызығушылықтары бойынша оқырмандық активтерді қалыптастыру, соның ішінде жастар субмәдениетін, көркем және білім беру қызметін әлеуетін нығайту; қоғамдық кітапханаларда Интернет және мультимедиалық технологияны пайдалану, сондай-ақ проблеманы шешуге көмектесе алады. Жаппай кітап дүкендері, газет-журнал дүңгіршектер жабылып жатқан кезде осы қиын жағдайдан шығу жолын табу керек. Бұл кітаптар таралымын қайта түзету процесін талап етеді. Мысалы, классикалық қазақ әдебиеті мен патриоттық жазушылардың кітаптарының таралымы қысқарған. Өкінішке орай, жастар «Жұлдыз», «Таңшолпан», «Простор» әдеби журналдарын оқымайды. Осылайша, кітап пен оқу байланыс саласындағы өтпелі кезеңі даусыз болып табылады. Бірақ өтпелі уақыты - мәңгі. Онда оның ақпараттық-коммуникациялық құралдарының жақсаруында адами болмысының өмір сүру тәсілі өзгереді. Мұның бәрі, әрине, рухани ортаны және халықтың рухани қызметін жасайды. Алайда, кітап адам қызметінің саласындағы өз орнын жоғалтуы екіталай. Адам кітапқа, оқуға өзі келеді. Бірақ оқуды қажетті және жедел қолдау шаралар, сындарлы іс-әрекеттер керек, өйткені кітап қоғамды біріктіретін және дамушы құрал болып табылады.

### Әдебиеттер

1. Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // Егемен Қазақстан. - 2017.- 31 қаңтар.
2. Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. . «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» // Егемен қазақстан. - 2014.-14 қараша.
3. Аскарова В. Я. Читающий подросток в фокусе разнообразных представлений: Материалы Всероссийской конференции // Чтение в библиотеках России. Исследовательские проекты библиотек по чтению. – СПб, 2007. – Вып. 7. – С. 90–94.
4. Российская социологическая энциклопедия/ Под общей редакцией академика РАН Г.В.Осипова, 1998.
5. Большой словарь по социологии, проект [www.rusword.com.ua](http://www.rusword.com.ua).
6. Социологический словарь проекта Socium, [Электронный ресурс], 2003.
7. Голубева Е.И. Ресурсы, мотивы и стимулы детского и подросткового чтения. На материале исследований начала XXI века // *Homolegens – Человек читающий*. – М.: Школьная библиотека, 2006. – С.208–218.
8. Гербарт И. Психология / Предисловие В. Куренного. - М.: Издательский дом «Территория будущего», 2007. – С.288.
9. Ивина К.В. Книга в поле современного читателя: социокультурный анализ // Научные и технические.- 2016.- №1.- С. 90-95.

### Резюме

*Рассмотрены объективные факторы снижения интереса к книге как культурному феномену. Определены роль и значение книги в развитии личности, обоснована необходимость чтения как важнейшего фактора сохранения интеллектуального потенциала нации и общества.*

### Summary

*The objective factors of decreasing interest towards reading books as a cultural phenomenon are examined. The role and impact of books on personal development are defined, the relevancy of reading as a significant factor for preserving national cultural potential is substantiated.*



**Ж.Ж. Темір, О.М. Ибрагимов, А.Х. Махатова,  
Р.Б. Бекмолдаева, Ә.Қ. Бүркіт, П.С. Каюпова**

Ордабасы ауданының «Абай» атындағы жалпы орта мектебі, Шымкентқаласының №61 жалпы орта мектебі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Темірлан-Ұялыжар, Бөржар елді мекені, Шымкент қ., Қазақстан

### **«АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДА ПРАКТИКАЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

#### **Түйін**

“Алгебра және анализ бастамалары” курсы негізінен анализ бастамаларына қатысты негізгі ұғымдардың, ұйғарымдардың және әдістердің мазмұнын анықтайды, олардың іс-тәжірибелік мәнін ашып көрсетеді. Анализ бастамалары негізгі ұғымдарына ең алдымен нақты сандар және олардың тізбегі, функциялар және олардың шектері, функцияның үздіксіздігі, дифференциалдау және интегралдау жатады. Бұл ұғымдарды мектеп курсына оқыту қажеттілігі келесі: ғылыми, жалпы мәдениеттілік, пәндік, қолданбалы аспектілер арқылы ашылады.

**Кілттік сөздер:** алгебра, педагогика, мектеп, шығармашылық белсенділік, ақпараттық технология, әдіс, әдістеме, оқыту, робот, роботтехникасы, үйірме

Қазіргі кезде жалпы орта мектептің жоғары сыныптарында математикалық анализ элементтері жаңа білім беру бағдарламасы бойынша жаңа мемлекеттік стандартқа негізделіп, “Алгебра және анализ бастамалары” курсына оқытылады [1]. Стандартта жоғары сыныпта бұл курсты қоғамдық-гуманитарлық немесе жаратылыстану-математикалық бағдардың біріне сәйкес оқыту қарастырылған. Қоғамдық-гуманитарлық бағдардың туындыға қатысты білім мазмұнында туынды және оның қолданылуы қарастырылса, жаратылыстану-математикалық бағдарда тізбектің және функцияның шегін оқытып барып, туынды және оның қолданылуын оқыту қамтылған. Сондай-ақ мұнда жаратылыстану-математикалық бағдарлы мектептерде (сыныптарда) оқушыларға дифференциалдау және интегралдау элементтерін функцияларды зерттеу және қолданбалы есептерді шығару аппараты ретінде таныстыру мәселесі қойылады. Оқушылар функциялардың туындыларын таба білуі, туынды көмегімен элементар функцияларды зерттей алуы, олардың экстремумын және таңбатұрақтылық аралықтарын таба алуы, функцияларды зерттеу арқылы олардың графиктерін сала білуі керек. Білім стандарты оқушылардың міндетті математикалық даярлығын қамтамасыз ететін білім мазмұнын анықтап және оқушылардың математикалық дайындықтарына қойылатын қажетті минимальдық деңгейді көрсететіні белгілі. Ал бағдарлама дифференциалдық теңдеулердің шешімін іздеуді терең қарастырмай-ақ, математикалық анализдің мәніне және оның іс-тәжірибеде қолданылу мүмкіндігіне оқушылардың дұрыс көзқарасын тәрбиелеуді талап етеді.

#### **Қолданбалы аспект**

Көптеген қолданбалы есептер функцияның қасиеттерін зерттеу, дифференциалдау, интегралдау әдістері арқылы шешіледі.

Туындыны оқыту әдістемесінің өзіндік қалыптасу кезеңдері бар. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау нәтижесінде анализ бастамаларын орта мектепте оқыту әдістемесінің қалыптасуы негізінен 3 кезеңге бөлінетінін байқадық. XIX ғасырдың басында училищелер мен гимназиялардың жоғары сыныптарының бағдарламаларында математикалық анализ идеялары едәуір орын алды. Қазан төңкерісінен кейін де жоғары математиканың элементтерін мектеп бағдарламасына енгізу жөнінде бірнеше дүркін ұсыныстар жасалынды. 1956 жылғы математика бағдарламасы жобасына 34 сағатқа есептелген “Туынды туралы” тақырыбын оқыту енгізілген және ол сағаттар төмендегі тақырыптарды қамтыған:

- функцияның шегі ұғымы;
- туынды ұғымы;
- бірқалыпты қозғалыстың жылдамдығы мен үдеуі;
- туынды - жылдамдық ретінде;
- туындының геометриялық мағынасы;
- қисық сызыққа жүргізілген жанама;
- функциялардың қосындысының және көбейтіндісінің туындылары;
- натурал көрсеткішті дәреженің туындысы;
- бір айнымалы рационал функциялардың туындылары;
- $\frac{\sin x}{x}$  функциясының  $x \rightarrow 0$  шегі;
- $\sin mx$  және  $\cos mx$  функцияларының туындылары;
- функцияның өзгеруін оқып-үйренуге туындының қолданылуы;

- берілген аралықтағы функцияның өсуі және кемуі;
- функцияның максимумы және минимумы.

Қазіргі жағдайда бұрынғы іс-тәжірибеге сүйене отырып, оқыту бағдарламасына күрделі функциялардың туындысын есептеу, функцияны туынды бойынша зерттеу және т.б. көптеген өзгерістер енгізілгенімен жалпы туындыны оқытуға қойылатын келесі талаптар өзгеріссіз қалып отыр. Ол талаптарға:

-туындыны оқытуды алгебра курсынан бөлек қарастырмай, орта мектептің 10-сыныбынан бастап оқыту және функцияның өсуін, кемуін, үздіксіздігін, сондай-ақ шектер теориясын оқытуға көңіл бөлу. Оқушыларды туынды бойынша функцияны зерттеу тәсілін қолдануға үйрету;

-туындыны оқытудағы мақсат - оқушыларға дифференциалдау дағдыларын қалыптастырумен бірге, математиканың техникада кең қолданылатын тиімді әдістерімен таныстыруды бірнеше іс-тәжірибелік есептерді шығару арқылы жүзеге асыру;

-интегралдау элементтерін орта мектепте оқыту мүмкіндігі;

-факультативтік сабақтарда дифференциалдық есептеулердің кеңейтілген курсына беруге болатындығы.

Математикадағы оқушылар үшін қиын игерілетін ұғымның бірі – шек ұғымы. Сондықтан да ең алдымен шек ұғымы және функцияның үздіксіздігін оқыту әдістемелеріне тоқталамыз.

Бұл ұғым мектепте туындыны енгізудің құралы ретінде пайдаланылады. Шек ұғымын енгізу әдістемесін жетілдіру бағытында ғалымдар, математиктер, әдіскерлер, педагогтар көптеген жұмыстар атқарды және атқаруда. Қолданыстағы кейбір оқу құралдарда алдымен функцияның үздіксіздігінің анықтамасы, содан кейін жуықтап есептеулерден алынған мәліметтер қолданылып шек ұғымы енгізіледі. Кейбір әдістемелік әдебиеттерде алдымен функцияның нүктедегі шегі анықтамасы енгізіліп, оның негізінде функцияның үздіксіздігі оқытылады [2-7]. Басқаша айтқанда, функцияның шегі анықтамасы үздіксіздікті анықтауға алып келеді. Көптеген оқу және әдістемелік құралдарда алдымен сандық тізбек және тізбектің қасиеттері, шектеусіз тізбектер, тізбектің шегі оқытылып барып, функцияның шегі ұғымын қалыптастыру ұсынылады. Мұнда оқушылар 9-сыныпта игерген сандық тізбектер, арифметикалық және геометриялық прогрессия тақырыптарын негізге алады.

Жалпы шекке көшу тақырыптарын игеру оқушыларға қиынға соғады, оны төмендегідей негізгі себептермен түсіндіруге болады:

- шек ұғымының шексіздік ұғымымен байланыстылығы;
- шектің анықтамасының өзін түсінудің қиындығы;
- шекке көшуді оқытуға жеткілікті әдістемелік аздығы;
- шекті оқытуға сағат көлемінің аздау бөлінгендігі және т.б.

Жалпы орта мектептерде оқушыларға анализ бастамалары материалдарын игертуді көрнекі-интуитивті түрде ұйымдастыру жеткілікті болса, жаратылыстану-математикалық бағдарлы мектептерде оқу материалдары тереңдетіледі және кейбірі кеңейтіледі, қиындығы жоғары мазмұндағы есептер көптеп шығарылады. Оқушылар міндетті түрде функцияның нүктедегі шегі анықтамасының мазмұнын түсінуі қажет.

Оқушының бойында ғылыми ұғымдар жүйесін қалыптастыру – оны жалпы ғылыми білімдер жүйесімен қаруландырудың маңызды элементтерінің бірі. Оқушының жалпы пән бойынша білімінің сапасы оның ұғымдар жүйесін меңгеруіне байланысты. Математикалық ұғымдарға дәл анықтама беруге үйрету арқылы оқушылардың математикалық білімдерді саналы игеруі қамтамасыз етіледі, олардың логикалық ойлауы жетілдіріле түседі. Ұғымдар мазмұны оқу процесінде біртіндеп ашылады. Сондықтан да әдістемелік құралдар мен оқулықтарда ұғымдарды оқып-үйренуге даярлау әдістемесі қолданылады [3-10].


## 2. Аргумент шексіздікке ұмтылғандағы функцияның шегі

А.Г.Мордкович және П.В.Семенов функцияның нүктедегі шегін оқытуда дидактикалық түсіндіруден жасанды конструкция басым, ал функцияның шексіздіктегі шегін оқытуда өмірмен байланыс, бұрынғы іс-тәжірибемен байланыс принциптері көрініп тұрғанын айтады [8-10]. Ол алдымен функцияның аргумент шексіздікке ұмтылғандағы шек ұғымын енгізуді ұсынады.

$y = f(x)$  функциясын қарастырайық.


а) - суретте  $y = f(x)$  функциясы аргумент жағдайда,  $y = a$  түзуіне  $x \rightarrow +\infty$  асимптоталық түрде жақындайды, сондықтан  $y = a$  түзуі  $y = f(x)$  функциясының горизонталь асимптотасы делінеді. Дәлірек айтсақ, аргумент  $x \rightarrow +\infty$  ұмтылғанда  $y = a$  түзуі функция графигінің горизонталь асимптотасы болып табылады.

Математикалық анализде  $y = f(x)$  функциясының графигінің  $x \rightarrow \infty$  ұмтылғандағы горизонталь асимптотасы  $y = a$  түзуі дегенді математикалық символдар арқылы  $\lim_{x \rightarrow \infty} f(x) = a$  түрінде жазады да, “ $f(x)$  функциясының  $x \rightarrow \infty$  шегі  $a$ -ға тең” деп оқиды. Сондай-ақ, 1-суреттегі  $y = 5$  түзуін өзіне-өзі горизонталь асимптота деуге болады.



Сурет 1 -  $y = f(x)$  функциясының  $x \rightarrow \infty$  ұмтылғандағы шегі  $a$  екендігін демонстрациялау үлгісі

Функцияның нүктедегі шегі және үздіксіздігін компьютер көмегімен демонстрациялауда нақты функция мысалдары қарастырылғаны дұрыс деп есептеп, 2-суреттегідей жағдайды сипаттауға демонстрациялық пакетті ұсынамыз. Графиктегі баса назар аударылатын тұстарға анимациялық эффектілер қолданылды.



Сурет 2 – Үзілісті функцияны демонстрациялау

Осыған ұқсас демонстрациялық пакеттер даярланған.

Мұғалім оқушыларға шекті оқытудағы  $\lim_{x \rightarrow a} f(x)$ -ті есептеуде мынадай келісімдердің бар екендігін

есінен шығармау керек:

1. Мектеп математика курсында кездесетін барлық функциялар өзінің анықталу облысында үздіксіз болып табылады. Басқаша айтсақ, егер функцияның  $a$  нүктесіндегі мәні  $f(a)$  бар болса, онда

$$\lim_{x \rightarrow a} f(x) = f(a) \text{ Мысалы, .}$$

$$\lim_{x \rightarrow 1} \frac{\sin \frac{\pi x}{2} + \cos \frac{\pi x}{2} + \operatorname{tg} \pi x}{\sqrt{4x} + 2x - 1} = \frac{1 + 0 + 0}{2 + 2 - 1} = \frac{1}{3}$$

2.  $\lim_{x \rightarrow a} \frac{f(x)}{g(x)}$  және  $g(a) = 0$  шегін есептеуде  $f(a) \neq 0$  жағдайда  $\lim_{x \rightarrow a} \frac{f(x)}{g(x)} = \infty$ ,  $x = a$  түзуі

$y = \frac{f(x)}{g(x)}$  графигінің вертикаль асимптотасы болып табылады. Мысалы,  $\lim_{x \rightarrow 0} \frac{k}{x} = \infty$ . Ал,  $y = \frac{k}{x}$  функциясы

үшін  $x = 0$  түзуі вертикаль асимптота болып табылады.

Егер де  $f(a) = 0$  және  $g(a) = 0$  болса, онда  $\lim_{x \rightarrow a} \frac{f(x)}{g(x)}$  үшін  $\frac{f(x)}{g(x)}$  бөлшегін түрлендіру

жұмыстарын орындау керек.

Мысалы: 1)  $\lim_{x \rightarrow 2} \frac{2x^2 - 3x - 2}{x^2 - 4}$

Шешуі:  $x = 2$  болғанда бөлшектің алымы да, бөлімі де 0-ге тең болады, сондықтан

$$\frac{2x^2 - 3x - 2}{x^2 - 4} = \frac{2(x-2)(x+\frac{1}{2})}{(x-2)(x+2)} = \frac{2(x+\frac{1}{2})}{x+2}.$$

$x \neq 2$  болғанда  $\frac{2x^2 - 3x - 2}{x^2 - 4}$  функциясы мен  $\frac{2(x+\frac{1}{2})}{x+2}$  функциясы мәндес, сондықтан олардың  $x \rightarrow 2$  шегі

де өзара тең, яғни  $\lim_{x \rightarrow 2} \frac{2x^2 - 3x - 2}{x^2 - 4} = \lim_{x \rightarrow 2} \frac{2(x+\frac{1}{2})}{x+2} = \frac{5}{4};$

$$\lim_{x \rightarrow 1} \frac{\sqrt{x+3} - 2}{x^2 - 1} = \lim_{x \rightarrow 1} \frac{(\sqrt{x+3} - 2)(\sqrt{x+3} + 2)}{(x^2 - 1)(\sqrt{x+3} + 2)} = \lim_{x \rightarrow 1} \frac{(\sqrt{x+3})^2 - 4}{(x^2 - 1)(\sqrt{x+3} + 2)} =$$

$$2) \lim_{x \rightarrow 1} \frac{x-1}{(x-1)(x+1)(\sqrt{x+3} + 2)} = \lim_{x \rightarrow 1} \frac{1}{(x+1)(\sqrt{x+3} + 2)} = \frac{1}{2(2+2)} = \frac{1}{8}.$$

4. Туындының геометриялық және физикалық мағынасы.

Туынды тақырыбын оқытудың алғашқы сабақтарында жанама есебімен қатар лездік жылдамдық, дененің өз осінен айналуы, лездік бұрыштық жылдамдық және т.б. есептер қарастырылады.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Алгебра оқулығы. 10-11-сыныптар. Жалпы орта білім.– Алматы:РОНД, 2015.-368 б.
2. Программы средней общеобразовательной школы. Математика. -М.: Просвещение, 1988. – 79 с.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты - СМС 35.040. Электрондық оқу басылымы. Құрылымына, функцияларына, мазмұнына, оқу элементтеріне, рәсімдеуіне және құжаттамаларына қойылатын талаптар. - Алматы, 2004.
4. Методика преподавания математики в средней школе. Ю.М. Колягин, В.А. Оганесян, В.Я.Саннинский, Г.Л.Луканкин. Общая методика. Уч.пособие для студ. ф-м фак. пед. инс-в.–М.:Просвещение, 1975-462 с.
5. Д.Рахымбек, Р.Б.Бекмолдаева, Ә.Қ.Бүркіт, Ж.Қ.Нұрматова. «5-6 сынып. Математика» электрондық оқулығы. Астана. 2011.
6. Д.Рахымбек, Р.Б.Бекмолдаева, Ә.Қ.Бүркіт, Ж.Қ.Нұрматова. «7-сынып. Алгебра» электрондық оқулығы. Астана. 2012.
7. Д.Рахымбек, Р.Б.Бекмолдаева, Ә.Қ.Бүркіт, Ж.Қ.Нұрматова. «8-сынып. Алгебра» электрондық оқулығы. Астана. 2013.
8. Д.Рахымбек, Р.Б.Бекмолдаева, Ә.Қ.Бүркіт, Ж.Қ.Нұрматова. «9-сынып. Алгебра» электрондық оқулығы. Астана. 2014.
9. Д.Рахымбек, Р.Б.Бекмолдаева, Ә.Қ.Бүркіт, Ж.Қ.Нұрматова. «10-сынып. Алгебра» электрондық оқулығы. Астана. 2015.
10. Д.Рахымбек, Р.Б.Бекмолдаева, Ә.Қ.Бүркіт, Ж.Қ.Нұрматова. «11-сынып. Алгебра» электрондық оқулығы. Астана. 2016.

#### Резюме

*В этой статье рассматриваются методика решения математических задач на уроках алгебры. А также применения средств современной информационно-телекоммуникационной технологии в учебном процессе и методы реализации принципа наглядности в формировании познавательной деятельности учащихся средней общей школы Республики Казахстан.*

#### Summary

*Information technologies began appearance and became possibility to use their strong resources in aim of teaching. Therefore in work contemplate realization of principle of use visual methods in teaching of resource of information technologies on the basis school in the Republic of Kazakhstan.*

Р.А. Туленды, Г.А. Калмуратова  
ЮКГУ им Ауэзова, Шымкент, Казахстан

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСОВ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОЙ КАРТИНЫ ЧТЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

### Резюме

В статье рассматриваются роль и место электронной информации в структуре современного информационного общества. На примере казахстанских библиотек рассмотрены электронные литературные библиографические ресурсы. Представлены электронные библиотеки в Интернете.

**Ключевые слова:** библиографическая информация, электронные библиографические ресурсы, информационные технологии, электронные библиотеки, Национальные библиотеки РК, областные библиотеки.

В течение веков доступ к художественной литературе предоставляли, в основном, библиотеки и книжные магазины. Сегодня беспрецедентные по своему характеру и объему возможности открывают сетевые ресурсы. Многообразие литературных сайтов и статистика их посещаемости свидетельствуют о том, что происходит постепенное смещение в выборе источников чтения, среди которых именно сетевые ресурсы начинают занимать все более значительное место. На этом фоне не совсем корректными являются выводы о кризисе чтения, поскольку они делаются на основе традиционной книжной среды без учета развивающегося электронного документного пространства.

Сложившуюся ситуацию не могут игнорировать библиотеки как основной социальный институт поддержки и развития чтения. До сих пор библиотеки полагались только на свои ресурсы, сейчас чрезвычайно важно расширять поле деятельности, для чего необходимо разработать стратегию сопровождения чтения в интернет - среде, чтобы сохранить читателя, не упустить момент перехода от чтения с бумаги к чтению с экрана, вовремя предложить новые услуги. Немаловажным фактором является и то, что за библиотеками закреплена важнейшая социальная функция - отбора изданий и их адекватного раскрытия посредством справочно-библиографического аппарата, что пока слабо выражено в Интернете. Поэтому, главная задача, которая стоит перед библиотечными специалистами, - выработать механизмы оценки интернет-ресурсов и оптимальные формы включения их в библиотечную практику.

Определение политики библиотек по отношению к интернет-ресурсам художественной литературы должно базироваться на понимании современной ситуации в области чтения в целом: демографических характеристиках аудитории, жанровых предпочтениях, стремления к активному обмену мнениями и т.д.

Библиотекам важно не только знать сетевые ресурсы, но и иметь четкое представление о том, какие возможности предоставляет электронная среда для повышения качества чтения. На наш взгляд, особенно важно располагать достоверными сведениями о такой перспективной категории пользователей как молодежь, поскольку эта группа, определяющая будущее нашего общества, находится в стадии формирования личностных предпочтений и в наибольшей степени ориентирована на активное использование компьютерных технологий.

Среди проблем исследования информационного рынка наибольшую тревогу вызывает тенденция устойчивого падения тиражей практически по всему спектру изданий, особенно по научным книгам и журналам. Период, в котором мы живём (начало XXI в.), чаще всего обозначается как «информационное общество». Понятие информационное общество возникло как попытка определить те процессы, которые наблюдаются в обществе и не связаны непосредственно с изменениями производительных сил, а опираются на влияние знаний (информации) на все сферы общественных отношений. Чтение художественной литературы остается востребованным населением (особенно в молодежной среде), однако наблюдается некоторая нисходящая тенденция, что определяет необходимость поддержки, культивирования, продвижения чтения. Значительная часть респондентов (68,9%) позитивно относятся к чтению художественной литературы. Читательские интересы современной молодежи весьма разнообразны и включают в себя произведения русской и зарубежной классики, историческую и современную прозу, публицистику, фантастику и детективы. Определено, что круг читаемых современных авторов и произведений достаточно широк и разнообразен, большинство из них называлось респондентами всего по разу, что позволило сделать вывод о затруднении реализации коммуникативной функции чтения, так как произведение перестает быть инструментом интенсификации общения и не может способствовать сплочению социальной группы.

Проведенное авторами исследование показало, что наиболее значимыми источниками информации в настоящее время для молодежи являются книга (77%), Интернет (72%), телевидение (64%). Сравнительный анализ целей получения информации из печатных и электронных источников выявил, что электронные источники имеют предпочтение для удовлетворения познавательного интереса. В учебной и досуговой областях существует паритет источников, электронные ресурсы имеют преимущество в решении прикладных проблем за счет доступности информации и оперативности ее извлечения. Изменились приоритеты в выборе канала получения информации: библиотека, которая являлась главным источником получения художественной

литературы, значительно ослабила свои позиции как институт организации чтения. Современный читатель отдает предпочтение покупке книг, обмену в неформальном кругу друзей, использованию новых технологий. Сделан вывод, что такое положение требует анализа библиотеками существующей ситуации и внедрения новых форм работы.

Предложено выделение двух направлений библиотечной деятельности с интернет-ресурсами художественной литературы: 1) создание библиотеками литературно-художественных электронных ресурсов; 2) сопровождение библиотеками чтения художественной литературы в Интернете. Учитывая, что работа с художественной литературой в библиотеках различного типа занимает неординарное место, определено, что в создании электронных ресурсов художественной литературы принимают участие Национальные библиотеки Республики Казахстан и регионального (областные) уровня. В большинстве этих библиотек существуют такие структурные подразделения, как отдел автоматизации, зал электронных ресурсов, медиатека. Именно в библиотеках данного типа возникли и успешно работают региональные центры чтения. Перечисленные факторы, а также анализ содержания сайтов центров чтения, позволяют утверждать, что реализация сопровождения интернет-чтения наиболее эффективна в библиотеках данного типа, которые становятся информационными и методическими центрами по работе с интернет-ресурсами.

Анализ статистических данных счетчиков интернет-ресурсов художественной литературы показал, что ярко выраженную положительную динамику имеет рост визитов и посетителей электронных библиотек, электронных журналов, сайтов свободной публикации. Основную долю читающей интернет-аудитории составляет молодежь 12-30 лет (67%). В регионах этот процесс идет интенсивнее, чем в столичных мегаполисах за счет активного продвижения интернет технологий на периферию.

Отмечено, что в настоящее время существует достаточно сложная ситуация в сфере электронного издательства, поэтому библиотеки должны максимально взвешенно подходить к разработке проектов по оцифровке художественной литературы, учитывая, что:

во-первых, существуют открытые интернет-ресурсы, предоставляющие возможность пользования цифровыми аналогами художественных произведений эталонного качества (Национальная электронная библиотека РК, [kitar.kz/](http://kitar.kz/) - открытая библиотека Казахстана, где на сегодняшний день собрано свыше 4 тысяч произведений казахстанских и мировых авторов., <http://adebiportal.kz/> - Литературный портал – это уникальный Интернет-ресурс произведений казахстанских и зарубежных авторов, как прошлых столетий, так и современности, доступных на казахском, русском, английском и турецком языках. Для удобства чтения Портал имеет собственный ридер, систему для чтения электронных книг в форматах pdf и epub);

во-вторых, расширяется поле представления литературных текстов за счет оригинальных электронных журналов, сайтов свободной публикации;

в-третьих, в писательской среде нет единого взгляда по вопросу открытого представления текстов в Сети;

в-четвертых, исходя из правовых реалий, в настоящий момент библиотеки имеют возможность свободно оцифровывать и предоставлять пользователям в открытом доступе преимущественно те произведения художественной литературы, которые перешли в общественное достояние;

в-пятых, включаясь в процесс оцифровывания печатных изданий художественных произведений, библиотеки вступают в конкурентные отношения с издательствами.

Показано, что Национальными библиотеками РК ведется работа по формированию национального библиотечного репертуара электронных документов эталонного качества, однако она концентрируется, в основном, в области научной и образовательной литературы. Примером может служить Проект «Современная литература Казахстана». Проект по созданию электронной библиотеки современных литературных изданий реализуется с 2007 года. Дюсенбек Накипов, Эрнест Тореханов, Аслан Жаксылыков являются первыми современными авторами, которые заключили с Национальной библиотекой Авторские соглашения о предоставлении библиотеке право создать электронную копию книги и разместить в электронном каталоге Библиотеки и на его сайте в Интернете Заключение Авторских договоров проходит на базе тех культурных мероприятий, которые проводит Национальная библиотека по популяризации книги и приобщения к чтению. Стимулирование чтения является одним из приоритетов деятельности Национальной библиотеки. Чтение является важнейшим элементом постижения культурных и национальных ценностей, фактором воспитания гражданской позиции и патриотизма членов общества. Этот Проект способствует открытому доступу к фонду современной литературы Казахстана в режиме онлайн и более содержательному духовному контакту Автора и Читателя.

Исходя из перечисленных тезисов, сделан вывод о том, что представление в Интернете художественной литературы в данной социокультурной ситуации остается прерогативой издательств, частных и общественных инициатив. Данное обстоятельство определяет необходимость тесного взаимодействия с ними библиотек различного уровня. К основным интернет-ресурсам художественной литературы относятся электронные библиотеки, электронные журналы, личные страницы писателей, сайты самопубликации, представленные двумя типами ресурсов: 1) ресурсами, прошедшими издательско-редакционную обработку; 2) сетевым «самиздатом».

Специфическими чертами интернет - чтения являются: усиление коммуникативности, интерактивность, доверие к приватному мнению, креативность. Читатель выступает в цифровой среде в роли писателя (соавтора), эксперта, критика, рекомендателя.

Создание библиотеками литературно-художественных электронных ресурсов и сопровождение чтения художественной литературы в Интернете являются базой для формирования современной библиотечной политики. Поскольку существует значительное количество интернет-ресурсов, не только функционально обеспечивающих чтение, но и удовлетворяющих коммуникационным потребностям читателя, приоритет отдается реализации второго направления. Достойное место в системе открытого доступа представлены произведения Абая Кунанбаева на разных языках, изданные в различные годы во многих городах и странах, начиная с самой первой книги, вышедшей в Петербурге в 1909 г., и заканчивая современными из одного источника - полнотекстовой электронной библиотеки «Наш Абай». Электронная библиотека создана в Восточно-Казахстанской областной библиотеке имени А. С. Пушкина. В электронной библиотеке «Наш Абай» собраны более 500 источников, среди них цифровые копии редких изданий 1920-х, 1930-х гг.

XX века, напечатанные арабской и латинской графикой, издания военных лет, а также книги на 20 иностранных языках. Оригинальный интерфейс, удобная навигация, адаптированные тексты в форматах ePab, Fb2 позволяют использовать электронную библиотеку «Наш Абай» по Интернет посредством компьютера, планшета, мобильных устройств. Данный проект поддержали Национальная библиотека Республики Казахстан, Национальные библиотеки зарубежных стран, а также Восточно-Казахстанская областная библиотека им. Абая, научная библиотека Государственного университета им. Шакарима города Семей и из собственных фондов представили издания Абая для оцифровки. Для того чтобы получить доступ к редчайшим изданиям произведений Абая и исследованиям об его творчестве, необходимо зарегистрироваться на сайте библиотеки им. А.С. Пушкина и получить электронный номер читательского билета. Не менее интересна Электронная библиотека «Мир Мухтара Ауэзова» расположенная на сайте Национальной библиотеки Республики Казахстан. Основная цель информационного ресурса обеспечить единый доступ к литературному наследию Мухтара Ауэзова, ознакомление мирового и отечественного сообщества с творчеством казахского классика, расширение знаний о жизни и деятельности великого писателя. Электронная библиотека «Мир Мухтара Ауэзова» – уникальный, интегрированный электронный ресурс документов, на котором представлены произведения М. Ауэзова, переводы и издания произведений на языках народов мира, собраны воспоминания современников и известных деятелей культуры о его жизни и творчестве. Платформа проекта – полное академическое собрание сочинений Мухтара Ауэзова в 50 томах. В академическом издании собраны научные труды, художественные произведения, статьи, киносценарии, письма и исследовательские работы, принадлежащие перу великого художника слова. Также в основу электронного ресурса легли материалы из личного архива Мухтара Омархановича Ауэзова, оцифрованные рукописи Института литературы им. Мухтара Ауэзова, а также богатейшая коллекция из фонда Национальной библиотеки РК.

Научный интерес у пользователей сайта вызовут ранее неопубликованные рукописи писателя, личные письма и фото, видео, аудио материалы. В электронную коллекцию включены книги, статьи из периодической печати, авторами которых являются известные казахстанские и зарубежные деятели науки и культуры, политики и журналисты. Интересно литературная продукция «Восточный Казахстан литературный» состоящий из Электронной библиотеки Литературное объединение «Звено Алтая», Краеведческий альманах с 2013 по 2016 гг. Полезен для чтения Виртуальная энциклопедия «Султанмахмут Торайгыров» - новый интернет-проект Павлодарской областной научной универсальной библиотеки им. С.Торайгырова. Павлодарской областной библиотекой ведется большая работа по популяризации творчества С. Торайгырова, его связи с Павлодарским Прииртышьем: проводятся литературные конференции, чтения, краеведческие уроки, организуются циклы выставок, презентаций, библиографические пособия. Проект «Виртуальная энциклопедия «Султанмахмут Торайгыров» будет интересен всем пользователям Интернета. Здесь можно познакомиться с биографией и творчеством, общественной деятельностью Торайгырова, его связями с Павлодарским Прииртышьем. Энциклопедический ресурс состоит из нескольких разделов, в числе которых - «Литературное наследие», «Общественная деятельность», «Современники о Торайгырове», «Торайгыроведение», «Памяти поэта», «С.Торайгыров в искусстве», «На земле Султанмахмута», «Библиография», «Фотогалерея».

Таким образом, информационные ресурсы художественной литературы и литературоведения обусловлены структурой литературной науки, ее предметными связями со смежными гуманитарными областями. Многообразие форм и типовых характеристик информационных ресурсов обусловлено обстоятельствами их создания, тематикой, целевым назначением. В настоящее время специалист оперирует всеми доступными источниками информации о литературном тексте и исследовательских материалах: карточными, печатными, электронными (в том числе интегрируемыми - регулярно пополняемыми и изменяемыми), предусматривающими различный способ навигации и прочтения. Смысл существования информационных ресурсов - в их возможности отвечать разнообразным общественным потребностям в отношении литературы: творчество, образование, познание мира, саморазвитие, отдых, психологическая разрядка.

Информационные ресурсы художественной литературы и литературоведения определяются свойствами уникальности, неисчерпаемости интерпретации литературно-художественной и литературно-критической информации, отсутствием свойства старения, аналогичного для документов других предметных областей.



Информационные ресурсы художественной литературы и литературоведения представлены документальным потоком первичных документов (книжная продукция издательств, публикации литературно-художественных и литературоведческих журналов, полнотекстовые электронно-библиотечные системы), справочными, библиографическими источниками, информационно-поисковыми рубриками. На полноту отражения содержания документов влияет профиль электронного информационного ресурса, его читательское и целевое назначение.

#### Литература

- 1 Отраслевые информационные ресурсы : Учебник. – Санкт-Петербург: Профессия:2015.-416 с.
- 2 Голубенко Н.В. Библиотечное дело: Инновации и перспективы.- М.: Логос,2014.-128 с.
- 3 Решетникова О.В. Библиографическая информация онлайн: возможности и перспективы// Библиотековедение, 2016, № 4, С. 403 -406
- 4 Барсукова Н.А. Система формирования цифрового контента Национальной библиотеки Республики Казахстан.-2014, №3, С.52-54

#### Түйін

Мақалада қазіргі заманғы ақпараттық қоғам құрылымындағы электронды ақпараттың орны мен рөлі қарастырылған. Қазақстан кітапханаларының электронды әдеби библиографиялық ресурстары мысалы ретінде келтірілген. Интернеттегі электрондық кітапханалар берілген.

#### Summary

The article considers the role and place of electronic information in the structure of the modern information society. On the example of Kazakhstan libraries, electronic literary bibliographic resources are considered. Presented are electronic libraries on the Internet.

ӘОЖ 633/635

Г. Қ. Турабаева, Ф. Исаева, Г. С. Оспанова, Г.Т. Бозшатаева  
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

#### ДӘНДІ АСТЫҚ DAҚЫЛДАРЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

#### Түйін

Әртүрлі дәнді дақылдардың тамыр жүйесі өздерінің даму қуатымен, дәннің қалыптасуы және пісуіжәне қоректік заттарды сіңіру қабілетімен ерекшеліктері көрсетілген.

Дәнді астық дақылдарының ішінде барынша қуатты тамыр жүйесі жүгеріде, күздік қара бидай мен күздік бидайда қалыптасатыны айтылған.

**Кілттік сөздер:** Дәнді астық дақылдары, сабақтары, тамыр жүйесі, жемісі.

Астық дақылдарында жапырақ қынабының жапырақ тақтасына ауысу орнында ерекше түзілімдер – тілше және құлақша – қалыптасады.

Тілше – жұқа қабық (пленка). Ол жапырақ қынабының ішінде судың, шаңның еніп кетуіне жол бермейді. Құлақша жапырақ қынабын сабаққа бекітіп ұстап тұрады. Дәнді дақылдар дамуының ерте кезеңінде тілше мен құлақша дақылдарды бір-бірінен ажыратуға көмектесетін жүйелі көрсеткіштер болып табылады: сұлыда тілше күшті дамыған, ал құлақшасы жоқ; арпада құлақша жақсы дамыған; бидай мен қара бидай-да тілше мен құлақша әлсіз дамыған.

Дәнді астық дақылдардың гүл шоғыры екі түрде (типте): масақ және шашақ. Жүгеріде ғана басқаша, онда әрбір өсімдікте гүл шоғырының екі түрі де орналасқан және аталық гүлдері шашақ түрінде сабақтың ұшар басында, ал аналық гүлдері собық түрінде жапырақ қолтығында орналасқан.

Масақ (бидай, қара бидай, арпа, тритикале) жекелеген кертпелерді құрайтын біліктен тұрады, оның кертпесінде (кертпешінде) кезектесіп екі жағынан масақшалар орналасқан.

Әрбір гүлде екі қабықшасы – ішкі және сыртқы – болады, қылтықты түрлерінде сыртқы гүл қабықшасына қылтық бекіген. Гүл қабықшыларының арасында екі қалақты аналық аузы бар жатын мен үш аталық (күріште алтау) орналасқан. Әрбір гүлдің негізінде аталықтардың сырт жағында екі нәзік қабықша (лодикул) орын тепкен, ол гүлдеген кезде ісінеді де гүл ашылады. Гүлдер барлық дәнді астық дақылдарында қосжынысты (жүгеріден басқалары).

Жемісі – дән, ол ұрықтан, эндоспермнен және қабықтан құралған. Жеміс қабықшасы тұқым қабықшасымен бірігіп кеткен. Қабықты дақылдарда, сонымен қатар, гүл қауыздарымен жабылған. Дән эндоспермінде қорлық қоректік заттар жинақталған. Эндоспермнің сыртқы қабыққа жанаса орналасқан бөлігі

азотты заттарға бай алейрон дәншіктерімен толтырылған. Оның төменгі бөлігінде крахмал дәншіктерімен толыққан жасушалар бар. Ұрық дәннің негізінде дөңес жағына орналасқан. Ол эндосперммен байланыстыратын гүл табақшасынан (шиток), ұрықтық (болашақ) жапырақтармен көмкерілген бүршікшеден, біріншілік (алғашқы) сабақтан және ұрықтық тамыршалардан тұрады. Дән ұрығы үлкен емес (эндосперммен салыстырғанда) және бидай, кара бидай, арпада - 1,5-2,5%, сұлыда – 2,0-3,5%, жүгеріде - 10-14%[1].

Дәнді дақылдар бірқатар морфологиялық және биологиялық белгілермен ерекшеленетін екі топқа ажыратылады. Астық дақылдарының бірінші тобы – бидай, кара бидай, арпа, сұлы – дәндерінің етек жағында тілігі (ойығы) болады, бірнеше ұрықтық тамыршалармен өнеді және олардың саны дақылға байланысты әртүрлі; бұл дақылдар масақшаларында төменгі гүлдері басым дамып жеміс береді, ал жоғарға гүлдері дамымай қалады; сабаны әдетте борпас келеді; астық дақылдарының бұл тобы жаздық және күздік түрде өсіріледі (негізінен бидай, кара бидай, арпа).

Дәнді астық дақылдарының екінші тобы, немесе тары тәріздестер –тары, жүгері, күріш, шәй жүгері және қарақұмық – дәндерінің ойығы болмайды, олардың дәндері бір ғана ұрықтық тамырмен өнеді; - масақшаларында жоғарға гүлдері басым дамып жеміс түзеді; - сабанының қуысы паренхима ткандерімен толтырылған; бұл топтың дақылдары тек қана жаздық түрде өсіріледі.

Дәннің химиялық құрамы. Дәннің негізгі массасын азотсыз экстрактивті заттар – көмірсулары (углеводтар) құрайды.

Көмірсуларының 90% астамы крахмал, тек 10% ғана еритін көмірсулары

– қанттардың (негізінен ұрықта шоғырланған) үлесіне тиеді.

Дәнді дақылдар тобына 17 дақыл біріктірілген, олар 3 тұқымдасқа жатады: - қоңырбастар (Poaceae) - бидай, кара бидай, сұлы, арпа, тары, жүгері, күріш және шәй жүгері (сорго);

- қарақұмықтар (Polypogonaceae) - қарақұмық;

- бұршақ (Leguminosae) – асбұршақ, майбұршақ, ноғатық, атбас бұршақ, ноқат, бадана (фасоль), бөрібұршақ.

Қоңырбастар тұқымдасы дәнді дақылдарының халықшаруашылығындағы маңызы зор және кең тараған, әрі олар ортақ морфологиялық белгілермен ерекшеленеді.

Тамыр жүйесі – шашақты, оның кіндік тамыры болмайды, алайда көптеген ұсақ бұтақты тамыршалардан тұрады және олар өте ұсақ тамыр түктерімен көмкерілген.

Дәнді дақылдар тұқымдары басқа дара жарнақты дақылдар сияқты әуелі ұрықтық тамырлар түзеді. Олардың саны дақыл түріне қарай әртүрлі: арпада – 5-8, кара бидайда – 4, бидайда – 3-5, тритикаледе – 6 және сұлыда – 3-4 дана, ал тары, жүгері, күріш және шәй жүгеріде – бір-бірден.

Азотты заттар - дәннің барынша құнды бөлігі. Азотты қосылыстардың ішінде ақуыз (белок) басым. Олардың құрамы, мөлшері біркелкі емес, глютенин мен глиадин сияқты кейбір ақуыз түрлері клейковинаны (дән уызы) түзеді, ал оның қасиеттеріне дәннің нандық сапа көрсеткіштері тәуелді. Клейковина бидай, кара бидай және арпа астығында болады. Барынша сапалы клейковина бидай астығында болады. Жекелеген жылдары Солтүстік Қазақстанда өсірілетін жақсы бидай сорттарында ақуыз мөлшері 18-20% дейін жетеді. Астық дақылдарының ішінде ақуыз күріште аз[2].

Дәннің құрамында май көп емес. Оның мөлшері басқаларына қарағанда сұлы мен жүгеріде жоғарырақ, негізінен ұрықта болады. Клетчатканың көп мөлшері қабықта орналасқан, қабықты астық дақылдарының дәнінде барынша мол жинақталған 1 -кестеде.

Кесте 1. Астық дақылдары дәнінің химиялық құрамы %.

Дақыл	Ақуыз	Көмірсулары	Майлар	Күл	Клетчатка
Жұмсақ бидай	13,9	79,9	2,0	1,9	2,3
Қатты бидай	16	77,4	2,1	2,0	2,4
Қара бидай	12,8	80,9	2,0	2,1	2,4
Арпа	12,2	77,2	2,4	2,9	5,2
Сұлы	11,7	68,5	6,0	3,4	11,5
Жүгері	11,6	78,9	5,3	1,5	2,6
Күріш	7,6	72,5	2,2	5,9	11,8
Тары	12	1,69	84,5	4,3	9,2
Қарақұмық	13,1	67,8	3,1	2,8	13,1

Күл де негізінен қабықта болады, оның құрамында фосфор (күл массасының 50%) мен калий (25%) көп жинақталған. Аталған химиялық қосылыстардан басқа дәннің құрамында ферменттер мен дәрумендер де бар.

Ферменттер – органикалық қосылыстар, құрамында заттардың айналымына көп әсер етеді, әсіресе оның қалыптасу, пісу және өну үрдістерінде. Оларға диастаза, амилаза, липаза ж.б. жатады.

Дәрумендер — адамның және жануарлардың қоректенуіне қажетті әрі зат алмасу мен ағзаның барлық маңызды тіршілік функцияларын қалыпты деңгейде ұстайтын органикалық қосылыстар тобы. Дәнде барынша көп мөлшерде В1 , В2, РР, Е, А ж.б. дәрумендері кездеседі.

Дәнді дақылдар астығының (дәннің) құрамы дақыл түрі мен сорттарына, климат, қоректік заттармен қамтамасыз етілуіне, өсіру технологиясына және басқа жағдайларға байланысты өзгереді. Бұған дәлел ретінде дәндегі негізгі құнды зат - ақуыз мысалында қарастырайық.

Ылғал мөлшері, температура жиынтығы, жарықталынуы, топырақ түрлерінің өзгеруі әртүрлі аудандарда өсірілгенде дәндегі ақуыз (белок) синтезі арқылы жүреді. Географиялық факторлардың өзгеруіне қарай ақуыздың дәнде жинақталуы мынадай мөлшерде өзгереді (%): асбұршақта - 20,4-34,5, майбұршақта - 28,4-50,0 аралығында.

Қолайсыз жағдайларда түйін тамырлар нашар дамиды немесе мүлде түзілмейді, ал өсімдіктер түп (ұрықтық) тамырлар есебінен дамиды.

Мұндай жылдары өнім өте төмен болады. Бидай, сұлы, арпаның түптенуі көктегеннен кейін 12-15 тәуліктен соң басталады, ал тарыда – 15-20 тәуліктен соң, кейде одан кешірек[3].

Бастапқы күшті өсу қарқыны және түптенудің ертерек басталуы арамшөптерді басуда белгілі бір деңгейде өсімдіктердің қабілетін көрсетеді. Тарының кеш түптенуі оның арамшөптерге өте сезімталдығының белгісі.

Әртүрлі астық дақылдарының тамырлануы да әртүрлі. Бидайдың түптенуі мен тамырлануы қатар жүреді, басқаша айтқанда, түйін тамырлары бүйір өркендерінің пайда болуымен бір мезгілде түзіледі.

Сұлы түйін тамырлары ертерек қалыптасуымен ерекшеленеді, олар көбінесе 2-3 жапырағы түзілгеннен кейін, бүйір өркендерінен бұрын пайда болады. Арпада, керісінше, түйін тамырлары бүйір өркендерінен кейін дамиды.

Орта есеппен, бір өсімдікке келетін өркендер (сабақтар) санын жалпы түптену деп атайды.

Астық дақылдарының түптену дәрежесі көп жағдайларға ең алдымен дақыл мен сорттың ерекшеліктеріне байланысты күшті өзгереді. Күздік дақылдар әуақытта жаздықтарға қарағанда күштірек түптенеді. Жаздық дақылдардың ішінде сұлы мен арпа бидайға қарағанда жоғары түптенуімен ерекшеленеді. Жаздық бидайдың кеш пісетін сорттары барынша жоғары дәрежеде түптенуге бейімрек.

Түптену деңгейі қоректену және ылғалдану жағдайларына байланысты да өзгереді. Құнарлығы және ылғалдылығы жоғары (0-20 см топырақ қабатында – 25-30 мм сіңімді ылғал қоры) топырақтарда жақсы өңделген жағдайда түптену барынша қарқынды жүреді, әрі орташа мөлшердегі температура (10-12°C) ол үшін қолайлы деп есептеледі.

Түптенудің биологиялық мүмкіндігі зор. Қалыпты өсіру жағдайларында олар толық байқала қоймайды. Астық дақылдарының бірінші тобы 3-5 өркен (сабан), кейде 10-15 данаға жетеді, өте қолайлы жағдайлар қалыптасқанда жекелеген өсімдіктер 30-40 өркенге дейін түзеді. Алайда ондай өркендердің негізгі бөлігі ерте кезеңдерде, опат болады немесе гүл шоғырын өте кеш береді.

Бір өсімдікке шаққандағы қалыпты дамып, піскен гүл шоғыры (масағы) бар сабақтар санын өнімді түптену деп атайды.

Астық дақылдарының өнімді түптенуі әдетте жоғары емес. Мәселен, Қазақстанда өсірілетін жаздық бидайдың өнімді түптенуі жиі түрде 1,1-1,5 деңгейінде, кейде бірден төмен және сирек жағдайда 2,0 және одан жоғарырақ болады.

Түптену астық дақылдары тіршілігіндегі жауапты кезең. Жақсы түптенудің маңызы зор: бұл жағдайда үлкен ассимиляциялық жапырақ беті қалыптасады, көп мөлшерде түйін тамырлары түзіледі, ал олар өз кезегінде қуатты тамыр жүйесін қалыптастырады; оның үстіне масақтану (шашақтану) кезеңіне жететін бүйір өркендері қосымша астық өнімін береді; түптену кезеңінде сонымен қатар жаздық астық дақылдарында гүл шоғырларының қалыптасуы жүреді (масақ, шашақ).

Жақсы түптенген егістік айтарлықтай шамада болашақ өнімді анықтайды, алайда бүйір өркендердің көптігі қосымша ылғал мен қоректік заттарды қажетсінеді. Түптену кезеңінде қолайлы жағдайлар қалыптасса, кейіннен көп, масақшасы мен ірі масақ (шашақ) түзіледі.

Әрине, өнім деңгейі өсімдіктердің түптену кезеңіндегі өсіп-даму ерекшеліктеріне ғана емес, кейінгі кезеңдеріне де тікелей байланысты.

Дегенмен өнім негізі масақ (шашақ) – түптену кезеңінде қаланады, сондықтан осы уақытта астық дақылдары тіршілігіне қажетті барлық жағдайлармен барынша толық қамтамасыз етілуі керек.

Әлсіз түптенгенде ұсақ масақ түзіледі де астық өнімі төмен болады. Жаздың бірінші жартысы өте қуаңшылықты және кеш жауған жауын-шашынды жылдары өсімдіктер кеш түптенеді де сабан өркен дамиды (масақты өркендер кеш пайда болады). Ал сабақ өркен егін жинауды өте қиындатады.

Астық дақылдарының генеративті кезеңі түтікке шығудан басталады. Түтікке шығу кезеңі түптенудің соңынан басталады. Бұл кезеңде қысқа буын аралықты ұрықтық гүл шоғыры бар ұрықтық сабақ ұзара түседі де жапырақ түтікшесінің ішімен жоғары қарай көтеріледі.

Ең алдымен, төменгі буын аралығы өсіп ұзара бастайды, оның соңынан төменнен екінші, үшінші және одан кейінгілер дами бастайды. Бір мезгілде гүл шоғыры да дамиды: үшінші дәрежедегі өсу конусы салынады, сонынан жатын мен аналықтар қалыптасады. Ересек өсімдіктерде ең қысқа буын аралығы төменгі, ал ең ұзын буын аралығы жоғарғы бөлігінде дамиды[4].

Сабақ өсе бастағанда бірінші буын аралығы топырақ бетінен 1,5-2 см көтерілгенде дақылдың түтікке шығу кезеңі белгіленеді. Түтікке шығу кезеңінің басталуымен сабақтың және сабақ ішіндегі гүл шоғырының өсуі тез қарқынмен жүреді де қысқа уақыттың аралығында 7,8 см жетеді. Бұл кезеңде өсімдік ылғал, қоректік

заттардың, әсіресе азоттың, жетімсіздігі мен аурулармен зақымдануынан айтарлықтай зардап шегеді. Бидайда бұл масақтың төменгі масақшаларының, арпада соған қоса масақтың жоғарғы бөліктерінде масақшалар түзілмей қалуынан көрініс табады. Сабақтану гүл шоғырының (масақ, шашақ) қалыптасуының аяқталуымен бірге бітеді, және олар жапырақ қынабынан сыртқа шығып келесі өсіп-даму кезеңіне ауысады. Бұл үрдісті салқын ауа-райы тежейді, ал жылылық тездетеді.

Дәнді дақылдар вегетативті кезеңнен генеративті кезеңге ауысқанда редукция құбылысынан өтеді, бұл деген сөз түптену кезеңінде түзілген көптеген өркендерден өнімді сабақтар бөлініп шығады. Пайда болған бүйір өркендерден әлсіздерінің өлуі есебінен кемуі – дәнді дақылдарда қалыпты физиологиялық үрдіс, редукция себептеріне тұраралық бәсеке, арамшөптер зияны және аурулар мен зиянкестердің залалдануы жатады.

Бұл кезеңде өсімдіктер ылғал мен қоректік заттарға жоғары талап қояды. Кезең неғұрлым ұйымшылдықпен өтсе, егін солғұрлым біркелкі піседі де сапасы жоғары болады.

Гүлдену. Бұл масақтану немесе шашақтану кезеңінен соң өтеді. Гүлдену ерекшеліктеріне қарай дәнді дақылдар өздігінен тозаңданатын (бидай, арпа, сұлы, тары, күріш) және айқас тозаңданатын (жүгері, шәй жүгері, қара бидай) өсімдіктер деп екі топқа ажыратылады. Өздігінен тозаңданатын өсімдіктерде өздігінен тозаңдану басым болып келеді, дегенмен оларда айқас тозаңдану мүмкіндігі де бар. Бұл әсіресе ыстық ауа-райы жағдайында байқалады. Арпа тек қана өздігінен тозаңданады.

Өздігінен тозаңданатын астық дақылдарында гүлдену масақтанумен бір мезгілде (2-3 тәулік айырмашылықпен) жүреді, ал арпада – масақтануға дейін, бұл кезде масақ әлі жапырақ қынабының ішінде болады. Айқас тозаңданатын өсімдіктерде гүл шоғырының пайда болуымен гүлденуінің арасында 2-3 үлкен айырмашылық бар: қара бидайда ол 7-10 тәулік, кейде 15 тәулікке дейін, жүгеріде – 9-15 тәулік.

Гүлдену кезеңінің басталуы көп жағдайда ауа-райына байланысты, әсіресе айқас тозаңданатын өсімдіктерде. Ыстық ауа-райында масақтану мен гүлдену аралығындағы уақыт қысқара түседі.

Масақты астық дақылдарының гүлденуі масақтың орта бөлігіндегі масақшалардың төменгі гүлдерінен басталады. Осы арадан жоғары және төмен тарайды. Шашақты дақылдарда гүлдену шашақтың жоғарғы жағынан басталады. Масақты дақылдарда масақтың ортасындағы ал шашақты дақылдарда жоғарғы гүлдердегі тозаңдықтар пайда болғанда гүлдену кезеңі белгіленеді. Бір гүлдің гүлдеу ұзақтығы 30-60 минут, ал гүлдердің барлығы бір мезгілде гүлдемейтіндіктен гүлдену кезеңі 8-12 тәулікке созылады.

Өсімдік тіршілігінде гүлдену маңызды өзгерісті кезең болып табылады, өйткені оның соңына қарай вегетативті органдардың әрі қарай өсімі тоқталады. Көп жағдайда осы мезгілде тамыр жүйесінің де өсуі тежеледі.

Гүлдену кезеңінде астық дақылдары сыртқы әсерлерге өте сезімтал, температураның күрт өзгеруі, ылғалдылық жетіспеушілігі, ұзаққа созылған жаңбыр және кейбір басқа әсерлер тозаңдану жағдайларын нашарлатады және осылардан гүл шоғырының дәнділігі төмендейді.

Гүлдену кезеңіндегі қолайсыз жағдайлар айқас тозаңданатын өсімдіктерде ерекше байқалады. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60-80% және температурасы 18-220С болғанда гүлдену барынша жақсы өтеді.

Гүлдену уақытында егістіктерде түпкілікті өнімді сабақтар болады. Агротехникалық шаралармен әсер ету арқылы редукция үрдісінде сорттар барынша жоғары өнім бере алатын масақты сабақтарды қалыптастыруға ұмтылу керек.

Дәннің қалыптасуы және пісуі. Жатынның қалақша аузына түскен тозаң 1-2 сағ. соң өне бастайды және орташа тәуліктік температура 20-26°С-да 1,0-1,5 тәуліктен кейін тозаңдану басталады. 2-3 тәулікте түйіннің (завязь) айтарлықтай өсуі байқалады.

1. Түзілуі – ұрықтанудан өсу нүктесі пайда болғанға дейінгі кезең. Ұрық әлсіз өскін бере алады, 1000 санының массасы 1,0 г, бұл кезеңнің ұзақтығы 7-9 тәулікке созылады.

2. Қалыптасуы – дәннің түзілуінен түпкілікті ұзындығы белгіленге дейінгі кезең, ұрықтың оқшаулануы (дифференциясы) аяқталады.

Дәннің түсі жасыл, крахмал дәндері көріне бастайды, құрғақ заттар мөлшері әлі төмен, су көп мөлшерде, 1000 дәннің массасы 8-12 г. Кезеңнің ұзақтығы – 5-8 тәулік.

3. Толысуы – эндоспермде крахмал жинақтала бастағаннан бұл үрдістің тоқтағанына дейінгі кезең. Бұл кезеңде дәннің ені мен қалыңдығы ең жоғарғы (максимум) шегіне дейін ұлғаяды, эндоспермнің ткандері толық қалыптасып болады, дәннің ылғалдылығы 38-40%-ға дейін төмендейді және кезең ұзақтығы 20-25 тәулікке созылады.

4. Пісуі – пластикалық заттардың дәнге жинақталуының тоқтауынан басталады. Бұл кезеңде полимеризация және кебу үрдістері басым.

Ылғалдылығы 18-12тіпті 8%-ға дейін төмендейді, бейтарап (еркін) судың мөлшері күрт төмендейді, тіпті жоғалып кетеді. Дән піседі және техникалық мақсатқа пайдалануға жарамды, алайда тұқымның дамуы әлі аяқталмайды.

5. Егін жинағаннан кейінгі пісіп-жетілуі – дәнде (тұқымда) әртүрлі қосылыстардың күрделі биохимиялық өзгерулері жүреді. Жоғары молекулалы ақуыздық (белокті) қосылыстардың синтезі аяқталады, еркін май қышқылдары майларға айналады, көмірсуларының молекулалары іріленеді, өну ингибиторлары басқа заттарға айналады, ферменттердің қызметі төмендейді, тұқымдық қабықтардың ауа, -суөткізгіштігі артады. Дәннің тыныс алуы басылады (баяулайды).

Кезеңнің басында тұқымның өнгіштігі төмен, соңында қалыпты деңгейге жетеді. Кезеңнің ұзақтығы дақылдың ерекшеліктері мен сыртқы жағдайларға тәуелді: ол бірнеше тәуліктен бірнеше айға созылады.

6. Толық пісуі – толық өнгіштікке жеткен мезгілден басталады, басқаша айтқанда, тұқым барлық жағынан жаңа тіршілік циклін бастауға дайын. Коллоидтардың баяу тозуы байқалады және ол дәннің әлсіз тыныс алумен қарбалас жүреді. Мұндай күйде тұқым өнгенге дейін болады немесе ұзақ сақтаудың әсерінен өліп қалады.

Дәннің даму сатылары. 1. Сулы күй сатысы –эндосперм жасушаларының қалыптаса бастаған кезі. Дән сулы сұйықпен толтырылған, ылғалдылығы оның 80-75%, еркін судың мөлшері байланысқан судан бес-алты есе көп. Құрғақ заттар қалыпты мөлшердің 2—3% ғана құрайды, фазаның ұзақтығы 6 тәулік.

2. Сүттен пісудің алды – дәндегі сұйықтың реңі сүт түстес, өйткені эндоспермде крахмал жинақталады, қабығы жасылдау, ылғалдылығы 75-70%, еркін судың мөлшері байланысқан судан үш-төрт есе жоғары, құрғақ заттардың мөлшері 10% жетеді, фазаның ұзақтығы –6-7 тәулік.

3. Сүттенген күй сатысы – дән сүт тәрізді ақ сұйықтан тұрады, ылғалдылығы 50% дейін, еркін судың байланысқан суға қатнасы 1,5:1,0.

Құрғақ заттар толық піскендегі массасының 50% құрайды.

4. Қамырланған күй сатысы - эндосперм қамыр консистенциясына тән. Хлорофилл ыдыраған, тек қана дәл тілігінде сақталған ылғалдылығы 42%-ға дейін төмендейді. Еркін судың байланысқан суға қатнасы 1:1. 85-90%-ға дейін құрғақ заттар жинақталған (толық пісуден).

Фазаның ұзақтығы – 4-5 тәулік. Қамырланған күйдің соңында жекелеген жылдары Қазақстанның орманды-дала аймағында бидайды дестеге шаба бастайды.

5. Балауыздана пісу сатысы — эндосперм балауыз түрінде, серпімді, қабығы сары, дән тілігінде хлорофилл жоқ, дәннің ылғалдылығы 20%-ға дейін төмендейді. Дәннің көлемі фаза соңында ең жоғарғы (максимум) шегіне жетеді, құрғақ заттардың артуы тоқтайды, фазаның ұзақтығы – 3-6 тәулік.

6. Қатты пісу сатысы — тәжірибеде толық пісу деп атайды. Эндоспермі қатты, көлденең қимасында ұнды немесе шынылы, қабығы тығыз, терілі, түсі сортқа тән, ылғалдылығы 8-20%. Еркін судың мөлшері 1-8%, ал фазаның ұзақтығы – 3-5 тәулік. Әрбір кезең мен фазаның ұзақтығы дақыл түрлері мен сорттарының ерекшеліктерімен, сонымен қатар қоршаған орта жағдайларымен (негізінен ауаның температурасы мен) анықталады.

#### Әдебиеттер

1. Әрінов Қ.К., Шестакова Н.А. Солтүстік Қазақстанның өсімдік шаруашылығы (Оқу құралы). Астана, 2009, 172 бет.
2. Қ.К. Әрінов. Солтүстік Қазақстан бидайы. Астана, 1998.
3. Т.Саудабаев, А.Қадырғалиев, Л.Шалдыбаев. Жармалық дақылдар. Алматы, Қайнар, 1985.
4. Нургалиев А.Н., Сорокина Т.А., Аринов К.К., Исаков М.А. Вопросы семеноведения зерновых культур в Северном Казахстане (Учебное пособие). Целиноград, 1984, 78 с.

#### Резюме

*В статье рассматриваются фенологические наблюдения – важный вид учетов. Они совершенно необходимы не только в полевых, но и в вегетационных опытах. Регистрация фаз развития и роста растений позволяет выявить влияние изучаемых факторов и приемов выращивания на формирование урожая.*

#### Summary

*In article phenological observations – an important type of accounts are considered. They are absolutely necessary not only in field, but also in vegetative experiences. Registration of phases of development and growth of plants allows to reveal influence of the studied factors and methods of cultivation on formation of a harvest.*

ӘӨЖ 633/635(075).

**Г. Қ. Турабаева** - п.ғ.к., **Ф. Исаева**- магистр, **Г. Т. Бозшатаева** -б.ғ.к., доцент,  
**Г. С. Оспанова**- а.ш.ғ.к., доцент  
М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

### ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРАТЫН ТЫҢАЙТҚЫШТАР ТҮРЛЕРІ, ҚОСПАЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ

#### Түйін

Органикалық тыңайтқыштардың әр түрінде коректік заттар мөлшері түрліше болады, ол негізінен бұл тыңайтқыштар қандай дақылдар қалдығынан жасалғанына және қалай сақталғанына байланысты болатындығы көрсетілген. Негізгі дәнді дақылдарға дәнді астықтар, дәнді бұршақ сұлы көрсетілген.

**Кілттік сөздер:** Органикалық тыңайтқыштар, көң, қарашірінді, астық тұқымдас дақылдар.

Органикалық тыңайтқыш – тыңайтқыштардың негізгі тобының бірі. Әр түрлі дақылдардың өнімділігін арттыруда органикалық тыңайтқыштарды пайдаланудың маңызы зор. Тыңайтқышың бұл тобының құрамындағы қоректік заттар көбінесе органикалық қосылыстар түрінде болады. Олардың құрамында өсімдіктерге қажетті бірнеше қоректік заттар болғандықтан күрделі немесе кешенді тыңайтқыштар қатарына да жатады. Ал органикалық қосындылардың өздері өсімдік тектес немесе жануар тектес болып келеді. Органикалық тыңайтқыштарға жататындар: көң, ки садырасы, құс саңғырығы, қорда, шымтезек және жасыл тыңайтқыштар, ағын су, тұнба лайы, тері илеу және тамақ кәсіпорындарының қалдығы. Органикалық тыңайтқыштар ішінде әсіресе, маңыздылары – көң, ки садырасы, құс саңғырығы. Органикалық тыңайтқыштарды дұрыс және ұзақ пайдаланудан топырақтың қарашірігі едәуір көбейеді.

Сонымен қатар дұрыс қолданғанда олар топырақ құнарлығына біршама жақсы әсер етеді. Топырақтың, судың, ауаның микробиологиялық режимдері жақсарады, қоректік заттар көбейеді. Міне, осылардың барлығы қосыла келе кешенді әсер етіп, ол берілген жерге егілген дақылдардың өнімін көбейтеді.

Органикалық тыңайтқыштар топырақтың физико-химиялық қасиеттерін жақсартады, қышқыл топырақтардың қышқылдығын азайтады, көмірқышқыл газын көбейтеді. Органикалық тыңайтқыштардың өсімдіктердің ауамен қоректенуін жақсартуы олардың көмірқышқыл газын көп бөлуі себепті болады. Өсімдіктердің өсуі кезінде атмосферада және топырақтың жоғарғы қабатында көп мөлшерде көмірқышқыл газы болғаны дұрыс [1].

Көң - өте ерте заманнан егіншілікке қолданылып келе жатқан күрделі органикалық тыңайтқыштың бірі. Көңнің шала шіріген, әбден шіріген деп аталатын да түрлері бар, осыған қарай олардың құрамдары әр түрлі болады. Көңнің құрамындағы қоректік зат мөлшері олардың қалай дайындалуына және сақталуына байланысты болады. Әдетте шала шіріген аралас көңнің құрамында 0,5% азот, 0,25% фосфор және 0,6% калий болады.

Ғылыми мекемелердің есептеулеріне қарағанда 10 т. көңмен топыраққа 50 кг азот, 25 кг фосфор, 60 кг калий, 60 г марганец, 10 г бор, 12 г молибден және 6 г кобальт берілетіні белгілі болып отыр.

Көңнің негізгі құрамы малдың қиы мен зәрінен және малға төсеніш ретінде қолданылған заттардан тұрады. Өсімдікке қорек боатын заттар тұрғысынан қарастырсақ, көңнің құрамында минералдық қоректің барлық элементтері болады. Көңнің құрамы малдың түріне, жемшөптің сапасына, малға төсеніш болатын заттардың ерекшелігіне байланысты болатыны сөзсіз.

Көңнің құрамына кіретін мал астына төселген шөп, сабан органикалық тыңайтқыш мөлшеріне, оның сапасына, қораның ішкі микроклиматына үлкен әсер етеді. Ол төсеніштер көңнің физико-химиялық қасиеттерін өзгертіп, ондағы биологиялық процесстерді күшейтеді, оның сапасын жақсартады және азот шығынын азайтады. Қораға сабан, ағаш үгінділері, шымтезек және тағы сол сияқты заттар төселінеді. Бұлардың ішінде әсіресе бағалысы – астық тұқымдас өсімдіктердің сабаны. Олардың құрамында ылғал, азот, фосфор, калий, әк және т.б. заттар болады.

Көңге қойылатын негізгі талап – оны дұрыс дайындау және сақтау.

Көнді дайындау төсеніш заттары мол, механизм күштері де мол шаруашылықтарда жүргізіледі. Оны дайындау үшін мал тұратын қораға 25-30см шамасында төсеніш заттар салады, ол былғанған соң оның үстіне және салады, сөйтіп көң әбден көбейгенше ұстайды да, жылына 1-2 рет тазалайды. Мұндай жағдайда ол біршама тығыз дайындалатындықтан азот пен органикалық заттарға едәуір бай келеді.

Көнді сақтаудың екі түрлі әдісі бар. Олар көң сақтаудың аэробты (көңнің арасында ауа еніп тұратын) және анаэробты (арасына ауа енбей тұратын) әдісі деп аталады.

Көң садырасы – құрамында 0,2% азот, 0,6% калий бар. Бұл көң дайындаудан бөлінетін сұйық қалдық болып табылады. Неғұрлым көң бос сақталса, соғұрлым көң садырасы көп бөлінеді және керісінше. Мысалы, ғылыми мекемелердің зерттеуі бойынша тығыз сақталған көңнің 10 тоннасынан 4 ай ішінде 170 литр көң садырасы бөлінсе, бос сақталғаннан – 1000 литр бөлінетіні анықталды. Неғұрлым сақталған көңнің құрамында төсеніш заттар аз болса, соғұрлым садыра көп жиналады [2].

Қарашірінді – пайда болу тегінің, кейбір жалпы қасиеттері мен құрыламының, құрылысының ұқсастығына байланысты топтастырылған, бірақ әрқайсысының қасиеттері мен құрамының, құрылысының өзгешелігі бар жоғары молекулалы азотты органикалық заттардың қосылысы. Қарашіріндінің құрамына кіретін заттарды екі топқа ажыратады. Бірінші топқа ерекше емес органикалық қосылыстар (аминокышқылдар, ақуыз, органикалық негіздер мен қышқылдар, сахароза) жатады. Олардың мөлшері қарашірінді құрамында аз – бірнеше % ғана. Ал оның екінші, негізгі бөлігін ерекше қарашірінді қосылыстары құрайды.

Қарашірінді қосылыстары ерігіштігіне ажыратып, бөлініп алуына қарай келесі топтарға бөлінеді: фульвоқышқылдар, гумин қышқылдары және гуминдер.

Фульвоқышқылдар – жылжымалы, ерігіш қасиеттері жақсы, гумин қышқылдарымен салыстырғанда молекулалық массасы және құрамында көміртегі азырақ болатын қарашірінді құрамындағы заттар тобы. Қышқылдық қасиеті айқын сақталған. Күлгін, сұр және қызыл топырақтар құрамында мол болады [3].

Гумин қышқылдары – суда аз еритін минералды және органикалық қышқылдарда ерімейтін заттар тобы. Молекулалық массасы жоғары, құрамында көміртегі молырақ, қышқылдық қасиеттері аса байқалмайды. Сілтілерде ериді. Гумин қышқылдары қара, қоңыр топырақ типтерінің қарашіріндісінде мол болады.

Гумин – ерімейтін, топырақтағы қосылыстардан бөлініп алынбайтын қарашірінді құрамындағы заттар тобы. Олар топырақтың минералды бөлігімен тығыз байланысқан гумин және фульвоқышқылдарынан, өсімдік қалдықтарының баяу ыдырайтын қосылыстарынан тұрады.

Топырақтағы және биосферадағы органикалық заттардың алғашқы көзі автотрофты ағзалар. Олар минералды қосылыстардан өздері органикалық зат түзіп синтездейді. Жер бетіндегі экосистемаларда алғашқы органикалық заттардың басым көлемі жасыл өсімдіктер арқылы шоғырланады. Сонымен бірге микроағзалар, жәнәдіктер, жануарлардың қалдықтары да топырақтың органикалық бөлігінің түзілуіне қатысады. Жылына әр гектар топыраққа 100-200 кг жәнәдіктер мен жануарлар қалдықтары түседі [4].

Топыраққа түскен органикалық қалдықтар түрлі биохимиялық, физико-химиялық өзгерістерге ұшырайды. Оның басым бөлігі минералды заттар – көмірқышқыл газы, су және қарапайым тұздарға, ал біраз бөлігі күрделі өзгерістерден өтіп қарашіріндіге айналады.

Қарашірінді құралу құбылысының ұзақтығы, сипаты топыраққа түсетін өсімдік қалдықтарының құрамына, мөлшеріне, ылғалдылыққа, ауамен қамтамасыз етілуіне, ортаның реакциясына, микробиологиялық ерекшеліктерге, топырақтың химиялық, минералды, механикалық құрамына байланысты болып келеді.

Ауыл шаруашылығының өркендеуі ең алдымен астық шаруашылығының дамуына байланысты. Ауыл шаруашылығы көптеген дәнді дақылдарды өндіреді. Олар негізгі пайдаланылуына қарай ірі екі топқа бөлінеді: азық-түлік және жемшөп дақылдары. Азық-түлік дақылдарының кейбірін жемшөп және тамақ ретінде пайдаланылады (жүгері, арпа, сұлы жармасы).

Негізгі астық тұқымдас дақылдар бидай, қара бидай, арпа, сұлы, жүгері, тары және күріш. Тары, күріш және қарақұмық пайдалану түріне қарай жармалық дақыл болып есептеледі. Дәнді дақылдар – адам үшін негізінен нан, өнеркәсіптің көптеген саласына шикізат, мал үшін жем. Адам тамағы үшін кең тараған бидай мен күріш.

Жер шарындағы халықтың 70-ке жуығы бидайды, қалғаны – күрішті азық-түлік ретінде пайдаланады. Бұл дақылдарда белок мен көмірсулар көп. Сондай-ақ онда ферменттер, В тобындағы витаминдер, А провитамині бар. Астықтан нан пісіреді, макарон, кондитер өнімдерін, тағамдық құнарлы азықтар әзірленеді, сыра дайындауға, спирт, крахмал алуға және т.б. пайдаланады. Астық – мемлекеттердің негізгі азық-түлік қоры және шетке шығаратын өнімі. Оның мал азығы үшін де маңызы зор [1].

Негізгі дәнді дақылдарға дәнді астық, дәнді бұршақ және қарақұмық жатады. Дәнді дақылдарды екі топқа бөледі: бірінші астық тобы немесе қарапайым астық – бидай, қара бидай, арпа, сұлы және екінші астық тобы немесе тары тұқымдас астық – жүгері, тары, күріш, қонақ тары, құмай. Бірінші топтың дәнінде ұзыннан созылатын ойпаң сызық, өніп келе жатқан көптеген тамыршалар болады. Гүл шоғыры масақ немесе шашақ басты (сұлы) болады. Бұл дақылдар тары секілді дақылдарға қарағанда ұзақ күндік, суыққа төзімді және ылғал сүйгіш болады.

Екінші топқа дәнінде ойпаң сызық болмайды, тек бір тамыршамен өнеді. Гүл шоғыры шашақ басты және собық басты (жүгері) болады. Бұлар бірінші топ дақылдарына қарағанда жаздық, қысқа күнді, жылу сүйгіш және құрғақшылыққа төзімді болады (күріштен басқасы).

Аралық арпаның масақ білігі кертпелерінде бірден үшке дейін дамыған дәндер болады (бірінде бір дән, екіншісінде - екеу, ал үшінші кертпеде үш дән қалыптасуы мүмкін).

Ерте пісетіні күздік арпа, қара бидай және бидай. Ерте пісетін жаздық дақылдар – бидай, қара бидай, арпа, сұлы сорттары. Кеш пісетін жаздық дақылдар – тары, жүгері, құмай (сорго), күріш. Бұлар суыққа төзімсіз, тұқымы көктеу үшін жылылық керек.

Дәнді дақылдары: күздік және ерте, әрі кеш пісетін жаздық дақылдар болып бөлінеді. Күздік дақылдар – бидай, қара бидай, арпа1-кестеде.

Кесте 1- Дәнді астық дақылдарының малазықтық құндылығы (М.Ф. Томмэ бойынша)

Дақыл	Малазық- тық өлшем, а.ө.	Күл, %	Қорытылатын протеин	Кальций	Фосфор	Каротин, мг/кг
			г/кг			
Астығында:	1,21	3,0	81	1,2	3,3	1
арпа						
сұлы	1,0	3,3	85	1,4	3,3	0
бидай	1,20	3,0	117	0,6	4,2	1
қара бидай	1,18	1,8	102	0,8	3,4	2
Сабанында	0,33	7,2	13	3,7	1,2	4
арпа						
сұлы	0,31	6,0	17	4,3	1,0	4
тары	0,41	6,6	23	6,4	0,9	10

Сондықтан оларды ерте пісетін жаздық дақылдардан кешірек себеді. Әлемде аталмыш дақылдардың ішінде бидай (күздік және жаздық) бағалы азық-түлік дақыл ретінде ең жоғарғы орын алады. Бидай наны

ерекше дәмділігімен, жоғары сапасымен, жақсы сіңірілуімен ерекшеленеді. Бидайдың кебегі (дән жармасы) малға жоғары сапалы құнарлы жем. Сабан мен топанды малға азық, әрі төсеніш ретінде пайдаланады.

Сұлы. Халықшаруашылығындағы маңызы. Сұлы - біржылдық азық- түліктік және малазықтық өсімдік, оның дәнінде 12-13 % ақсыл (белок) 40-45% крахмал, 4-6 % май болады. Оның ақсылының құрамында адамға және жануарларға қажетті айырбасқа жатпайтын барлық амин қышқылдары бар; құрамындағы май жоғары сіңімділігімен ерекшеленеді. В<sub>1</sub> (тиамин) дәрумені сұлыда бидай мен арпаға қарағанда анағұрлым жоғары. Сондықтан сұлы және оның өңдеу өнімдері диетикалық, балалардың қоректенуінде қолданылады [2].

Сұлы үшін *топырақ өңдеудің* негізгі мақсаты - оның өсуіне және дамуына қолайлы жағдайлар жасау, топырақта оңтайлы ауа - ылғал және қоректік заттар ережесін қамтамасыз ету, жалпы алғанда сұлыға топырақ өңдеу жүйесі арпаға ұқсас.

Дәнді астық дақылдарының негізгі бөлігі азотсыз заттардан тұрады, ал оның өзінің 2/3-і крахмалдан және аздаған ерігіш қанттан тұрады.

Клетканың эндопермасы суда ерімейтін дән күйіндегі крахмалдан тұрады, ал суда еритін көмірсу ұрықта орналасады. Оңтүстік және оңтүстік-шығыста континенталдық климатта өсірілген қатты бидайдың дәнінде белоктың үлесі 24%-ке жетеді. Дәннің ішіндегі белоктың бағалылығы оның құрамындағы суда ерімейтін глютеиндерге және глиадиндерге немесе жалпы атпен аталатын клейковинаға байланысты.

Жеміс - әдетте дән деп аталатын, біртұқымды ұрықтас дәншік. Кейбір дәнді дақылдардың егінін бастырғаннан кейін дәні гүл қабықшасымен (қауызбен) жабылған күйінде қалады. Мұндай дәнді қауыздеп атайды. Бұған жататын дақылдар тары, күріш және сұлының, арпаның және құмайдың егіліп жүрген көптеген сорттары. Бидай және қара бидай болса, жалаңаш тұқымды топқа жатады. Бұларды (астық) бастырғанда гүл қабықшасы дәннен жеңіл бөлініп топанға кетеді. Жалаңаш бұқымды дақылдар тобына жүгері де жатады.

Сұлының химиялық құрамында әртүрлі қоректік заттардың мол болуына байланысты оны көптеген жануарларға мал азығы ретінде өсіреді (Кесте -2)

Кесте 2- Сұлының мал азықтық құндылығы және химиялық құрамы

Өнім түрі	Мөлшері, %						Азықтық өлшем	1 а.ө. қорытылатын протеин, г
	су	күл	белок	АЭЗ	май	клетчатка		
Астығы	13,0	3,2	10,2	61,0	5,4	8,3	1,0	85
Сабаны	15,0	5,8	4,0	39,0	1,9	34,3	0,31	45
Мекені	11,7	10,2	8,0	41,4	2,7	36,0	0,46	152
Жасыл Балау сасы	74,8	2,3	3,8	11,6	0,9	7,1	0,15	112

Адамға керекті аминқышқылды лизин қара бидайдың дәнінде 3,9-4,2%, ал бидайда 2,6-3% болады. Ал май болса, жүгері мен сұлының дәнінде көп болады. Бидайдың ұрығында май 14%, сұлыда 25,7%, жүгеріде 40% дейін болады.

Гүл табағы дәнді дақылдардың тұқымының негізгі дән жарнағы, сондықтан оларды дара жарнақты өсімдік деп атайды. Тұқымның өсу кезінде гүл табағы қоректік заттың эндоспермадан ұрықтың өсу бөлігіне ауысуына көмек береді 3-кестеде.

Кесте 3- Негізгі дәнді дақылдардың дәнінің химиялық құрылысы(жалпы дән салмағына)

Дақылдар	Су	Шикі белок	Азотсыз экстракты заттар	Клетка	Шикі май	Күл
Бидай	13,6	16,8	63,8	2,0	2,0	1,8
Қара бидай	13,5	12,2	69,1	2,0	1,6	1,6
Жүгері	12,5	10,6	69,2	2,0	4,3	1,4
Сұлы	14,0	11,4	55,2	11,4	4,5	3,5
Арпа	13,0	12,0	65,6	5,5	2,1	2,8
Тары	13,0	11,3	59,4	8,9	3,8	3,6



Сұлыны мал азығына басымырақ пайдаланады: оның бір кило астығы малазықтық құндылық эквиваленті және бір азықтық өлшем ретінде қабылданған. Бұл барлық жануарлар түрлеріне, оның ішінде жас төлдерге, өте жақсы мал азығы болып табылады. Сұлыны сиыржоңышқа, егістік асбұршақпен араластырып өсіру кең тараған. Оны ноғатық және бұршақ тұқымдас дақылдар қоспасымен пішенге өсіреді. Сұлының таралу ауқымы бидай мен арпаға қарағанда шектеулі 1-суретте.



1,2 - г; б - гүлденушашақ және егін көгі кезеңдеріндегі өсімдіктердің жалпы көрінісі; а - сіпсебас (шашақ); б - дән; в - әртүрлі сұлы түрлері мен түршелерінің масақшасы; 3 - егістік қабықты сұлы; 4 - дәнді егістік сұлы; 5 - кәдімгі қара сұлы (овсюг); 6 - құмдық сұлы; 7 - византиялық сұлы; 8 - оңтүстік қара сұлысы.

Сурет 1. Сұлы

**Тыңайтқыштар.** Сұлы органикалық және минералды, әсіресе азотты тыңайтқыштарды жақсы қажетсінеді, сонымен қатар ол органикалық және минералдық тыңайтқыштардың соңғы әсерін жақсы пайдаланады. Алайда олар алғы дақылдарда жетімсіз болса, онда себумен бірге  $P_2O_5$  берген жөн (15-20 кг/га ә.е.з. мөлшерінде).

Тыңайтқыштардың жетімсіздігінен Оңтүстік Қазақстан аймағында сұлы үшін тыңайтқыш енгізілмейді, ол әдетте сүрі танабына бидайға енгізілген тыңайтқыштардың соңғы әсерін пайдаланады. Егінді жинау және сақтау кезінде ауа райына байланысты астық дақылдарының тұқымында су 10-14% дейінгі мөлшерде болады. Дәнді астық дақылдары дәнінің күлінде барлық минералдық элементтер болады. Әсіресе, онда ең көбі – фосфор мен калий.

Дәнді дақылдардың дәні негізгі үш бөлшектен: ұрық, эндосперма және жемістік және тұқымдық қабықтан тұрады. Дәннің көпшілік бөлігі эндоспермадан тұрады және олар керекті корек затты ұрықтың өнуі үшін клеткада жинайды. Ұрық дәннің төменгі жағына орналасып, ұрық қабыршағынан, сабақтан тұрып, бүршікпен және гүл табағымен аяқталады.

#### Әдебиеттер

1. Можаев Н.И., Әрінов Қ.К., Нұрғалиев А.Н., Можаев А.Н. Өсімдік шаруашылығы (оқулық), Ақмола, 1993, 358 бет.
2. Әрінов Қ.К., Можаев Н.И., Шестакова Н.А., Ысқақов М.Ә., Серікпаев Н.А. Өсімдік шаруашылығы практикумы (оқу құралы) Астана, 2004, 280 бет.
3. Нурғалиев А.Н., Сорокина Т.А., Аринов К.К., Исақов М.А. Вопросы семеноведения зерновых культур в Северном Казахстане (Учебное пособие). Целиноград, 1984, 78 с.
4. Әрінов Қ.К., Цепенко А.А. Жаздық бидай сапасына агротехниканың әсері. Алматы, «Қайнар», 1978, 91 бет.

#### Резюме

В статье рассматриваются из полученных показателей видно, что урожайность с высоким качеством зерна больше у яровой пшеницы при внесении минеральных удобрений.

#### Summary

In article are considered from the received indicators it is visible that productivity with high quality of grain is more at spring-sown field in case of introduction of mineral fertilizers.

Г. Қ. Турабаева- п.ғ.к, Н.Ә.Тұрабай - магистр, Г. С. Оспанова- а.ш.ғ.к., доцент  
Г.Т. Бозшатаева -б.ғ.к., доцент.

М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

## ОҚО ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ҚОРЕКТЕНУІ МЕН ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ҚОЛДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТОПЫРАҚТЫҢ АГРОХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

### Түйін

Топырақ құнарлылығының жоғарылау және сақталуы міндетті түрде органикалық тыңайтқыштарды енгізбес бұрын, өсімдіктердің топырақтан және енгізілген көңнен қоректік заттардың қанша мөлшерін пайдалана алатынын ескеру қажет, өнім деңгейін алу үшін қоректік заттардың жеткіліксіз мөлшерін минералды тыңайтқыштарды енгізу арқылы қамтамасыз етуге болатынғы көрсетілген.

**Кілттік сөздер:** Топырақ, минералды тыңайтқыштар, микроэлементтер, дәнді дақылдар.

Минералды құрамы. Топырақтың басым көпшілігінің қатты бөлігінің негізін минералды бөлшектер құрайды. Олардың мөлшері топырақтың қарашірінді қабатының қатты бөлігінің салмағының 90-95% алады.

Топырақ минералдары пайда болуына және көлеміне байланысты екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа алғашқы минералдар жатады. Олар магмалық, метаморфты және шөгінді тау жыныстарының үгіліп майда бөлшектерге айналуынан пайда болған. Ал екінші топқа туынды минералдар жатады. Олар - алғашқы минералдардың әр түрлі бұзылу және топырақ түзілу процестерінің әсерінен өзгеріп туындаған минералдар.

Алғашқы минералдардың бөлшектерінің көлемі 0,001 мм-ден үлкен, ол туынды минералдарға қарағанда басым болады. Топырақ құрамына кіретін алғашқы минералдарға кварц, дала шпаты, амфиболдар, пироксендер және слюдалар жатады. Олардың бұзылу процестеріне төзімділігі әр түрлі болғандықтан топырақ құрамындағы мөлшері де бірдей емес. Бұзылу процестеріне төзімді кварцтың мөлшері 40-60%, ал дала шпатының мөлшері 20% болады. Олар мөлшері ірі және құм, шаң бөлшектер құрамына кіреді. Ал амфиболдар, пироксендер және слюдалар бұзылу процестеріне төзімсіз, сондықтан олардың мөлшері топырақта аз болады және майда бөлшектер құрамында кездеседі.

Топырақ құрамындағы алғашқы минералдардың мөлшері оның агрохимиялық қасиеттеріне ықпалын тигізеді және қоректік заттардың, туынды минералдардың көзі ретінде маңызы бар.

Топырақ құрамына енетін туынды минералдарға қарапайым тұздар, тотық және гидрототық минералдар мен балшықты минералдар жатады. Қарапайым тұз минералдар алғашқы минералдардың бұзылуы және топырақ түзілуі процесінің әсерінен пайда болған кальцит, магнезит, доломит, гипс, мирабилит, галит фосфоттар, нитраттар жатады. Балшықты минералдар бастапқы минералдардың бұзылуынан пайда болған қарапайым өнімдерден синтезделініп пайда болады. Сонымен бірге өсімдік қалдықтарының минералданып ыдырауы арқылы биогендік жолмен де пайда болады. Көп тараған балшықты минералдарға монтмориллонит, каолинит, гидрослюдалар, хлорит, аралас қатпарланған минералдар топтарының өкілдері жатады. Олардың құрылымы қатпарлы кристалды, бөлшектері өте майда болып үгілген, жақсы сіңіру қабілеті және құрамында байланысқан ылғал бар [1].

Топырақтағы туынды минералдардың ішінде көп тарағаны балшықты минералдар. Олардың ең басты маңызы, топырақтың сіңіру қабілетін арттырып, оның құрамындағы қоректік заттардың мол болуына ықпал жасайды. Топырақтың минералдық құрамы осы топырақ түзілген аналық тау жынысының құрамымен тығыз байланысты болады және ол топырақ түзілуі кезінде әр түрлі өзгерістерге ұшырайды. Топырақтың минералдық құрамы оның көптеген басты қасиеттеріне, соның ішінде құнарлығына, ылғалдылық, физикалық, сіңіру қасиеттеріне үлкен әсерін тигізеді.

Арашіріндінің түзілуі. Топырақ құрамындағы органикалық заттардың басым бөлігі ерекше органикалық қосылыс – қарашірінді болып келеді. Орташа есеппен оның мөлшері барлық органикалық заттардың 85% құрайды. Ал органикалық заттар құрамына кіретін әлі толық ыдырамаған, көзге көрінетін өсімдіктер мен жәндіктердің қалдықтары оның 10% құраса, тірі ағзалар шамамен 5% құрайды.

Көң садырасы азот пен калий өсімдіктерге өте сіңімді болады. Көң садырасын молырақ жинау үшін мал қорсына жақын жерден садыра жинайтын орын жасап, жүретін арнайы жол жасалынады. Оның мол, әрі тиімді болуы үшін біраз садыра сұйығы жиналған соң, оның үстіне түрлі құрғақ төсеніш заттар салады. Азғана мөлшерде суперфосфат қосады. Сөйтіп, бір сұйық, бір құрғақ заттармен аралас дайындайды. Азот заттары ұшып кетпес үшін оның үстін машинада пайдаланылған маймен жағып қою қажет. Осылайша дайындалған және сақталған көң садырасы көңнен еш кем түспейді, қоректік заттары тез сіңімді болғандықтан, оны дақылдар өсіп тұрғанда үстеп қоректендіруге пайдалануға әбден болады.

Азоттың тыңайтқыштары, түрлері, қолданылуы қоршаған ортаны, табиғатты игеруде көп тәжірибелер жинақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырды. Қазіргі кездегі ауыл шаруашылығы өндірісінің оның ішінде егіншіліктің даму деңгейіне адам баласы 12 мың жыл бойы жан жақты шұғылдану арқасында жетіп отыр. 1980

жылы жер жүзінде ауыл шаруашылығы өндірісінде 107млн т минералды тыңайтқыштар пайдаланып, әр гектар егістікке 7,1кг тыңайтқыш енгізіліпті. Бүкіл тыңайтқыштардың шығу тегі, қолданылуы құрамы, алу тәсілі жағынан әр түрлі түрлерге бөлінеді. Олар шығу тегі жағынан минералды, органикалық, органикалық-минералдық және бактериалдық болып келеді.

Минералды тыңайтқыштар шығу тегі жағынан аорганикалық заттарды табиғи минералдардан ауадағы азоттан немесе кейбір химиялық заводтардың қосымша өнімдері ретінде алынады. Ал түрлі жағынан азотты, фосфорлы калийлі, кейбір микротыңайтқыштарға (бор, марганец, молибден, мырыш, мыс, кобальт т.б) бөлінеді. Шығу тегі, өсімдіктер мен жануарлардың органикалық қалдықтары, көң, фекалий, шымтезек, қаланың қоқыстары т.б. Құрамында органикалық минералды заттардың өзара химиялық және адсорбты байланысты болатын қосылыстар органикалық-минералды тыңайтқыштарға жатады. Олар органикалық заттарды (шымтезек, көмір, топырақ шірінділері, қоқыс, сланец т.б) минералды қосылыстар мен азоттың, фосфаттың және калийдің тұздарымен, немесе ерітінділерімен өндегенде алынады.

Бактериалды тыңайтқыштарға кейбір препарат құрамындағы бактериялар, бұршақ тұқымдас дақылдардың тамыр түйнектері, топырақтағы азот жинақтайтын (фиксациялайтын) түзілуі, топырақтың органикалық бөлігінің минералдануына жататын нитригин жатады. Минералды тыңайтқыштар құрамында бір немесе бірнеше қоректік заттар болғандықтан жай және комплексі болып бөлінеді. Жай тыңайтқыштар құрамында бір ғана қоректік заттар болып, бір жақты әсер етеді. Ал комплексі тыңайтқыштар құрамында 2-3 немесе одан да көп қоректік элементтер, немесе микроэлементтер болады. Ал комплексі тыңайтқыштар өндіру тәсіліне қарай араласқан, комбинациялы және күрделі болып келеді[2].

Олардың біріншісі әртүрлі жай, күрделі тыңайтқыштардың майдаланған және түйіршіктелген түрлерін механикалық жолмен араластыру арқылы дайындаса, комбинациялы тыңайтқыштар белгілі технологиялық жүйеде бастапқы заттардың химиялық реакцияларымен алынады. Ал күрделі тыңайтқыштар құрамында бір химиялық қосылыстардың аммофос-диаммофос, калий селитрасы қатарына жатады, бұл әдетте 2 немесе бірнеше элементтер болады. Тыңайтқыштардың сапасы, олардың құрамындағы қоректік заттар, яғни оның ішінде азот жекелеген элемент түрінде қалғандары олардың тотықтары күйінде өрнектеледі. Әр түрлі топырақтарда қолданылған тыңайтқыштар топырақтағы жылжымалы қоректік заттардың мөлшерін ғана көбейтпейді, сонымен бірге топырақтың қасиеттеріне, құнарлығына әсер етіп, оның қышқылдығын өзгертеді. Азот-жер бетіндегі ең көп тараған элемент. Ол табиғатта бос күйінде және қосылыстар түрінде де кездеседі.

Ауа құрамының 78 проценті осы газ болса, жер қыртысында 0,04 процент қосылысқан азот кездеседі, өсімдіктер мен жануарлардың организміндегі азот органикалық қосылыстардан тұрады. Тірі организм азотсыз өмір сүре алмайды, өсімдіктер, жан-жануарлардың денесін құрайтын клеткалар, оның құрамдас бөлігі протоплазма белок заттарынан, немесе құрамында азоты бар заттардан тұрады. Демек, белоксыз тіршілік жоқ, ал азотсыз белок жоқ. Бактериялар арқылы азоттың қосылысқа түсуі өте баяу, қалыпты жағдайда жүзеге асады.

Бактериялар азотты ауадан сіңіріп, өсімдіктерге қажетті тұздарға айналдырады. Өсімдік топырақтағы азот тұздарын судың көмегі арқылы, басқада тұздармен бірге сіңіреді. Құрамында азоты бар органикалық заттар өсімдіктен жануарларға, одан соң адам ішіру, ыдырау процестерінің нәтижесінде топыраққа қайта оралады. Бірақ өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтарындағы барлық азот пайдаланбайды.

Оның едәуір бөлігі атмосфераға оралады. Азоттың табиғаты осылай бір күйден екінші күйге үздіксіз өтіп отырады. Ол жай ғана күрделі белоктардың, өсімдік клеткасының цитоплазмаларының және нуклеин қышқылдары құрамына кіріп организмдердегі заттардың алмасуында басты рөл атқарады. Сонымен бірге хлорофилл, фосфатидтер, алколлидтар, ферменттер т.б органикалық заттардың құрамында болады.

Азотты тыңайтқыштарды жеткілікті нормада қолданғанда организмдердің тіршілігі біраз уақыт ұзарып, қуатты сабақтары мен жапырақтары жақсы дамиды, әр жақсы түптенеді. Мұның өзі өнімнің жоғарлауына, белоктың кобеюіне жақсы әсер етеді. Азоттың топырақтағы кездесетін негізгі түрлері – органикалық қосылыстар 94-95 процент, аммоний қосылыстарының формалары түрінде және алмаспай жинақталған сазды минералдардың 3-5 процент құрамында болады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын бір жерге еге беру азоттың жалпы қоры мен топырақтың құнарлығын кемітіп жібереді. Табиғи жағдайларда топырақтағы азот қорын көбейтудің жолын атмосферадағы азоттың пайдалануынан да іздестірген жөн. Әр гектар жердің үстінде 80 мың тонна азоттың болатыны анықталады. Осы молекулары азот бос күйінде болғандықтан өсімдіктер ішінде оны бұршақты дақылдардан басқасы пайдалана алмайды. Табиғи жағдайларда топырақтағы азот қоры екі түрлі жолмен толықтырылады. Өзара байланысатын азоттың кейбір түрлері (аммиак, нитрат) найзағай ойнағанда, оның үстіне жауған жауын-шашынмен бірге әр гектар жерге 3-5кг келіп түседі. Ауыл шаруашылығы дақылдарына қолданылатын тыңайтқыштардың тиімділігі белгілі нормаларда, қатынаста болуы қажет. Осыған орай азотты тыңайтқыштардың артық қолданылуы дақылдардың жатып қалуын көбейтіп, пісуін кешіктіреді, өнім құрамында нитраттарды нормадан тыс асырып су қоймалары мен жер асты суларын ластайды.

Дәнді-дақылдардың өнімін жоғарлатуда азотты үстеп қоректендірудің маңызы зор. Ауыл шаруашылығы дақылдарына қолданатын азотты тыңайтқыштардың тиімділігі негізінен екі факторға – азоттың топырақтағы жылжымалы формалары мен ылғал қорына байланысты болады.

Қазақстанның қара топырақтарының құрамында 0,6 процент жалпы азот, 200-300мл –ға жылжымалы түрлері болса, сұр топырақта 0,05 процент жалпы азот және олардың жылжымалы түрлері 15-20мг-ға болады. Осыған байланысты азотты тыңайтқыштардың қолданатын нормалары қара топырақтан күңгірт қара, қоңыр,

сұр топырақтарға қарай өсіп отырады.

Фосфорлы тыңайтқыштар. Өсімдіктер тіршілігіндегі фосфордың ролі. Фосфордың тотыққан қосылыстары барлық тірі организмдер тіршілігінде маңызды роль атқарады. Бірде – бір тірі клетка фосфор қышқылының туындыларынсыз өмір сүре алмайды. Нуклеопротеиндердің, яғни ядро клеткасының бөлігінде фосфор қышқылы болады. Белокта нуклеин қышқылының қосылыстары бар. Олар басқа органикалық қосылыстар тәрізді жоғары полимерлі коллоидтік мінез көрсетеді. Бұл күрделі қышқылдар рибонуклеинді (РНҚ), дезоксирибонуклеинді (ДНҚ) болып келеді. Олар 4 негізгі компоненттерден (нуклеотидтерден) тұрады. Оның құрылымындағы заттар организмдердің тұқым қуалау қасиетін сақтайды және белоктардың, т.б. қосылыстардың түзілуіне үлкен ықпал етеді.

Нуклеин қышқылының құрамында фосфордың тотығы 20 пайызға дейін барады. Өсімдіктердің барлық органдарында әсіресе жас кезінде фосфор көп болады. Қанттың фосфорлы қосылыстары, немесе қант фосфаттары олардың дем алуына күрделі углеводтардың түзілуіне, және әр түрлі қосылыстарға айналуына үлкен ықпал етеді. Оның үстіне жекелеген углеводтарға қарағанда фосфорлы қосылыстар әр түрлі химиялық реакцияларға өте бейім келеді. Сол сияқты фосфордың органикалық қосылыстардың арасында аденозин үш фосфор қышқылы (АТФ) органикалық қосылыстардың түзілуіне қажетті энергияларды сақтап жинақтайды[3]. Калийлі тыңайтқыштардың топырақпен әрекеттесуі. Калийлі тыңайтқыштар суда жақсы ериді. Топыраққа енгізілген калийдің ионы топырақтың коллоидты бөлігімен физика-химиялық жолмен және алмаспайтын формаларда сіңіріледі. Калийдің алмаспай топырақта сіңірілуі калий енгізілгеннен кейін бір тәулікте өтеді. Барлық сіңірілу сыйымдылығын алмасып сіңірілетін калийдің үлес салмағы  $\frac{1}{4}$  болады. Топырақта өтетін калийдің физика-химиялық (алмасып) сіңірілу процесі реакция қатарына жатады. Мұнда сутек және Al иондарының пайда болуы топырақта қышқылды орта туғызады. Калий топырақта алмасып сіңірілгенде топырақтың сіңірілген комплексіндегі басқа катиондармен (сутек, алюминий, кальций, магний, марганец) алмасуы эквивалентті түрде өтеді. Мұның өзі топырақ реакциясының ортасына, өсімдіктердің қоректенуіне әр түрлі жағдайлар туғызады. Калийлі тыңайтқыштар өзінің әрекеті жағынан физиологиялық тыңайтқыштар болғандықтан өсімдіктер сулы ерітінділерде калийдің катионының Cl және SO  $\frac{2}{4}$  аниондарына қарағанда жақсы пайдаланып, топырақтың сіңірілген комплексінде иондармен әрекеттесіп топырақ ерітінділерінде қышқылды орта туғызады.

Алмасу реакциясының нәтижесінде тұз және күкірт қышқылдары түзіледі. Алмаспай сіңірілген (фиксациясы) калийдің әр түрлі топырақтардағы мөлшері жоғары болып келеді (80% дейін). Калийдің мұндай түрде сіңірілуі өсімдік үшін онша маңызды емес.

Калийдің катионы ылғалданып, бөртілген топырақ бөлшектерінің арасындағы кеңістікке кіргенде теріс зарядталған оттегі атомдары жан – жағынан тетраэдр қабаттарын түзеді. Мұндай жағдайларда калийдің жинақталуы жоғарлайды. Топырақтарды құрғату және ылғалдау жұмыстарының қайталануы фиксациялауды өсіріп отырады. Топырақтағы калий қосылыстардағы өзгерістерді мына схемада келтіруге болады. Кристалл торындағы калий – алмаспайтын калий ↔ алмаспайтын калий ↔ топырақ ерітінділеріндегі калий. Калий тыңайтқыштарды топырақ бетіне енгізуге болмайды.

Оларды сүдгерді жыртар алдында күзде жеткілікті мөлшерде және артық ылғалданған топырақтарға көктемде беріледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарына калийлі тыңайтқыштарды қолданудың ерекшеліктері. Ауыл шаруашылығы дақылдарына калийлі тыңайтқыштарды қолдану да топырақтың механикалық құрамы, жылжымалы түрлерінің мөлшерлері, дақылдардың биологиялық ерекшеліктері, әр гектардан алынатын жоспарланған өнім деңгейлері ескеріледі.

Олардың тиімділігі құрғақ, шалғынды күлгін, шымтезекті батпақты сары және қызыл топырақта сол сияқты суармалы және ертеден пайдаланып келе жатқан сұр топырақты жерлерде жоғары болады. Ал кара сұр, кара қоңыр топырақты жерлерде тиімділігі онша көп болмайды. Сортаң жерлердің топырақтарында, олардың тұздануын өсіретіндіктен көп қолданбайды.

Топырақтағы калийдің жылжымалы формаларын өсімдіктердің барлық түрлері пайдаланады. Сонымен бұл тыңайтқыштардың топырақтың төменгі горизонттарына миграциялануы (қозғалуы) құмдық топырақтарға қарағанда жорғары болмайды. Ал механикалық құрамы жағынан орташа және ауыр болып келетін топырақтарда қолданатын калийді тыңайтқыш олардың қышқылдық ортасын көп сілтілендірмейді[3].

Мұның өзі өсімдіктердің қоректенуіне қолайлы жағдай туғызады. Қара топырақтарда 12 кг/га, қызыл топырақта 40 кг/га болады. Сонымен калийлі тыңайтқыштарды қолдану, олардың аз қозғалуынан тиімділігі қолайлы қатынаста азотты, фосфорлы т.б. тыңайтқыштарды қолданғанда байқалады. Ал бір ғана калийлі тыңайтқыштарды қолдану құрғатылған шымтезекті, шымтезекті-батпақты топырақтарда барда қоректі элементтер жоғары болғанда жүргізеді. Құмдақ, шымтезекті-батпақты топырақтарда калийлі тыңайтқыштарды көктемгі жер жыртар алдында, ал суармалы жеңіл топырақтарда олардың аздаған бөлігін үстеп қоректендіру арқылы да беруге болады.

Көптеген дақылдар күнбағыс, темекі, көкөніс, қант қызылшасы мал азығындық тамыр жемістілер, сүрлемдік, жеміс жидекті дақылдар калийді жақсы пайдаланатындықтан бірінші кезекте калийлі тыңайтқыштар жоғарыдағы аталған дақылдарға беріледі. Дәнді дақылдар қант қызылшасы, мал азығындық тамыр жемістілерге т.б. құрамында хлоры бар тыңайтқыштардың ешқандай зияны байқалмайды.

Әрі олардың құрамында натрий болса олар шикізат есебінде, немесе хлорлы калийлі тыңайтқыштармен

